

"Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 12 маусымдағы № 498 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар (бұдан әрі – өзгерістер мен толықтырулар) бекітілсін.

2. Осы Жарлық 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 13-тармағының отыз үшінші, отыз төртінші, отыз бесінші және отыз алтыншы абзацтарын қоспағанда, 2026 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ.Тоқаев

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2026 жылғы
№ Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. "Әскери ант беру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 25 тамыздағы № 870 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Әскери ант қабылдау тәртібі туралы ережеде:

5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Белгіленген уақытта әскери бөлім Жауынгерлік ту мен оркестрдің жанында салтанатты сапта жаяу саппен, ал соғыс уақытында роталық (взводтық) колонналар желісінде қаруы бар далалық киім нысанында сапқа тұрғызылады, Әскери ант қабылдаушылар бірінші қатарларда (қатарларда) болады.

Бөлім командирінің командасы бойынша әскери қызметшілер сапының алдында әскери ант қабылдар алдында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы салтанатты түрде көтеріледі, Бөлім командирі қысқаша сөзінде Қазақстан Республикасы Конституциясының талаптарын, Отанына адалдықпен әскери ант қабылдаған әскери қызметшілерге жүктелетін құрметті міндеттегі әскери анттың мәнін еске салады.

Түсіндірме сөзден кейін бөлім командирі бөлімше командирлеріне әскери ант қабылдауға кірісуге өкім береді.

Рота (батарея) мен басқа да бөлімшелердің командирі өз бөлімшесінің ант қабылдайтын әскери қызметшілерін кезекпен саптан шақырады. Әскери ант қабылдайтын әрбір адам бөлімше сапының алдында әскери ант мәтінін дауыстап оқиды, содан кейін өз тегінің тұсындағы бағанға өз қолымен арнайы тізімге қол қояды және саптағы өз орнына тұрады.

Әскери ант қабылдайтын адамдардың тізім бланкілері Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі белгілеген үлгі бойынша алдын ала әзірленеді және олардың бірінші парағында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы мен әскери ант мәтіні болады.

Ант қабылдау аяқталғаннан кейін әскери ант қабылдағандардың тізімдерін бөлімшелердің командирлері әскери бөлімнің командиріне жеке қолдарымен тапсырады, Бөлім командирі жас жауынгерлерді әскери ант қабылдауымен құттықтайды. ал бүкіл бөлімді – жаңа толық құқықты толықтырумен құттықтайды, содан кейін оркестр Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын орындайды.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны орындалғаннан кейін әскери бөлім салтанатты маршпен өтеді, Әскери ант қабылдау рәсімі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын салтанатты түрде түсірумен аяқталады.

Төмен температурада және қолайсыз ауа райында әскери ант қабылдау үй-жайда жүргізілуі мүмкін. Бөлімшелер бөлім командирі сөз сөйлегеннен кейін үй-жайлар бойынша бөлінеді. Әскери ант қабылдау аяқталғаннан кейін бөлімшелер команда бойынша көрсетілген орында салтанатты шерумен өту үшін қайтадан сапқа тұрады.

Белгіленген күні әскери ант қабылдамаған әскери қызметшілер оны келесі күндері бөлім командирінің басшылығымен Жауынгерлік тудың жанындағы бөлім штабында жеке қабылдайды.

6. Әскери ант қабылдау жауынгерлік және еңбек даңқы орындарында, сондай-ақ Отанымыздың бостандығы мен Тәуелсіздігі үшін ұрыстарда қаза тапқан жауынгерлердің бауырластар зираттарында жүргізілуі мүмкін. Бұл жағдайларда әскери

ант қабылдайтын жерге әдетте тек ант қабылдайтын әскери қызметшілер шығарылады.
".

2. "Қазақстан Республикасы Президентінің байрағы және оның айырым белгілерінің ресми пайдаланылу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы № 2736 Жарлығында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасы Президентінің байрағы мен омырау белгісі мемлекеттің ең жоғары лауазымды адамының ресми айырым белгілері болып табылады деп белгіленсін.";

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Былай деп белгіленсін:

1) Қазақстан Республикасының Президенті байрағының эталоны орналасатын жер Қазақстан Республикасының астанасындағы Қазақстан Республикасы Президентінің Резиденциясындағы қызмет кабинеті болып табылады;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің байрағы Республика астанасындағы Мемлекет басшысы тұратын Резиденцияда, оларда Қазақстан Республикасы Президенті болған уақытта басқа резиденциялар үстінде, Республика Президентінің көлік құралдарында орнатылды;

3) Мемлекет басшысының қатысуымен өтетін салтанатты және өзге де рәсімдерде Мемлекеттік Ту немесе Қазақстан Республикасы Президентінің штандарты орнатылады
.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің омырау белгісі мемлекеттік мекемелер құрметіне, әскери парадтар, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың ресми адамдарын қабылдау, Қазақстан Республикасы Президентінің атынан өткізілетін ресми қабылдаулар, Құрылтай сессиясын ашу, мемлекеттік наградаларды тапсыру кезінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті салтанатты кеште немесе концертте құрметті қонақ болған не қатысқан, ресми телевизиялық сұхбат берген кезде, шетелдік сапарлар уақытында қабылдаушы тараптың хаттамасына сәйкес тағылуы мүмкін деп белгіленсін."

3. "Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 1 сәуірдегі № 2922 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті туралы ережеде:

12-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер Ұлттық қауіпсіздік комитетіне заңдармен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.";

13-тармақта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Қазақстан Республикасының Президентін, Құрылтайын, Үкіметін және басқа да мемлекеттік органдарын саяси, қаржы-экономикалық, әскери-саяси, ғылыми-техникалық, гуманитарлық, экологиялық және Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін қозғайтын өзге де салаларда шешімдер қабылдауға қажетті барлау ақпаратымен және талдамалық бағалаулармен қамтамасыз ету;"

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) Қазақстан Республикасының конституциялық құрылыс негіздерін, Егемендігі мен Тәуелсіздігін күштеп өзгертуге, аумақтық тұтастығын бұзуға және ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге қол сұғатын террористік және өзге де қызметті анықтау, соның алдын алу және жолын кесу;"

14-тармақта:

1) тармақшада:

он үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының конституциялық құрылыс негіздеріне, Егемендігі мен Тәуелсіздігіне, аумақтық тұтастығын бұзуға және Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге қол сұғатын шет мемлекеттердің арнаулы қызметтері мен өзге де ұйымдарына, қылмыстық топтарға енуді жүзеге асыру;"

он алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"өз әрекеттерімен қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігіне қатер төндіретін немесе нұқсан келтіретін шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына келу жолын жабу және оларды Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге шығарып жіберу туралы мәселелерді дербес немесе уәкілетті мемлекеттік органдармен бірлесіп шешу;"

отыз екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ақпараттық жүйелерінен көрсетілген мемлекеттік органдармен – бірлескен нормативтік құқықтық актілерде, ал ұйымдармен келісімдерде белгіленген тәртіппен берілетін электрондық ақпараттық ресурстарды қоса алғанда, ұлттық қауіпсіздік органдарына жүктелген міндеттерді орындауға қажетті ақпаратты мемлекеттік органдардан және ұйымдардан өтеусіз және заңдарда коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге белгіленген талаптарды сақтай отырып алу;"

2) тармақшада:

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан Республикасының Құрылтайына, Қазақстан Республикасының Үкіметіне елдің қауіпсіздігіне төнетін қатерлер туралы хабарлау;"

бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"терроризмді және Қазақстан Республикасының конституциялық құрылыс негіздерін, Егемендігі мен Тәуелсіздігін күштеп өзгертуге, аумақтық тұтастығын бұзуға және ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге қол сұғатын өзге де іс-әрекетті анықтау, оның алдын алу және жолын кесу;"

жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының аумағында заңсыз әскерилендірілген құралымдар, басқа мемлекеттердің саяси партиялары мен кәсіптік одақтары, діни негіздегі саяси партиялар қызметіне, сондай-ақ саяси партиялар мен кәсіптік одақтарды шетелдік заңды тұлғалар, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік қатысуы бар заңды тұлғалардың, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың қаржыландыруының алдын алуда және жолын кесуде мемлекеттік органдарға көмек көрсету;"

он бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау мен Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуға, Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелге баруына, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының аумағына келуіне және оның шегінен тыс жерлерге кетуіне, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасының аумағында болу режиміне қатысты мәселелерді шешуге қатысу;"

он жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының шегінен шығарып жіберуге жататын не Қазақстан Республикасы ратификациялаған реадмиссия туралы халықаралық шарттардың күші қолданылатын шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарды дактилоскопиялық тіркеуді жүзеге асыру;"

жиырма алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына жұмысқа тартылатын шетел азаматтарына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шекте және тәртіппен міндетті арнаулы тексеру жүргізу;"

15-тармақта:

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) Қазақстан Республикасының Президентін, Құрылтайын, Үкіметін, мемлекеттік органдары мен ұйымдарын Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында шешімдер қабылдауға қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету;"

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"11) Қазақстан Республикасының конституциялық құрылыс негіздерін, Егемендігі мен Тәуелсіздігін күштеп өзгертуге, оның аумақтық тұтастығын бұзуға және Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге қол сұғатын терроризм мен экстремизмге, өзге де қызметке қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды әзірлеу және іске асыру, терроризм мен экстремизмге қарсы іс-қимыл саласындағы мемлекеттік

органдардың қызметін үйлестіруді жүзеге асыру, терроризмге қарсы операцияларды ұйымдастыру;"

32) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"32) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына жұмысқа тартылатын шетел азаматтарына ұлттық қауіпсіздік органдарының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шекте және тәртіппен міндетті арнаулы тексеру жүргізуін ұйымдастыру;"

51) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"51) Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери қызметке шақыруды жүргізу кезеңінде шақыру комиссияларының жұмысына қатысу;"

53) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"53) Мемлекеттік шекараның көршілес мемлекеттердің аумақтарынан жаппай өтуінен туындаған әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайларды, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылыс негіздерін, Егемендігі мен Тәуелсіздігін күштеп өзгертуге, оның аумақтық тұтастығын бұзуға және ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіруге қол сұғушылықтарды; терроризм актілерін; Қазақстан Республикасының Конституциясын бұза отырып билікті күштеп басып алуға немесе күштеп ұстап тұруға бағытталған әрекеттерді; диверсияларды; қарулы көтерілісті, сондай-ақ "Төтенше жағдай туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген өзге де әрекеттерді жүзеге асыруды анықтау, алдын алу және жолын кесу;"

163-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"163-1) жергілікті атқарушы органдар әзірлейтін астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың тиісті аумағында орналасқан террористік тұрғыдан осал объектілердің тізбелерін келісу;"

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын Қазақстан Республикасының Президенті лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.";

19-тармақта:

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) Ұлттық қауіпсіздік комитеті құрылымдық бөлімшелерінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің астана, облыстар, және республикалық маңызы бар қалалар бойынша департаменттерінің бастықтарын және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің өзге де органдарының бастықтарын Қазақстан Республикасының Президенті айқындаған тәртіппен лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік органдарының жекелеген лауазымды адамдарын тағайындау және босату тәртібін белгілейді;"

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"15) Қазақстан Республикасының азаматтарын, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісіне,

сондай-ақ шет мемлекеттердің арнаулы қызметтері арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға қосқан үлесі үшін көтермелейді;"

4. "Ұлты қазақ азаматтардың тегі мен әкесінің атын жазуға байланысты мәселелерді шешу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 2 ақпандағы № 2923 Жарлығында:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Қазақстан Республикасының Үкіметі өзінің құқықтық нормативтік актілерін және Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарының актілерін осы Жарлыққа сәйкес келтіруді қамтамасыз етсін."

5. "Қазақстан Республикасының заңдарын Қазақстан Республикасы Президентінің қол қоюына және қарауына ұсыну, оларды тіркеу, жария ету және сақтау тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 2 шілдедегі № 3051 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының заңдрын Қазақстан Республикасы Президентінің қол қоюына және қарауына ұсыну, оларды тіркеу, жария ету және сақтау тәртібі туралы ережеде:

1, 2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құрылтай қабылдаған, Құрылтай Төрағасының (төрағаларының) және Премьер-Министрдің алдын ала қойылған қолдарымен тиянақталған Қазақстан Республикасының Заңы қазақ және орыс тілдерінде Құрылтай Төрағасы қол қойған ілеспе хатпен бірге Қазақстан Республикасы Президентінің қол қоюына енгізіледі. Егер заңмен халықаралық шарт ратификацияланатын болса, онда заңмен бірге осы шарттың куәландырылған көшірмелері қоса беріледі.

2. Қол қоюға түскен заңды Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Жалпы бөлімі заңға қол қою немесе онымен келіспейтінін білдіріп, Құрылтайға қайтару жөніндегі ұсынысы бар қорытынды әзірлеу үшін Мемлекеттік құқық бөліміне жібереді. Заңның көшірмелерін де Жалпы бөлім Президент Әкімшілігінің тиісті құрылымдық бөлімшелеріне жолдайды.

3. Президент Әкімшілігінің Мемлекеттік құқық бөлімі Мемлекет басшысы көмекшілерінің, кеңесшілерінің, Президенттің Құрылтайдағы өкілдігі басшысының, сондай-ақ Президент Әкімшілігі тиісті құрылымдық бөлімшелерінің ұсыныстарын ескере отырып, заң қол қоюға түскен күннен бастап он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қорытынды әзірлеп, оны заң мәтіндерінің түпнұсқаларымен бірге Президент кеңсесіне табыстайды.";

4-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4-1. Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтай ұсынған заңға бір ай ішінде қол қояды, заңды халыққа жария етеді не заңды немесе оның жекелеген баптарын қайтадан талқылап, дауысқа салу үшін қайтарады.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Мемлекет басшысы қол қойған заңды Президенттің кеңсесі Президент Әкімшілігінің Жалпы бөліміне береді, ол:

1) заңға реттік нөмір береді. Бұл орайда нөмірлеу тиісінше сайланған Құрылтайдың қызметі кезеңіне жүргізіледі – ол араб цифрларымен, сайлану реті – рим цифрларымен (сызықша арқылы) белгіленеді, ал бұдан кейін ҚРЗ (Қазақстан Республикасының Заңы) бас әріптер қойылады;

2) заңды арнаулы журналға қол қойылған күнін, реттік нөмірі мен Құрылтай сайлауын көрсете отырып, тіркейді;

3) тиісті елтаңбалық мөрмен куәландырылған заң көшірмесін тиісті бұқаралық ақпарат құралдарына жариялауға береді;

4) Құрылтайға заңның тиісті елтаңбалық мөрмен куәландырылған екі данасын береді, ал Құрылтай аппараттары белгіленген тәртіппен өз тарапында:

"Құрылтай Жаршысында" жариялау және Құрылтайда заңды талқылау процесінде түзелетін алғашқы материалдармен іске қосып тіркеу;

мүдделі органдар мен ұйымдарға тарату, Құрылтайда заңды талқылау процесінде түзелетін алғашқы материалдармен іске қосып тіркеу мәселелерін шешеді.";

6-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Әкімшілігінің Жалпы бөлімінде елтаңбалық мөрмен куәландырылған заңдардың көшірмелері талқылау мен қабылдау барысында түзілген басқа материалдармен бірге белгіленген тәртіппен Құрылтайда істерге хатталады және Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивіне тұрақты сақтауға тапсырылады .";

7, 8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Қол қойылмаған заң Құрылтайға қайтарылған жағдайда оны қайталап талқылау және дауыс беру үшін Мемлекет басшысы өзінің заңға тұтастай немесе оның жекелеген баптарына (ережелеріне) келіспеушіліктерде тұтастай заңның немесе оның жекелеген баптарының (қағидаларының) редакциясы берілуі мүмкін.

8. Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтайда қарсылықтарды қарау барысында Құрылтай депутаттарының ұсыныстарын ескере отырып, заңның немесе оның жекелеген баптарының (ережелерінің) нақтыланған редакциясын енгізуге құқылы . Заңның немесе оның жекелеген баптарының (ережелерінің) редакциясын нақтылау қажеттігі туралы ұсынысты Мемлекет басшысының қарауына Президент Әкімшілігі береді.

9. Мемлекет басшысының келіспеушіліктері Құрылтайда талқыланған кезде Қазақстан Республикасы Президентінің айқындамасын Президент Әкімшілігі Мемлекеттік құқық бөлімінің меңгерушісі, Президенттің Құрылтайдағы өкілдігінің басшысы немесе ол уәкілдік берген өзге лауазымды адамдар білдіреді."

6. "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери нышандары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 18 шілде № 3068 Жарлығында:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Әскери бөлімнің Жауынгерлік туы көлемі: ұзындығы бойынша 145 см, ені бойынша 115 см, үш жағынан алтын түсті жібек шашақтармен жиектелген, көгілдір түсті тік бұрышты мата деп айқындалсын. Матаның оң жақ бетінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы кестеленген, оның астында "Қазақстан Республикасы" деген жазу, ал төменгі жақ шетінде – "Отан үшін" деген ұран бар. Матаны сыртқы жағында ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген бес бұрышты жұлдыз кестеленген. Матаның жоғары жоқ шетінде "Міндет, аброй, ерлік" деген ұран, ал төменгі жағына – әскери бөлімнің атауы кестеленіп тігілген. Мемлекеттік Елтаңба, күн, шұғыла және жазу бейнесі – алтын түстес, ал бес бұрышты жұлдыз бейнесі – күрең қызыл түсті.";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Әскери бөлімнің Жауынгерлік Туының Сипаттамасында:

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әскери-Теңіз Күштерінің тулары мен жалаушаларының сипаттамасында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. 1-ші және 2-ші дәрежелі кемелердің гюйсі – ортасында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Туының белгісі бар ақ түсті, тік бұрышты мата (екі жағының қатынасы 1:1). Эмблеманың биіктігі гюйс биіктігінің 1/2-не тең. Мата нұсқасы бойынша үш жолақпен жиектелген. Сырт жағы мата енінің 1/27-не тең келетіндей қара-көк түсті. Одан кейін ақ түсті (мата енінің 1/13,5-і), Ішкі жағы алтын түстес (мата енінің 1/9-і).";

Лауазымды адамдардың тулары мен брейд-жалаушаларында:

2, 3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Кеме бортында мемлекеттің жоғары лауазымды адамдары болған кезде фок-мачта гафелінде Әскери-теңіз туынан жоғары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы көтеріледі.

3. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің туы – ені мен ұзындығының қатынасы 1:2 тік бұрышты мата. Тудың матасы тігінен екі бірдей бөлікке (мата ұзындығының 1/2 бөлігіне): көгілдір (шкаторина тұсында) және ақ түсті болып бөлінеді. Тудың көгілдір түсті жарты бөлігінің ортасында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туының нышаны (алтын күн мен қыран) бейнеленген. Ақ түсті жолағында диаметрі ту енінің 1/3-іне тең келетін, ортасы шкаторинадан ту ұзындығының 3/4-індей және матаның жоғарғы жиегінен ту биіктігінің 1/2-індей аралықта орналасқан қызыл жұлдыз бар.

4. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабы бастығының туы – ені мен ұзындығының қатынасы 1:2 тік бұрышты мата. Тудың матасы тігінен екі бірдей бөлікке (ту ұзындығының 1/2 бөлігіне): көгілдір (шкаторина тұсында) және ақ түсті болып бөлінеді. Тудың көгілдір түсті жартысының ортасында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туының нышаны – алтын күн мен қыран бейнеленген. Ақ түсті

жолағында диаметрі ту енінің 1/5-іне тең келетін екі қызыл бес бұрышты жұлдыз орналасқан. Олардың ортасы шкаторинадан ту ұзындығының 3/4-не тең және матаның жоғарғы және төменгі жиектерінен ту енінің 1/4-не тең аралықта орналасқан.";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Әскери бөлімнің Жауынгерлік Туының Сипаттамасында:

үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Матаның оң жақ бетінің ортасында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының нұсқасы алтын түсті жібек жіппен жапсыра тігілген, бейненің көлемі биіктігі бойынша 50 см."

7. "Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 11 қарашадағы № 3205 Жарлығында:

Кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 15-бабының 3) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН**:";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы туралы ережеде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы (бұдан әрі - Комиссия) Қазақстан Республикасының тұрақты жұмыс істейтін мемлекеттік органы болып табылады, Қазақстан Республикасының сайлау комиссияларының біртұтас жүйесіне басшылық етеді.";

12-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер Комиссияға Қазақстан Республикасының заңдарымен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.";

13 және 14-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Комиссияның миссиясы: еркін және әділ сайлау мен жалпыхалықтық референдумдар өткізу жолымен азаматтардың тікелей немесе өз өкілдері арқылы мемлекет істерін басқаруға қатысу құқықтарын қамтамасыз ету.

14. Комиссияның негізгі міндеті Қазақстан Республикасында әділ, шынайы және еркін сайлаулар мен жалпыхалықтық референдумдар өткізу болып табылады.";

15-тармақта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасының Құрылтайы депутаттарының сайлауын дайындау мен өткізуді ұйымдастырады;"

4) тармақша алып тасталсын;"

7), 8) және 9) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"7) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, медициналық қорытындыға қойылатын талаптарды және Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидатты тіркеуге кедергі келтіретін аурулардың тізбесін белгілейді;

8) Президенттікке кандидаттың мемлекеттік тілді еркін меңгергенін белгілеу рәсімін айқындайды;

9) партиялық тізімдер бойынша сайланатын Қазақстан Республикасының Құрылтайы депутаттарының бір бөлігін және Қазақстан Республикасы мәслихаттарының депутаттарын сайлауға саяси партияларды қатыстыруға рұқсат беру туралы мәселені қарайды;"

9-1) тармақша алып тасталсын:"

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау жөніндегі партиялық тізімдерді тіркейді және оларды тіркегеннен кейін оныншы күннен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында саяси партияның атауы мен партиялық тізімге енгізілген адамдар саны, сондай-ақ, партиялық тізімге енген әрбір адамның тегін, атын, әкесінің атын, туған жылын, атқаратын лауазымын (кәсібін), жұмыс және тұрғылықты орнын көрсете отырып, тіркеу туралы хабар жариялайды;"

12) және 13) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"12) тіркеу кезінде Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттығына кандидатқа тиісті куәлік береді;

13) "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында көзделген жағдайларда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау жөніндегі партиялық тізімді тіркеуден бас тартады немесе тіркеу туралы шешімнің күшін жояды;"

15), 16), 17) және 18) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"15) "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында көзделген жағдайларда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау жөніндегі партиялық тізімге енгізілген адамды аталған тізімнен алып тастау туралы шешім қабылдайды;

16) Қазақстан Республикасы бойынша тұтас алғанда Президентті және Құрылтай депутаттарын сайлау қорытындыларын шығарады, сайланған Қазақстан Республикасының Президентін және Құрылтайының депутаттарын тіркейді, бұл туралы бұқаралық ақпарат құралдарында хабар жариялайды;

17) Қазақстан Республикасы Құрылтайының партиялық тізімдері бойынша дауыс беру қорытындылары бойынша депутаттық мандаттарды бөлу үшін квота белгілейді;

18) Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау қорытындыларын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялаған соң әрбір депутатқа Комиссия белгілеген үлгідегі куәлік пен омырауға тағатын белгіні тапсырады;"

20) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"20) "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында көзделген жағдайларда қайта дауыс беруді тағайындайды,";
мынадай мазмұндағы 20-1) тармақшамен толықтырылсын:

"20-1) "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында көзделген жағдайларда жекелеген сайлау учаскелерінде немесе әкімшілік-аумақтық бірліктерде Президенттің, Құрылтай депутаттарының сайлауын өткізуді жарамсыз деп таниды,";

21) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

21) "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында көзделген жағдайларда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын қайта сайлауды тағайындайды,";

22) тармақша алып тасталсын;

23) және 24) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"23) депутаттарға жазалау шараларын қолдануға, олардың Қазақстан Республикасы Конституциясының 55-бабы 2-тармағының талаптарын, депутаттық әдеп ережелерін сақтауына, сондай-ақ депутаттың өкілеттіктерін тоқтатуына және өкілеттіктері мен депутаттық қолсұғылмаушылықтан айыруға байланысты мәселелерді қарауға дайындайды.

Депутаттардың Құрылтайдың және олардың органдарының отырыстарына қатысуын, сондай-ақ депутаттың өз дауысын басқа біреуге бермеуін бақылауды Комиссия мүшелері жүзеге асырады.

Жоғарыда көрсетілген мәселелерді Қазақстан Республикасының Құрылтайында қарау және қарауға енгізу тәртібі Комиссия бекітетін тиісті ережемен регламенттеледі;

24) Қазақстан Республикасының Құрылтайы депутатының өкілеттіктерін тоқтатуға әкелетін негіздердің туындау фактісін көрсететін қаулы және тиісті адамның Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаты өкілеттіктерін жоғалту фактісін көрсететін қаулы қабылдайды,";

25) тармақша алып тасталсын;

28) және 28-1) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"28) мәслихаттар депутаттарын, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін және өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлауды ұйымдастыру және өткізу кезінде аумақтық сайлау комиссиялары қызметінің "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының талаптарына сәйкестігін бақылауды жүзеге асырады және "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңын бұзушылықтар анықталған кезде олардың шешімдерінің күшін жояды;

28-1) мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округтің әкімдігіне кандидаттың Қазақстан

Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкестігін тексеру үшін қажетті құжаттардың тізбесін белгілейді;"

30) және 31) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"30) Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау бойынша сайлауалды науқан барысы туралы сайлаушыларды хабардар етеді;

31) Қазақстан Республикасының Президентін, Қазақстан Республикасы Құрылтайының, мәслихаттарының депутаттарын, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін, сондай-ақ өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау алдындағы үгітті және сайлауды ақпараттық қамтамасыз етуді жүзеге асыру тәртібін айқындайды;"

34) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"34) Президенттікке кандидаттардың, Құрылтай депутаттығына кандидаттардың партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялар үшін теледидарда сайлауалды пікірталастарды ұйымдастырады;"

38), 39) және 40) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"38) Президентті және Құрылтай депутаттарын сайлау жөніндегі дауыс беруге арналған бюллетеньдердің нысаны мен мәтінін, мәслихат депутаттарын, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін және өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау жөніндегі дауыс беруге арналған бюллетеньдердің нысанын, оларды дайындау тәртібін, сондай-ақ қорғалу дәрежесін белгілейді;

39) Комиссия белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау бойынша дауыс беруге арналған сайлау бюллетеніне саяси партиялардың атауларын енгізудің кезектілігін белгілеу бойынша жеребе тартуды өткізеді;

40) Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау бойынша сайлау бюллетеньдерін дайындауды қамтамасыз етеді;"

42), 43) және 44) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"42) сайлаушылар тізімдерінің, Президенттікке кандидаттарды қолдайтын сайлаушылардың қолдарын жинауға және аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округтің әкімдігіне кандидаттарды және бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша сайланған мәслихатының депутаттарын қолдайтын сайлаушылардың қолдарын жинауға арналған қол қою парақтарының, өзге де сайлау құжаттарының нысанын белгілейді;

43) Қазақстан Республикасының Құрылтайы депутатының куәлігі мен омырауға тағатын белгісі туралы ережені, олардың үлгілері мен сипаттамасын бекітеді;

44) Президент, мәслихат депутаттары үшін куәліктің және омырауға тағатын белгінің үлгісін, сондай-ақ аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі және өзге жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелері куәлігінің үлгісін белгілейді;"

57) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"57) субъект заң жобасының заңнамалық бастама құқығын ресми енгізуі үшін сайлау практикасын зерделеу және Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы заңнаманы жетілдіру жөніндегі жұмысты жүргізеді;"

63) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"63) Комиссия айқындайтын тәртіппен аумақтық сайлау комиссиялары ұсынған бюджеттік өтінімдер негізінде сайлау науқанын өткізуге арналған шығыстардың үлгі сметасын жасайды және Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынады;"

67) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"67) Қазақстан Республикасының Президентін, Құрылтайының депутаттарын сайлау қорытындылары жарияланғаннан кейін бес күн ішінде сайлау қорына түскен ақшаның жалпы сомасы және оның көздері туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды;"

74) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"74) Қазақстан Республикасының Президентін, Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау жөніндегі сайлау комиссияларына басшылық етеді;"

78) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"78) Жалпыхалықтық референдумның орталық комиссиясының функцияларын орындайды;"

80), 81), 82), 83), 84), 85), 86), 87), 88), 89) және 90) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"80) азаматтарды жалпыхалықтық референдумға дайындық барысы туралы хабардар етеді;

81) жалпыхалықтық референдумның бастамашыл тобын тіркеу туралы куәліктің нысанын бекітеді;

82) жалпыхалықтық референдумның бастамашыл тобын және оның жалпыхалықтық референдумға ұсынатын мәселесін (мәселелерін) тіркейді және ол туралы бұқаралық ақпарат құралдарында ресми хабар жариялайды;

83) бір уақытта қол қою парақтарын бере отырып, жалпыхалықтық референдумның бастамашыл тобын тіркеу туралы куәлікті береді;

84) "Жалпыхалықтық референдум туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында көзделген жағдайларда жалпыхалықтық референдумның бастамашыл тобы мүшелерінің қызметін, бастамашыл топтың қызметін тоқтату туралы және оны тіркеу туралы куәлікті қайтарып алу туралы шешім қабылдайды;

85) "Жалпыхалықтық референдум туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында көзделген жағдайларда жекелеген учаскелерде (әкімшілік-аумақтық бөліністерде) жалпыхалықтық референдум өткізуді жарамсыз деп таниды;

86) Қазақстан Республикасы бойынша тұтас алғанда жалпыхалықтық референдумның қорытындыларын шығарады, ол туралы бұқаралық ақпарат құралдарында хабар берілуін қамтамасыз етеді;

87) дауыс беруге арналған бюллетеньдердің, сайлаушылар тізімдерінің, қол қою парақтарының, жалпыхалықтық референдум өткізу үшін қажетті өзге де құжаттардың нысандары мен мәтіндерін; дауыс беру уақытын, сондай-ақ жалпыхалықтық референдум құжаттарын сақтау тәртібін белгілейді;

88) қол қою парақтары мен жалпыхалықтық референдумның бастамашыл тобының қол жинау нәтижелері жөніндегі қорытынды хаттамаларын сақтаудың тәртібі мен мерзімдерін белгілейді;

89) жалпыхалықтық референдум комиссияларына басшылық жасайды, олардың шешімдерінің күшін жояды және тоқтата тұрады, сондай-ақ олардың арасында жалпыхалықтық референдумды ұйымдастыруға және өткізуге арналған қаражатты бөледі;

90) жалпыхалықтық референдум комиссияларының материалдық-техникалық қамтамасыз етілу жай-күйін бақылайды;"

91-3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"91-3) сайлауды, жалпыхалықтық референдумды әзірлеу мен өткізу кезеңінде сайлау комиссияларын ұйымдастыру және олардың қызметі үшін қажетті тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларын әзірлейді және бекітеді ;"

16-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) сайлау мен жалпыхалықтық референдумдарды әзірлеу мен өткізуге байланысты мәселелер бойынша мемлекеттік органдар мен ұйымдардың есептерін, сондай-ақ сайлау заңнамасының және "Жалпыхалықтық референдум туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының сақталуы мәселелері бойынша қоғамдық бірлестіктер органдарының ақпаратын тыңдау;"

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Комиссияның мүшелерін Құрылтайдың келісімімен оның депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды, Қазақстан Республикасының Президенті босатады.";

22-тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Құрылтайдың бірінші сессиясында, оның Төрағасын сайлағанға дейін, отырыстарда төрағалық етеді;"

23-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Комиссияның отырыстары, егер оларға Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды болады. "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" және "Жалпыхалықтық референдум туралы" Қазақстан Республикасының конституциялық заңдарында белгіленген өзге жағдайларды қоспағанда, Комиссияның шешімдері оның мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады."

8. "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің Айрықша мақсаттағы күштерінің әскери нышандары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 20 қарашадағы № 3228 Жарлығында:

3-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қаланың, көліктегі ішкі істер департаменттерінің, астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қаланың қылмыстық-атқару жүйесі департаменттерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі жоғары оқу орындарының жалаулары көлемі, пішімдік шешімі мен дайындалған материалдары бойынша Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жалауына сәйкес келеді, бірақ матаның бет жағының төменгі жиегіне ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің, жоғары оқу орнының атауы кестеленіп жазылады;"

5-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары – Шекара қызметі директорының, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұланның Бас қолбасшысы мен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі Бастығының бұйрықтарымен немесе өзге де актілерімен Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының және Объектілерді қорғау қызметінің нышандарының бейнелерін міндетті түрде жаңғыртудың басқа да жағдайлары көзделуі мүмкін деп белгіленсін."

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің нышанының сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің нышаны – көк жасыл түсті түзу бес бұрышты жұлдыз бедерленген жасыл түсті дөңгелек. Жұлдыздың диаметрі дөңгелектің диаметріне тең. Жұлдыздың ортасында шұғыла шашқан күннің сарғыш-алтын түсті мәнерлі бейнесі (Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік Туының элементі) орналасқан. Дөңгелек пен жұлдыз сарғыш-алтын түсті жиекпен әдіптелген әрі жұлдыздың әдіптелген ұштары дөңгелек жиегінен шығыңқы. Дөңгелектің жиегі жұлдыздың жиегінің 0,75 бөлігін құрайды.";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің туының сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің туы – тігінен үш бөлікке бөлінген, үш түсті тік бұрышты екі жақты мата. Тудың екі жақ қапталы – жасыл түсті, ортасы – көк жасыл түсті. Тудың ортасында шұғыла шашқан күнмен оның астында алтын түстес қалықтап ұшқан қыранның мәнерлі бейнесі (Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туының элементтері) орналасқан. Тудың бет жағының жоғарғы сол жақ бұрышында және сырт жағының жоғарғы оң жақ бұрышында сарғыш-алтын түстес түзу бес бұрышты жұлдыздың бейнесі бар. Қапталы мен орта бөліктері бір-бірінен сарғыш-алтын түсті жолақтармен бөлінген. Тудың жалпы ені мен ұзындығының қатынасы 1:2. Тудың жекелеген элементтерінің дәлме-дәл қатынастары мен көлемі қоса ұсынылып отырған графикалық бейнесінде берілген.";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметінің корабльдері мен кемелері әскери-теңіз туларының сипаттамасында:

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының туы – тігінен теңдей екі: зеңгір көк (шкаторина тұсында) және жасыл бөлікке бөлінген мата. Матаның зеңгір көк түсті жартысында – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Туының нышаны, жасылында жұлдыз бейнеленген.

Тудың енінің ұзындығына қатынасы – 1:2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Туының нышаны (алтын күн мен қыран) биіктігі жөнінен ту 2/1 тең және ол – матаның зеңгір көк түсті жартысының орта тұсына, диаметрі ту енінің 3/1 тең жұлдыз оның жасыл түсті жартысына орналасқан.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі Бас штабы Бастығының туы – тігінен тең екі: зеңгір көк (шкаторина тұсында) және жасыл бөлікке бөлінген мата. Матаның көгілдір түсті жартысында – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Туының нышаны, жасылында екі жұлдыз орналасқан.

Тудың енінің ұзындығына қатынасы – 1:2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Туының нышаны (алтын күн мен қыран) биіктігі жөнінен ту енінің 2/1 тең және матаның зеңгір көк түсті жартысының орта тұсына орналасқан, диаметрі ту енінің 4/1 тең жұлдыздар матаның ширектерінің жасыл түсті жартысының орта тұсына орналасқан.";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі жалауының сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жалауы – көк жасыл түсті тік бұрышты екі жақты мата. Жалаудың бет жағының ортасында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының сарғыш-алтын түсті бейнесі орналасқан. Мемлекеттік Елтаңбаның үстіңгі жағында матаның жоғары жиегін бойлай қазақ тілінде "Қазақстан Республикасы" деп жазылған, Мемлекеттік Елтаңбаның астыңғы жағына қазақ тілінде "ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ" деп жазылған. Матаның сырт жағының орта тұсында – нышанның түрлі-түсті бейнесі бар. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі нышанының үстіңгі жағында "МІНДЕТ, АБЫРОЙ, ЕРЛІК" деген ұран жазылған. Барлық жазулар сарғыш-алтын түспен жазылған. Жалаудың шет-шеті сарғыш-алтын түсті оқамен көмкерілген. Жалаудың жалпы ені мен ұзындығының қатынасы – 1:1,5".

9. "Ұлттық валюта – теңге күні туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 13 қарашадағы № 3753 Жарлығында:

тақырыбында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

кіріспеде орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

1-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

10. "Қазақстан Республикасы Президентінің жанында Шетелдік инвесторлар кеңесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 30 маусымдағы № 3985 Жарлығында:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Конституциясының 46-бабының

21) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесі туралы ережеде:

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"29. Кеңеске Кеңестің жалпы отырыстарының хаттамалық тапсырмаларын орындау, инвестициялық саясатты жетілдіру, Қазақстан Республикасының инвестициялық ахуалын жақсарту, жергілікті қамтуды дамыту, Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуы және Қазақстан Республикасына инвестицияларды жүзеге асыратын компаниялардың операциялық қызметі мәселелерінде шетелдік инвесторларға жәрдемдесу, Қазақстан Республикасы экономикасының цифрлық саласын дамыту бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар тұжырымдау мақсатында Комиссияның шешімдерімен Кеңестің бірлескен тұрақты жұмыс топтары құрылуы мүмкін.";

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесі туралы ережеге қосымшада:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Халықаралық ұйымның/шетелдік компанияның Қазақстан Республикасының аумағындағы инвестициялық қызметінің мерзімін көрсете отырып, Қазақстан Республикасында инвестициялық жобаларды іске асыруға қатысуы туралы ақпарат.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Қазақстан Республикасы аумағындағы жиынтық айналым, өндіріс көлемі.".

11. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы № 29 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлыққа 1-қосымшада:

"

Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының аппараттары	405
---	-----

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Қазақстан Республикасы Құрылтайының аппараты	405
--	-----

".

;

"

Қазақстан Республикасының Сот әкімшілігі, оның ішінде: облыстардағы, астанадағы және республикалық маңызы бар қалалардағы аумақтық бөлімшелер (Сот әкімшілігінің департаменттері)	6243
---	------

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Қазақстан Республикасының Сот әкімшілігі, оның ішінде: астанадағы, облыстардағы және республикалық маңызы бар қалалардағы аумақтық бөлімшелер (Сот әкімшілігінің департаменттері)	6243
---	------

".

12. "Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 10 желтоқсандағы № 282 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі туралы ережеде:

12-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер Шекара қызметіне Қазақстан Республикасының заңдарымен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджетке жіберіледі.";

14-тармақта:

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"13) Мемлекеттік шекараны қорғау саласындағы міндеттерді шешуге Қазақстан Республикасының азаматтарын ерікті жасақтар құрамында, Шекара қызметінің штаттан тыс қызметкерлері ретінде және өзге де нысандарда ерікті негізде тарту, Мемлекеттік шекараны қорғау кезінде көзге түскен Қазақстан Республикасының азаматтарын көтермелеу және қойылатын талаптарға сай келетін адамдарды Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери, арнаулы оқу орындарына түсуі үшін ұсыну;"

53) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"53) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасына кіруге рұқсат етілмеген шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың, сондай-ақ дактилоскопиялық ақпарат бойынша жеке басты растау рәсімінен бас тартқан, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мерзімде айыппұл салу туралы сот шешімдерін және уәкілетті органдардың қаулыларын орындамаған шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың кіруін шектеу;"

13. "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 21 сәуірдегі № 378 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы туралы ережеде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (бұдан әрі – Іс басқармасы) осы Ережеге сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасының экс-Президенттерінің, саяси мемлекеттік қызметшілердің, Қазақстан Республикасының Құрылтайы депутаттарының, мемлекеттік органдардың және олардың аппараттары қызметкерлерінің қызметін қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік орган болып табылады.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Іс басқармасының өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан Іс басқармасына кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Іс басқармасына заңдармен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.";

13-тармақта:

1), 2), 3), 4) және 5) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасы Президентінің және оның отбасы мүшелерінің, Вице-Президенттің, Премьер-Министрдің, Құрылтай Төрағасының, Президент Әкімшілігі Басшысының, Премьер-Министр орынбасарларының, Үкімет мүшелерінің,

Құрылтай депутаттарының, Үкімет Аппараты Басшысының, Құрылтайы аппараты басшысының, Президент Әкімшілігі мен Үкімет Аппараты, Қазақстан Республикасы Құрылтайының аппараты қызметкерлерінің қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің келісімі бойынша өзге де мемлекеттік органдардың;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің келісімі бойынша Президент Әкімшілігінің, Құрылтайдың, Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының, сондай-ақ өзге де мемлекеттік органдардың (бұдан әрі – қызмет көрсетілетін органдар) қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

3) Қазақстан Республикасының Президенті мен оның отбасы мүшелерінің, Вице-Президенттің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, Құрылтай Төрағасының, Құрылтай депутаттарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің келісімі бойынша өзге де тұлғалардың қызметін әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз ету;

4) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген адамдардың, сондай-ақ Қазақстан Халық Кеңесі, Қазақстан Республикасы Конституциялық Соты, Жоғарғы Соты, Ұлттық Банкі, Орталық сайлау комиссиясы, Жоғары Сот Кеңесі төрағаларының, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Жоғары аудиторлық палатасы төрағаларының, істерді басқарушының, астана, облыстар мен республикалық маңызы бар қалалар әкімдерінің, Қазақстан Халық Кеңесі Төрағасының орынбасарлары, Қазақстан Республикасы Конституциялық Соты судьяларының, Орталық сайлау комиссиясы, Жоғары аудиторлық палатасы мүшелерінің, Қазақстан Республикасы Конституциялық Соты, Жоғары Сот Кеңесі аппараттары басшыларының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің келісімі бойынша – Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар басшыларының (бұдан әрі – қызмет көрсетілетін адамдар) қызметін көліктік және медициналық қамтамасыз ету;

5) Қазақстан Республикасының Президенті, Вице-Президент, Премьер-Министр, Құрылтай Төрағасы өткізетін кеңестерді, конференцияларды және басқа да арнайы іс-шараларды қаржыландыру, материалдық-техникалық, медициналық қамтамасыз етуді және оларға қызмет көрсетуді ұйымдастыру, оларды ақпараттық қолдау;"

15-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қызмет көрсетілетін адамдарды, Қазақстан Республикасының Құрылтайы аппаратының қызметкерлерін, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен өзге де адамдардың қызметкерлерін Қазақстан Республикасы Президентінің келісімі бойынша тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;"

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) Қазақстан Республикасы Президентінің және оның отбасы мүшелерінің, Вице-Президенттің, Премьер-Министрдің, Құрылтай Төрағасының, Президент Әкімшілігі Басшысының, Премьер-Министр орынбасарларының, Іс басқарушының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және ресми делегациялардың мүшелерінің республика ішінде және одан тыс жерлерде әуе тасымалдарын қоса алғанда, қызмет көрсетілетін адамдар мен органдарды көліктік қамтамасыз етуді жүзеге асыру, Қазақстан Республикасы Президентінің теміржол тасымалдары Қазақстан және оның отбасы мүшелерінің, Қазақстан Республикасы Вице-Президентінің, Премьер-Министрінің, Қазақстан Республикасы Президентінің және оның отбасы мүшелерінің, Вице-Президенттің, Премьер-Министрдің, Қазақстан Республикасының Құрылтайы, Қазақстан Халық Кеңесі төрағаларының, сондай-ақ өзге де қызмет көрсетілетін адамдар мен органдардың автомобиль тасымалдары, автокөлік пен өзге де техниканы сатып алуды және жөндеуді ұйымдастыру;"

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"15) Қазақстан Республикасы Президентінің республика ішінде және одан тыс жерлерде, Вице-Президенттің, Премьер-Министрдің, Қазақстан Республикасы Құрылтайының Төрағасы мен делегациялардың қатысуымен қызмет көрсетуді, оның ішінде медициналық, ресми іс-шараларды ұйымдастыру, Өкілдік шығындар жөніндегі нормаларды әзірлеу және бекіту;"

26), 27) және 28) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"26) Қазақстан Республикасының Құрылтайы, Қазақстан Республикасының Құрылтайы жанындағы саяси партиялардың қоғамдық палатасы мен фракциялары өткізетін кеңестерді, конференцияларды және басқа да ресми іс-шараларды қаржыландыруды, материалдық-техникалық қамтамасыз етуді және оларға қызмет көрсетуді ұйымдастыру;

27) Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттары үшін тиісті тұрмыстық және жұмыс жағдайларын жасау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

28) белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Құрылтайы аппаратының депутаттары мен қызметкерлерін көлікпен қамтамасыз етуді ұйымдастыру, автокөлік пен өзге де техниканы сатып алу және жөндеу;"

30) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"30) Қазақстан Республикасының Құрылтайында ақпараттандыру процестеріне мониторингті, кешенді талдауды, әзірлеуді және сүйемелдеуді ұйымдастыру;"

33) және 34) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"33) Өкілдік шығындар бойынша нормаларды, республикалық бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы Құрылтайының ресми іс-шараларын өткізу жөніндегі шығыстар сметасын әзірлеуді және бекітуді, осы шығыстарды қаржыландыруды жүзеге асыруды ұйымдастыру;

34) Қазақстан Республикасы Құрылтайының басқа елдермен және халықаралық ұйымдармен халықаралық ынтымақтастығын жүзеге асыруға қаржылық жәрдем көрсетуді ұйымдастыру;"

36) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"36) медициналық көмектің қажетті түрлері мен көлемін қолдана отырып және тамақтану, профилактика, қалпына келтіру емі және медициналық оңалту мәселелерін үйлестіре отырып, Қазақстан Республикасының Президентіне және оның отбасы мүшелеріне, Вице-Президентке, Қазақстан Республикасының экс-Президенттеріне уақтылы және сапалы медициналық көмекті ұйымдастыру;"

Іс басқармасы мен оның ведомстволарының қарамағындағы ұйымдар тізбесінде: мынадай мазмұндағы сегізінші абзацпен толықтырылсын:

"Корпоративтік дамыту орталығы" акционерлік қоғамы;
жиырма үшінші абзац алып тасталсын.

14. "Мемлекеттік аппараттың жұмысын жақсарту, төрешілдікке қарсы күрес және құжат айналымын қысқарту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 31 шілдедегі № 427 Жарлығында:

1-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1-1. Орталық мемлекеттік органдардың басшылары, астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың әкімдері ведомстволардың санын, мемлекеттік органдардың штат санының лимиттерін, олардың басшы лауазымды адамдарының санын ұлғайтуды Мемлекет басшысымен не ол уәкілеттік берген Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келіссін.

Мемлекеттік органдардың штат санының лимитін ұлғайту:

Қазақстан Республикасының Президенті енгізетін төтенше жағдайға ден қою қажет болған;

орталық мемлекеттік органдар немесе олардың ведомстволары құрылған;

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әкімшілік-аумақтық құрылыс өзгерген;

Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша өзге жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен бос штат бірліктерін мемлекеттік органдар арасында қайта бөлу жолымен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының, Қазақстан Республикасы Құрылтайы аппаратының, Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің, құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік органдардың, азаматтық қорғау органдарының, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, сондай-ақ штат санының лимиті 100 бірліктен аз мемлекеттік органдардың бос штат бірліктері мемлекеттік органдар арасында қайта бөлуге жатпайды.

Орталық мемлекеттік органдар (Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратын қоспағанда) мен

жергілікті атқарушы органдардың штат санының лимиттерін ұлғайту жөніндегі ұсыныстар Үкіметтің және мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның тиісті қорытындылары ескеріле отырып қаралады.

Бұл ретте Қазақстан Республикасы құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік органдарының, азаматтық қорғау органдарының, Қорғаныс министрлігінің штат санының лимиттерін ұлғайту жөніндегі ұсыныстар мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның қорытындысынсыз енгізілуі мүмкін."

15. "Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 қазандағы № 470 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия туралы ережеде:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Республикалық комиссияның құрамын Қазақстан Республикасының Президенті белгілейді. Республикалық комиссияны Қазақстан Республикасының Вице-Президенті басқарады. Республикалық комиссия төрағасының орынбасары Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі, хатшысы – Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрінің орынбасары болып табылады .";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Республикалық комиссияның төрағасы Қазақстан Республикасының заңдары мен осы Ережеге сәйкес оның жұмысын ұйымдастырады және Республикалық комиссияның қызметін қамтамасыз етеді.";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның құрамында:

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі, төраға" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Вице-Президенті, төраға";

"Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы (келісім бойынша)" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Құрылтайының Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы (келісім бойынша)";

"Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы (келісім бойынша)" деген жол алып тасталсын.

16. "Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын қолданудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы № 549 Жарлығында:

5 және 5-1-тармақтарда орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

17. "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында көзделген ережелерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 26 маусым № 643 Жарлығында:

6-тармақта:

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Тағылымдамадан өтуге арналған орындар астанада, облыста және республикалық маңызы бар қалаларда судьялардың болжанатын бос орындарының саны негізінде, бірақ астана, әрбір облыс және республикалық маңызы бар қалалар үшін кемінде үш орыннан бөлінеді.";

бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Тағылымдамадан өту судья лауазымына кандидаттың тұрғылықты жері бойынша тіркелген астана, облыс және республикалық маңызы бар қалалар аумағындағы жергілікті соттарда жүзеге асырылады. Тұрғылықты жері бойынша тағылымдамадан өту үшін бос орындар болмаған жағдайда кандидат астанада, басқа облыста және республикалық маңызы бар қалаларда бос орындар болған жағдайда тағылымдамадан өтуге рұқсат беру туралы өтінішпен Тағылымдамадан өтуге адамдарды іріктеу жөніндегі комиссияға (бұдан әрі – Комиссия) жүгінуге құқылы.";

14-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған;".

18. "Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 2 сәуірдегі № 839 Жарлығында:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Конституциясының 46-бабының 21) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН**:";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссия туралы ережеде:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Комиссия төрағадан, хатшыдан және осы Ережеге қосымшаға сәйкес Комиссияның өзге де мүшелерінен тұрады. Комиссияны Қазақстан Республикасының Вице-Президенті басқарады. Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Құқық қорғау жүйесі бөлімінің меңгерушісі Комиссияның хатшысы болып табылады.";

7-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) Қазақстан Республикасының Президентіне қаралатын мәселелер бойынша тапсырмалар беру, Қазақстан Республикасы Президентінің тиісті актілерін шығару туралы, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмыстың тиісті деңгейін қамтамасыз етпеген, Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын

астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, әкімдерін, мемлекеттік органдардың басшыларын атқаратын қызметінен босатуға дейін тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы ұсыныстар енгізуге құқылы.";

12-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Комиссия жұмысы туралы Қазақстан Республикасының Президентіне тұрақты есеп береді;"

жоғарыда аталған Жарлықпен құрылған Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссияның құрамында:

"Мемлекеттік кеңесшісі, төраға" жолы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Вице-Президенті, төраға".

19. "Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізетін заң жобаларын Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 17 мамырдағы № 873 Жарлығында:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Құрылтайына енгізетін заң жобаларын Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Құрылтайына енгізетін заң жобаларын Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу қағидалары бекітілсін.";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізетін заң жобаларын Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу қағидаларында:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Құрылтайына енгізетін заң жобаларын Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу қағидалары";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Құрылтайына енгізетін заң жобаларын Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Үкіметі (бұдан әрі – Үкімет) Қазақстан Республикасының Құрылтайына (бұдан әрі – Құрылтай) енгізетін заң жобаларын Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен (бұдан әрі – Президент Әкімшілігі) келісу тәртібін белгілейді.";

2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Әзірленген және тиісті түрде ресімделген заң жобалары Үкіметтің заң жобалары жұмыстарының жоспарында заң жобасын Құрылтайға ұсыну үшін белгіленген мерзім басталғанға дейін күнтізбелік 30 күннен кешіктірмей Үкімет Аппараты Басшысының қолы қойылып, Президент Әкімшілігіне келісуге ұсынылады. Заң жобаларын Президент Әкімшілігіне келісуге ұсыну мерзімі жөніндегі талап Бюджет кодексін іске асыру үшін жыл сайын әзірленетін заң жобаларына қолданылмайды. Бұл ретте құжаттар топтамасында заң жобаларымен бірге оларды жан-жақты қарауға қажетті барлық материалдар (құқықтық, әлеуметтік-экономикалық және қаржылық негіздемелер, сараптамалардың қорытындылары және басқа да құжаттар) болуға тиіс.";

3-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Президент Әкімшілігінде Қазақстан Республикасы Конституциясының 60-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленген заң жобалары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң күші бар уақытша қаулыларының жобалары бойынша сараптама жүргізу және олар бойынша қорытынды дайындау мерзімі, егер тиісті тапсырмада өзгеше белгіленбесе, олар Президент Әкімшілігіне келіп түскен күннен бастап 10 жұмыс күнінен аспауға тиіс.";

4-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Заң жобаларына сараптама жасалып, Президент Әкімшілігінің Мемлекеттік құқық бөлімінің және өзге де мүдделі құрылымдық бөлімшелерінің, Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшілері мен кеңесшілерінің тиісті қорытындылары дайындалғаннан кейін материалдар Президент Әкімшілігі басшылығының қолы қойылып, айтылған ескертулер мен ұсыныстарды ескере отырып одан әрі пысықтау үшін Үкімет Аппаратына жіберіледі. Аталған қорытындылар олардың көшірмелерін жіберу арқылы Қазақстан Республикасы Президентінің Құрылтайдағы Өкілдігінің назарына жеткізіледі.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Заң жобалары бойынша Президент Әкімшілігі айтқан ескертулер жойылғаннан не олар бойынша Президент Әкімшілігімен арада туындаған келіспеушіліктер жойылғаннан кейін Үкімет оларды Құрылтайға енгізеді.";

6-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Құрылтайда қаралуы Мемлекет басшысының атынан басым деп айқындау жоспарланған заң жобалары;"

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) Қазақстан Республикасы Конституциясының 60-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленген заң жобалары, сондай-ақ Үкіметтің заң күші бар уақытша қаулыларының жобалары."

20. "Дипломаттық дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 тамыз № 941 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Дипломаттық дәрежелерді беру қағидаларында:

5-тармақтың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің жоғары оқу орындарындағы және ғылыми мекемелеріндегі оқытушылық, ғылыми қызмет;"

21. "Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 10 желтоқсан № 992 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық туралы ережеде:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Ұлттық орталықтың астанада, облыстарда және республикалық маңызы бар қалаларда өкілдіктері болады.";

12-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер Ұлттық орталыққа заңдармен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс мемлекеттік бюджетке жіберіледі.";

14-тармақтың 2) тармақшасының төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Уәкілдің азаптау мен басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алу жөніндегі ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының қызметін үйлестіру, олардың қажетті әлеуеті мен кәсіби білімін қамтамасыз етуге шаралар қабылдау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жөніндегі жұмысын қамтамасыз ету;"

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Ұлттық орталық пен оның өкілдіктерінің функциялары:

1) Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан Республикасының Құрылтайына, Қазақстан Халық Кенесіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыну үшін Уәкілдің адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын көтермелеу және қорғау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заң жобаларын әзірлеу, заңнамасын жетілдіру жөніндегі ұсыныстарын дайындау;

2) Уәкілдің өз қызметі туралы жыл сайынғы баяндамасының жобасын, сондай-ақ арнаулы баяндамаларды дайындау және оларды тарату;

3) Уәкіл мен оның өкілдерінің Қазақстан Республикасы Құрылтайының отырыстарына, Қазақстан Республикасы Құрылтайының және оның жұмыс органдарының отырыстарына және Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттары қатысатын өзге де іс-шараларға, астана, облыстар немесе республикалық маңызы бар қалалар мәслихаттары сессияларының жалпы отырыстарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының, мемлекеттік органдарда құрылатын алқалы мемлекеттік және өзге де органдардың отырыстарына қатысуын ұйымдастыру;

4) Уәкілдің Қазақстан Республикасының Үкіметіне және өзге де мемлекеттік органдарға, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарына, өзге де ұйымдар мен лауазымды адамдарға ұсынуы үшін адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзушылықтардың профилактикасына және оларды қалпына келтіруге бағытталған шараларға қатысты ұсынымдар мен ұсыныстарды дайындау;

5) Уәкілдің уәкілетті мемлекеттік органдарға немесе лауазымды адамдарға адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзған адамға қатысты тәртіптік немесе әкімшілік іс жүргізуді не қылмыстық құқық бұзушылық бойынша іс жүргізуді жүзеге асыру туралы өтінішхаттарын дайындау;

6) "Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында көрсетілген міндеттерге сәйкес Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан Республикасының Үкіметіне, Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарына, Қазақстан Халық Кеңесіне және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына енгізу үшін Уәкілдің ұсыныстарын дайындау;

7) Уәкілдің атынан ұлттық алдын алу тетігінің басқа қатысушыларымен өзара іс-қимыл жасау;

8) Уәкілдің және оның өкілдерінің атынан және олардың тапсырмасы бойынша азаматтармен, қоғамдық бірлестіктермен, сарапшылармен, мемлекеттік органдармен, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарымен, сондай-ақ өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

9) жеке және заңды тұлғалардың шағымдарын немесе өзге де жолданымдарын қарау нәтижелері бойынша ұсыныстарды дайындау және Уәкілге және оның өкілдеріне енгізу;

10) Уәкілдің және Ұлттық орталық басшысының актілері негізінде өзге де функциялар.";

19-тармақта:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Ұлттық орталықтың және оның астанадағы, облыстардағы және республикалық маңызы бар қалалардағы өкілдіктерінің қызметкерлерін лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;"

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) Уәкілдің астанадағы, облыстардағы және республикалық маңызы бар қалалардағы өкілдеріне тәртіптік жазалар қолдану және көтермелеу шараларын қолдану туралы ұсынуларды Уәкілдің қарауына енгізеді;"

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Ұлттық орталықты қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Ұлттық орталыққа қарайтын астанадағы, облыстардағы және республикалық маңызы бар қалалардағы өкілдіктердің тізбесі:

- 1) Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың Астана қаласы бойынша өкілдігі;
- 2) Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың Абай облысы бойынша өкілдігі;
- 3) Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың Ақмола облысы бойынша өкілдігі ;
- 4) Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың Ақтөбе облысы бойынша өкілдігі ;
- 5) Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың Алматы облысы бойынша өкілдігі;
- 6) Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың Атырау облысы бойынша өкілдігі ;
- 7) Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың Батыс Қазақстан облысы бойынша өкілдігі;
- 8) Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың Жамбыл облысы бойынша өкілдігі;
- 9) Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың Жетісу облысы бойынша өкілдігі;
- 10) Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың Қарағанды облысы бойынша өкілдігі;
- 11) Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың Қостанай облысы бойынша өкілдігі;
- 12) Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың Қызылорда облысы бойынша өкілдігі;
- 13) Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың Маңғыстау облысы бойынша өкілдігі;
- 14) Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың Павлодар облысы бойынша өкілдігі;
- 15) Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың Солтүстік Қазақстан облысы бойынша өкілдігі;
- 16) Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың Түркістан облысы бойынша өкілдігі;
- 17) Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың Ұлытау облысы бойынша өкілдігі;
- 18) Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың Шығыс Қазақстан облысы бойынша өкілдігі;
- 19) Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың Алматы қаласы бойынша өкілдігі;
- 20) Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың Шымкент қаласы бойынша өкілдігі."

22. "Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 19 наурыздағы № 1042 Жарлығында:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Конституциясының 46-бабының 21) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 38-бабының 1-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия туралы ережеде:

13-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Президент Әкімшілігінің Ішкі саясат бөлімі адам құқықтары мен жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын қарау мәселелері құзырында болатын астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың әкімдері аппараттарының лауазымды адамдарына ұйымдастыру-әдістемелік, ақпараттық және өзге де көмек көрсетеді."

23. "Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетін құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 28 наурыздағы № 1050 Жарлығында:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 20-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасында құқықтық статистика және арнайы есепке алу жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті туралы ережеде:

12-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер Комитетке Қазақстан Республикасының заңдарымен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджетке жіберіледі.";

15-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) мемлекеттік органдарға (Қазақстан Республикасының Президентіне және оның Әкімшілігіне, Вице-Президентке, Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесіне, Қазақстан Республикасының Құрылтайына және оның депутаттарына, Қазақстан Халық Кеңесіне, Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотына, Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесіне, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына келіп

түсетін жолданымдарды қоспағанда) келіп түсетін жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын, хабарларын, сұрау салуларын, үн қосуларын және ұсыныстарын талдау;"

24. "Заңдар жобаларын қараудың басымдығын белгілеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 29 сәуірдегі № 1074 Жарлығында: кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Конституциясы 47-бабының 1-тармағына және 60-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 26-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Заңдар жобаларын қараудың басымдығын белгілеу ережелерінде:

2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Әдетте, басым ретпен қарауды Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Құрылтайының қарауына енгізілген немесе енгізілуге дайын заң жобаларына қатысты белгілейді.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің жолдауымен басым деп белгіленген және Қазақстан Республикасы Құрылтайының қарауына әлі енгізілмеген заң жобалары тиісті мемлекеттік органдармен келісілуге және оларды Қазақстан Республикасының Үкіметі бір ай мерзімде Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне қарауға ұсынуға тиіс.

Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісілгеннен кейін мұндай заң жобаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі он күн мерзімде Қазақстан Республикасы Құрылтайының қарауына енгізеді.";

7-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Құрылтайдың заң жобасын қарауды басым деп белгілеу қажеттілігіне негіздеме;"

25. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ережеде:

11-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Қазақстан Ұлттық Банкіне Қазақстан Республикасының заңдарында және осы Ережеде белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Ұлттық Банкінің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастар жасауға тыйым салынады.";

13-тармақта:

1) тармақшаның алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Ұлттық Банк туралы заң), Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру;"

2) тармақшаның алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Ұлттық Банк туралы заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де міндеттер.";

14-тармақта:

3-1) тармақшада орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) банкаралық ақша аударымдары жүйесін, банкаралық клиринг жүйесін және пайдаланушылар арасында теңгемен ақша аударымдарын жүргізуді қамтамасыз ететін басқа да төлем жүйелерін реттейді және қадағалауды (оверсайт) жүзеге асырады;"

65) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"65) Ұлттық Банк туралы заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.";

16-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасын лауазымға Қазақстан Республикасының Президенті 6 жыл мерзімге тағайындайды және оны лауазымынан Қазақстан Республикасының Президенті босатады.";

17-тармақта:

5) және 6) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"5) Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде өз құзыреті шегінде Қазақстан Ұлттық Банкінің атынан өкілдік етеді;

6) Қазақстан Республикасының заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің актілері, Қазақстан Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілері, Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының, Ақша-кредит саясаты комитетінің және Директорлар кеңесінің қаулылары негізінде және (немесе) оларды орындау үшін Қазақстан Ұлттық Банкі қызметінің мәселелері бойынша бұйрықтар мен өкімдер шығарады, Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының, Ақша-кредит саясаты комитетінің және Директорлар кеңесінің қаулыларына қол қояды;"

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы не оның орынбасары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қаралуы Қазақстан Ұлттық Банкінің құзыретіне жатқызылған әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша әкімшілік жаза қолдану туралы шешім қабылдайды.";

19-тармақта:

екінші бөлікте:

екінші абзацтың 26-1) тармақшасында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

төртінші абзацтың 25) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"25) Ұлттық Банк туралы заңға, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне сәйкес Қазақстан Ұлттық Банкінің өзге де құқықтық актілерін бекіту жатады.";

үшінші бөлікте:

10) тармақшада орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

14-1) тармақшада орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

49) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"49) Ұлттық Банк туралы заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген, Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының құзыретіне жатқызылған өзге де өкілеттіктер мен функцияларды жүзеге асырады.";

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы Ұлттық Банк туралы заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және осы Ережеде айқындалған, Қазақстан Ұлттық Банкінің құзыретіне кіретін кез келген мәселені қарауға және ол бойынша шешім қабылдауға құқылы.".

26. "Қазақстан Республикасының дипломатиялық және оған теңестірілген өкілдігі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 4 ақпанадағы № 1287 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының дипломатиялық және оған теңестірілген өкілдігі туралы ережеде:

5-тармақтың төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"орналасқан мемлекетімен не халықаралық ұйыммен өзара қарым-қатынаста Қазақстан Республикасының Егемендігін, қауіпсіздігін, аумақтық тұтастығын және шекарасының мызғымастығын қорғауды, оның саяси, сауда-экономикалық және өзге де мүдделерін дипломатиялық жолдармен және әдістермен қамтамасыз ету";

6-тармақтың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасы Құрылтайының Төрағасы, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі және Қазақстан Республикасының басқа да ресми тұлғалары қатысатын іс-шараларды протоколдық-ұйымдастырушылық тұрғыдан қамтамасыз етуді жүзеге асырады";

12-тармақтың бірінші бөлігінде орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

27-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"27. Өкілдіктің ғимаратында, Төтенше және Өкілетті Елшінің (Тұрақты өкілдің) резиденциясында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы көтеріледі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілінде және орналасқан мемлекеті (халықаралық ұйым) белгілейтін тілде өкілдік нысаны (резиденция атауын) және Қазақстан Республикасына тиістілігі көрсетілген қалқан орнатылады."

27. "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызмет өткеру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 25 мамырдағы № 124 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызмет өткеру қағидаларында:

8-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) әскери қызметке (әскери жиындарға) шақырылғандар үшін – жергілікті әскери басқару органынан (астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қаланың) әскери қызмет өткеру (жиындардан өту) орнына кету туралы тиісті бастықтың бұйрығы шыққан күн;"

20-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республиканың шегінен тысқары жерлерде тұратын, келісімшарт бойынша әскери қызметке, резервтегі әскери қызметке кіруге ниет білдірген Қазақстан Республикасының азаматы Қазақстан Республикасына тұрақты тұрғылықты жеріне келгеннен кейін ғана өтініш береді.";

25-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Медициналық куәландыруды астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, қалалар мен аудандардың жергілікті атқарушы органының тұрақты жұмыс істейтін медициналық комиссиясы жүргізеді.";

73-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне, Қазақстан Республикасы Құрылтайының аппаратына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына – Қазақстан Республикасы Үкіметінің актісі негізінде;"

94-1-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Запастағы сержант" ("запастағы бірінші сатылы старшина") әскери атағын әскери кафедра (әскери факультет) бастығының ұсынуы бойынша жергілікті (астананың, облыстың және республикалық маңызы бар қаланың) әскери басқару органының басшысы береді.";

152-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"152. Аттестаттау жүргізілген адам аттестаттау тәртібінің бұзылуына және объективті болмауына шағымды аттестаттау нәтижелерімен танысқан күннен бастап

үш айдан кешіктірмей, тікелей бастық арқылы (команда бойынша) жоғары тұрған лауазымды адамдарға бере алады. Бұл ретте әр адамның соттың қорғауына құқығы бар."

28. "Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Кешірім жасау мәселелері жөніндегі комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 5 шілдедегі № 140 Жарлығында:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Конституциясының 46-бабының 16) тармақшасына және "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 38-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН**";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Кешірім жасау мәселелері жөніндегі комиссия туралы ережеде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Кешірім жасау мәселелері жөніндегі комиссия туралы осы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Конституциясының 46-бабының 16) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 22-бабының 5) тармақшасына және 38-бабының 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Кешірім жасау мәселелері жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) қызметінің және кешірім жасау туралы өтінішхаттарды қараудың тәртібін белгілейді.";

8-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Комиссияның құрамына Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттары, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері және өзге де адамдар кіруі мүмкін."

29. "Қазақстан Республикасы Президентінің "Алтын сапа" сыйлығын алуға арналған конкурс және "Қазақстанның үздік тауары" республикалық көрме-конкурсы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 9 қазандағы № 194 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген "Қазақстанның үздік тауары" республикалық көрме-конкурсын өткізу және дипломант атағын беру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы "Қазақстанның үздік тауары" республикалық көрме-конкурсын (бұдан әрі – конкурс) ұйымдастырушы (бұдан әрі – конкурсты ұйымдастырушы) болып табылады, астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың кәсіпкерлер палаталары "Қазақстанның үздік тауары" өңірлік көрме-конкурстарын ұйымдастырушылар (бұдан әрі – өңірлік конкурстарды ұйымдастырушылар) болып табылады. Конкурсты ұйымдастыру тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте осы мақсаттарға көзделген қаражат

есебінен және оның шегінде жүзеге асырылады. "Қазақстанның үздік тауары" өңірлік көрме-конкурстарын ұйымдастыру астана, облыстар және республикалық маңызы бар қала әкімдіктерінің жергілікті бюджеттері қаражаты есебінен және оның шегінде жүзеге асырылады."

30. "Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Азаматтық мәселелері жөніндегі комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 10 қазандағы № 198 Жарлығында:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Конституциясының 46-бабының 15) тармақшасына және "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 38-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Азаматтық мәселелері жөніндегі комиссия туралы ережеде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Азаматтық мәселелері жөніндегі комиссия туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Конституциясының 46-бабының 15) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 22-бабының 3), 4) тармақшаларына және 38-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Азаматтық мәселелері жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) қызметінің тәртібін айқындайды.";

8-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Комиссия төрағадан, оның орынбасарынан, Комиссияның хатшысы мен өзге мүшелерінен тұрады. Комиссияны Қазақстан Республикасының Вице-Президенті басқарады. Қазақстан Республикасы Президентінің құқықтық мәселелер жөніндегі көмекшісі Комиссия төрағасының орынбасары, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Мемлекеттік құқық бөлімінің меңгерушісі хатшысы болып табылады.";

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Комиссия құрамына Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттары, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері және өзге де адамдар кіруі мүмкін.";

19-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"19. 18 жасқа толмаған, сондай-ақ әрекетке қабілетсіздігін сот таныған адамдарға қатысты азаматтықты өзгерту мәселелері жөніндегі өтінішхатты олардың заңды өкілдері нотариат куәландырған, ал басқа мемлекеттерде – Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері куәландырған баланың тууы туралы

куәлігінің көшірмесімен (асырап алушылар, қорғаншылар және қамқоршылар жергілікті атқару органы шешімінің көшірмесін тапсырады) не әрекетке қабілетсіз адамның жеке басын куәландыратын құжатпен бірге қоса береді.";

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Өтініш берушінің тұрғылықты жеріндегі ішкі істер органдары ресімделген материалдарды астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың полиция департаменттеріне жібереді, олар материалдарды тиісті ұлттық қауіпсіздік органдарымен келіседі.

Астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың полиция департаменттері материалдарды ұлттық қауіпсіздік органдарының пікірімен қоса Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне жібереді, ол өз қорытындысын жасайды және оны материалдармен бірге Комиссияның жұмыс органына ұсынады.";

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын адамдарға қатысты азаматтық мәселелері жөніндегі шешімдерді орындау – халықты құжаттандыру және тіркеу жөніндегі уәкілетті органға, ал Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде тұратын адамдарға қатысты Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріне жүктеледі .";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Азаматтық мәселелері жөніндегі комиссияның құрамында:

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі – төраға" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Вице-Президенті – төраға".

31. "Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 сәуірдегі № 314 Жарлығында:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Конституциясының 46-бабының 21) тармақшасына сәйкес ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігі мен тиімділігін арттыру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы ережеде:

6-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) орталық атқарушы органдардан және облыстардың (астананың, республикалық маңызы бар қаланың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарынан өзіне жүктелген міндеттерді орындауға қажетті ақпаратты, құжаттар мен материалдарды сұратады."

32. "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғыларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 шілдедегі № 364 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының ішкі қызмет жарғысында:

9-тармақтың бірінші бөлігінің 17) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"17) медициналық, педагогтік, ғылыми, шығармашылық қызметті жүзеге асыруға құқығы бар.";

12-тармақтың бірінші бөлігінің 8) және 9) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"8) жауынгерлік жолдастықты бағалай білуге, әскери қызметшілерді қауіптен құтқаруға, оларға сөзбен және ісімен көмектесуге, әр адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге, өзіне және басқаларға қатысты дөрекілік пен қорлауға жол бермеуге, олардың лайықсыз қылықтар жасауынан сақтандыруға;

9) әскери әдептілік, мінез-құлық және әскери сәлемдесу қағидаларын, әскери қызмет міндеттерін орындау кезінде оны киіп жүру қағидаларын сақтай отырып, әскери киім нысанын киіп жүруге, әрдайым және барлық жерде өзін абыроймен және лайықты ұстауға;"

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Әскери қызметші Қазақстан Республикасының қорғаушысы деген жоғары атаққа абыроймен қарап, лайық болуға, Қарулы Күштердің және өз әскери бөлімінің жауынгерлік даңқын, өзінің әскери атағын құрметтеуге тиіс.";

14-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қарулы Күштердегі жұмыс және іс жүргізу тілі мемлекеттік тіл болып табылады, орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен қатар қолданылады.";

20-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер әскери қызметші өз әскерлерінен қол үзіп қалғанда және қарсылық көрсетудің барлық құралдары мен тәсілдері қолданып таусылғанда немесе жарақаттану немесе контузия алу салдарынан дәрменсіз жағдайда болғанда қарсыластың тұтқынына түскен болса, ол өзін және басқа да әскери тұтқындарды тұтқыннан босату және өз әскерлеріне қайтып оралу үшін кез келген мүмкіндікті қарауға және пайдалануға тиіс. Қарсылас тұтқынға алған әскери қызметші жауап алу кезінде тек өз тегін, атын, әкесінің атын, әскери атағын, туған күнін және жеке нөмірін айтады. Ол жауынгер қадір-қасиеті мен абыройына лайық болуға, мемлекеттік құпияларды қастерлеп сақтауға, табандылық пен батылдық танытуға, тұтқындағы басқа әскери қызметшілерге көмек көрсетуге, оларды жауға жәрдемдесуден сақтандыруға, қарсыластың әскери тұтқынды Қазақстан Республикасына залал келтіру үшін пайдалану әрекеттерін тойтаруға міндетті.";

22-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Арнайы міндеттерді орындау үшін әскери қызметшілерге заңдарда және жалпыәскери жарғыларда айқындалатын қосымша құқықтар берілуі мүмкін.";

36-тармақтың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) өз өкілеттіктері шегінде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы және басқа да заңдары талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.";

38-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) бағыныстыларға кішіпейілділік пен ілтипаттылық танытуға, өзара қарым-қатынастарда әдепсіздік пен дөрекілікке жол бермеуге, олардың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеумен жоғары талап қоюды және принциптілікті үйлестіруге;"

62-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) бригаданың жеке құрамын Қазақстан халқына және Президентіне адал болу, этносаралық және конфессияаралық келісім, қазақстандық патриотизм, заңдарды сақтау, әскери борыш пен әскери антқа адал болу, жалпыәскери жарғылар мен командирлер (бастықтар) бұйрықтарының талаптарын мүлтіксіз орындау рухында тәрбиелеу жөніндегі жұмысты жүргізуге;"

64-тармақтың бірінші бөлігінің 53) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"53) өз өкілеттіктері шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың және басқа да заңдардың орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.";

73-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) өз өкілеттіктері шегінде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы және басқа да заңдары талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге;"

75-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) өз өкілеттіктері шегінде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы және басқа да заңдар талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге;"

79-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) өз өкілеттіктері шегінде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы және басқа да заңдар талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге;"

108-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) батальонның (корабльдің) жеке құрамын Қазақстан Республикасының халқына және Президентіне адалдық, этносаралық және конфессияаралық келісім, қазақстандық патриотизм, заңдарды сақтау, әскери борышқа және әскери антқа адал болу, жалпыәскери жарғылар мен командирлер (бастықтар) бұйрықтарының талаптарын

мүлтіксіз орындау, экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл, жеке құрамды құрылымды бұзатын идеологияның ықпал етуінен қорғау рухында тәрбиелеу жөніндегі жұмысты жүргізуге;"

128-тармақтың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) өз өкілеттіктері шегінде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы және басқа да заңдары талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге;"

130-тармақтың 12) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"12) өз өкілеттіктері шегінде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы және басқа да заңдары талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге;"

132-тармақтың 11) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"11) өз өкілеттіктері шегінде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы және басқа да заңдары талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге;"

134-тармақтың 14) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"14) өз өкілеттіктері шегінде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы және басқа да заңдары талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге;"

136-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) өз өкілеттіктері шегінде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы және басқа да заңдары талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге;"

138-тармақтың 16) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"16) өз өкілеттіктері шегінде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы және басқа да заңдары талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге;"

140-тармақтың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) өз өкілеттіктері шегінде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы және басқа да заңдары талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге;"

142-тармақтың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) өз өкілеттіктері шегінде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы және басқа да заңдары талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге;"

144-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) батыл және тәртіпті болуға; өзін ар-намысы мен қадір-қасиетпен ұстауға, қоғамдық тәртіптің бұзылуына, лайықсыз теріс қылықтарға жол бермеуге және жолдастарын олардан сақтандыруға;"

151-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бастық бағыныстыға бұйрық береді және олардың орындалуына бақылауды жүзеге асыруға міндетті. Командир (бастық) бағынысындағы үшін әдептілік пен ұстамдылықтың үлгісі болуға тиіс. Бағыныстының ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлайтын іс-қимылы үшін бастық жауапты болады.";

159-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"159. Әскери қызметшілер әрдайым жоғары мәдениеттің, қарапайымдылық пен ұстамдылықтың үлгісі ретінде қызмет етуге, өзінің ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға және басқалардың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге тиіс.";

167-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Отанның бостандығы мен Тәуелсіздігі үшін болған ұрыстарда, әскери борышын орындау кезінде қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштері мен қабірлеріне тағзым етуге;"

168-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Отанның бостандығы мен Тәуелсіздігі үшін болған ұрыстарда, әскери борышын орындау кезінде қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштері мен қабірлеріне тағзым етеді;"

251-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"251. Әскери қызметші табиғатқа ұқыпты қарауға және өзінің күнделікті қызметі барысында оның байлығын қорғауға міндетті. Бұл үшін ол әскери бөлімде (бөлімшеде) болатын негізгі ластау көздерін білуге және су ресурстарының, ауаның, жердің ластануын болдырмау, жануарлар мен өсімдіктер әлемін сақтау жөніндегі қағидалармен және нұсқаулықтармен көзделген іс-шараларды қатаң орындауға тиіс.";

266-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Лауазымды адам "Тік тұр" командасын беріп, тексеруге кіріседі. Ол тексеру басталар алдында олардың жасаған ерліктері үшін немесе құрметті сарбаз ретінде ротаның (бөлімшенің) тізіміне мәңгі енгізілген әскери қызметшілердің әскери атағын, тегін атайды. Көрсетілген әскери қызметшілердің тегін атаған кезде бірінші взводтың оң қапталдағысы: "Мынадай (әскери атағы мен тегі) әскери міндетін орындау кезінде Отанның бостандығы мен Тәуелсіздігі үшін ұрыста ерлікпен қаза тапты" немесе "Ротаның құрметті сарбазы (әскери атағы мен тегі) запаста (отставкада)" деп баяндайды."

386-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Әскери эшелонның (команданың) бастығы әскери эшелонды (команданы) тасымалдау және қамтамасыз ету мәселелері бойынша келіссөздер жүргізу үшін көліктің байланыс құралдарын (телефонды, радионы) пайдаланады.";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының гарнизондық және қарауылдық қызметтер жарғысында:

"Отанның азаттығы мен тәуелсіздігі үшін ұрыстарда, әскери борышын орындау кезінде қаза тапқан жауынгерлердің ескерткішіне және қабіріне гүл себетін (гүл шоғын, гүлдесте) қою кезінде әскери құрмет көрсету" деген кіші бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Отанның азаттығы мен Тәуелсіздігі үшін ұрыстарда, әскери борышын орындау кезінде қаза тапқан жауынгерлердің ескерткішіне және қабіріне гүл себетін (гүл шоғын, гүлдесте) қою кезінде әскери құрмет көрсету";

66-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"66. Әскери бөлімдердің делегациялары Отанның азаттығы мен Тәуелсіздігі үшін ұрыстарда, әскери борышын орындау кезінде қаза тапқан жауынгерлердің ескерткішіне және қабіріне гүл себетін (гүл шоғын, гүлдесте) қояды.";

234-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"234. Гауптвахта әртүрлі негіздемелер бойынша гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілер, сондай-ақ әртүрлі санаттағы әскери қызметшілер (заңдарға сәйкес құрамдағы) жынысына (ер, әйел) байланысты осы Жарғының 217-тармағының талаптарына сәйкес бөлек ұсталатындай етіп жабдықталады.";

303-тармақтың 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"10) төсек керек-жарағын, газетті, жалпыәскери жарғыларды, заңдарды және оқу әдебиетін уақтылы беруге,";

317-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) оның құқықтарының, ар-намысы мен қадір-қасиетінің заңмен ерекше қорғалуын";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының тәртіптік жарғысында:

4-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) өзін абыроймен және лайықты ұстауға, өзі лайықсыз қылық жасамауға және басқалардың оны жасауына жол бермеуге, азаматтардың ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға жәрдемдесуге,";

5-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) командирлердің (бастықтардың) жеке үлгі-өнеге көрсетуімен және бағыныстыларға әскери қызмет міндеттерін олардың тиісті орындауы үшін күнделікті талап қоюымен, олардың орындаушылығын ұдайы бақылаумен, әскери қызметшілердің құқықтарын және ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеумен, оларға үнемі қамқорлық жасаумен, көтермелеу, сендіру, мәжбүрлеу және ұжымның қоғамдық ықпал ету шараларын шебер үйлестірумен және дұрыс қолданумен,";

14-тармақта:

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) бағыныстыларды заңнаманың, әскери анттың, жалпыәскери жарғылардың, командирлер (бастықтар) бұйрықтарының талаптарын мүлтіксіз орындау рухында

тәрбиелеуге және оларда ар-намыс мен қадір-қасиет сезімін, әскери борышын үлгілі орындауға талпынысты дамытуға және қолдауға;"

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) бағыныстыларды, олардың жеке басын және ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге, бағыныстыларға дөрекілік көрсетуге және оларды кемсітуге жол бермеуге, олар үшін заңнаманы, жалпыәскери жарғылар мен бұйрықтарды қатаң сақтаудың тұрақты үлгісі болуға;"

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының тәртіптік жарғысына 1-қосымшада:

5) тармақшаның екінші бөлігінің алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"әскери қызметшінің әскери киім нысанында қоғамдық орынға адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін және қоғамдық имандылықты қорлайтын, алкогольдік немесе есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, сол тектес затты медициналық емес мақсатта тұтыну салдарынан өзге де масаң күйде келуі;"

33. "Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі "Парыз" конкурсы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 523 Жарлығында :

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі "Парыз" конкурсын өткізудің ережелерде:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Үміткерлер материалдарды осы ережелерге сәйкес ресімдейді және астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына қағаз және электрондық жеткізгіштерде ұсынады;"

8-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) жыл сайын 1 қазанға дейін – жергілікті атқарушы органдардың әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі астана комиссиясының, облыстық комиссиялардың, республикалық маңызы бар қалалар комиссияларының алдын ала жасаған қорытындыларын, конкурсқа қатысуға үміткерлердің өтінімдерін бір данада Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне жіберуі;"

9-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) үміткерлердің өтінімдерін бағалау үшін құрамына астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың ұлттық кәсіпкерлер палатасының, кәсіптік одақтардың аумақтық бірлестіктерінің өкілдері кіретін сараптамалық жұмыс тобын құрады;"

11-3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11-3. Әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі астананың комиссиясы, облыстық комиссиялар және республикалық маңызы бар қалалардың комиссиялары сараптамалық жұмыс топтарының қорытындылары

негізінде алдын ала қорытынды жасайды және конкурстың өңірлік кезеңінің жеңімпаздарын айқындайды.

Жергілікті атқарушы органдар әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі астана комиссиясының, облыстық комиссиялардың және республикалық маңызы бар қалалар комиссияларының алдын ала қорытындыларын, үміткерлердің конкурсқа қатысуға өтінімдерін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне жібереді.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі астана комиссиясының, облыстық комиссиялардың және республикалық маңызы бар қалалардың комиссияларының алдын ала қорытындыларын қарағаннан кейін түпкілікті қорытынды жасап, оны үміткерлердің материалдарымен бірге Комиссияның қарауына ұсынады.";

16-1 және 16-2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"16-1. Астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары конкурстың өңірлік кезеңін өткізу процесін жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жария етуді және конкурстың республикалық кезеңіне қатысуға ұсынылатын үміткерлердің тізімін жариялауды қамтамасыз етеді.

16-2. Ұйымдастырушылар мен астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары конкурс жеңімпаздарының үлгісінде әлеуметтік жауапкершіліктің үздік тәжірибесін таратуды ұйымдастырады.";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі "Парыз" конкурсының лауреаттары атақтарын беру жөніндегі комиссия туралы ережеде:

8-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі астана комиссиясының, облыстық комиссиялардың және республикалық маңызы бар қалалардың комиссияларының алдын ала қорытындыларын қарау, түпкілікті қорытынды жасау, оны және үміткерлердің материалдарын Комиссияның қарауына ұсыну;"

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі "Парыз" конкурсының лауреаттары атақтарын беру жөніндегі комиссияның лауазымдық құрамында:

"Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы (келісім бойынша)" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Құрылтайының Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы (келісім бойынша)";

"Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы (келісім бойынша)" деген жол алып тасталсын.

34. "Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің штат саны мен құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 11 ақпандағы № 533 Жарлығында:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 20-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің құрылымында:

"Қазақстан халқы Ассамблеясының хатшылығы" деген жол алып тасталсын;

"Мемлекеттік кеңесшінің хатшылығы" деген жол алып тасталсын.

35. "Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 11 наурыздағы № 552 Жарлығында:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Конституциясы 46-бабының 20), 22) тармақшаларына , 47-бабының 1-тармағына, "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 20-бабының 2-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі туралы ережеде:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Ереже Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңдарына және нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің мәртебесін, миссиясын, негізгі міндеттері мен функцияларын, өкілеттігін, жұмысының ұйымдастырылуын айқындайды.";

9-тармақта:

1) тармақшаның жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Құрылтайына қатысты (бұдан әрі – Құрылтай);";

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасы Вице-Президентінің (бұдан әрі – Вице-Президент), Қазақстан Халық Кеңесінің және Президент жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың қызметін қамтамасыз ету;"

13-тармақтың 1) тармақшасында:

бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Құрылтайдың заңнамалық құзыретіне кірмейтін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген Үкіметтің және басқа да мемлекеттік

органдардың құзыретіне жатпайтын мәселелерді оның жарлықтарымен құқықтық реттеу туралы";

он екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"жергілікті өкілді және атқарушы органдарға, астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың әкімдеріне қатысты өңірлік саясат саласында";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Президенттің Құрылтайға қатысты өкілеттіктерін іске асыруын қамтамасыз ету үшін Әкімшілік мынадай функцияларды орындайды:

1) Президенттің заң шығарушылық бастамашылығы құқығын іске асыру мақсатында заңдар жобаларын әзірлеуді ұйымдастырады, оларға құқықтық және өзге де сараптама жүргізіп, әзірлейді, олардың Құрылтайға енгізілуін қамтамасыз етеді және оларға Құрылтайда өкілдік етеді;

2) Президентке:

Құрылтайдың заңдар жобаларының қарауы басымдылығын айқындау жөнінде;

Құрылтайдың отырыстарына қатысуы жөнінде;

Президенттің Құрылтай, партиялық фракциялар басшылығымен және депутаттық топтармен, Құрылтайдың жекелеген депутаттарымен кездесуін өткізу бойынша ұсыныстар енгізеді;

3) Президентке қол қоюға енгізілетін Қазақстан Республикасы заңдарына құқықтық және өзге де сараптаманы жүзеге асырады;

4) Президенттің шешімі бойынша қайталап талқылап, дауыс беру үшін заңдарды немесе олардың жекелеген баптарын Құрылтайға қайтаруды қамтамасыз етеді;

5) Құрылтайда Президент мүддесін, соның ішінде қол қоюға ұсынылған заңдарға қарсылықтар бойынша Құрылтайда Президенттің ұстанымын білдіреді;

6) Құрылтайдағы заңнамалық үдерістің жай-күйі және олар қарайтын мәселелер туралы Президентті тұрақты хабардар етіп отырады, Президенттің заңдар жобалары бойынша ұстанымын түсіндіреді";

16-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) Үкіметте әзірленген заңдар жобаларын олар Құрылтайға енгізілгенге дейін белгіленген тәртіппен құқықтық және өзге де сараптамадан өткізіп, келіседі";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Президенттің Конституциялық Сотқа қатысты өкілеттіктерін іске асыруды қамтамасыз ету үшін Әкімшілік Қазақстан Республикасы Конституциясының 73-бабында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциясының 46-бабының 11) тармақшасында көзделген жағдайларда, Президенттің жолданымдарын дайындау жөніндегі функцияны жүзеге асырады.";

18-тармақтың 1) тармақшасының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жоғары Сот Кеңесінің ұсынымы бойынша Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы мен судьяларын қызметке сайлау және қызметтен босату үшін";

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Жергілікті өкілді және атқарушы органдарға, астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың әкімдеріне қатысты және өңірлік саясат саласында Президент өкілеттіктерін іске асыруды қамтамасыз ету үшін Әкімшілік мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) белгіленген тәртіппен астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін бағалауды ұйымдастырып, өткізуді қамтамасыз етеді;

2) өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына мониторинг пен талдау жүргізіп, өңірлердегі істердің жағдайы туралы Президентті хабардар етіп отырады;

3) жергілікті атқарушы органдар басшыларының халықпен есеп беру кездесуін өткізуіне бақылауды жүзеге асырады;

4) Президентке:

астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың әкімдері мен жергілікті атқарушы органдарының қызметін жетілдіру туралы;

астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың әкімдері актілерінің күшін жою не толық немесе ішінара тоқтата тұру туралы;

өңірлік даму стратегиялары мен бағдарламалары, жергілікті өкілді органдар мен атқарушы органдардың сындарлы бірлескен жұмысы, олардың елдің орталық органдарымен өзара іс-қимылы бойынша;

кажет болған жағдайда, мәслихаттың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату мәселесі бойынша ұсыныстар енгізеді.";

22-тармақта:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) елдегі жағдай және Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы Президенттің Қазақстан халқына Жолдауының жобасын дайындауды жүзеге асырады;"

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) мемлекеттік органдардың мемлекеттік саясатты, Президенттің, Вице-Президенттің актілері мен тапсырмаларын іске асыруына, соның ішінде тексеру жүргізу арқылы, бақылауды жүзеге асырады;"

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"13) Үкімет, орталық мемлекеттік органдар, астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, лауазымды адамдар қызметі нәтижелерінің Президентте қаралуына дайындықты қамтамасыз етеді;"

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"15) Вице-Президенттің, Қазақстан Халық Кеңесінің, Президент жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың қызметін ақпараттық-талдамалық, ұйымдастыру

және құжаттамалық қамтамасыз етуді, олардың шешімдерінің орындалуына бақылауды жүзеге асырады;";

24-тармақта:

7) және 8) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"7) Президент актілерінің орындалуы мен сақталуын, оның тапсырмаларының орындалуын, осы мақсаттарда Әкімшілікте құжаттардың өтуін бақылау жөніндегі, сондай-ақ Президент қатысатын іс-шараларды дайындау мәселелері бойынша жұмысты үйлестіреді, сонымен қатар Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органдарының басшыларын шақыра отырып, Әкімшіліктің басшы қызметкерлерімен кеңестер өткізеді;

8) Президенттің қол қоюына Құрылтай қабылдаған заңдарды, жарлықтардың, өкімдердің жобаларын және қарауына Президентке жолданатын басқа да құжаттар мен материалдарды ұсынады;";

18), 19) және 20) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"18) Әкімшіліктің Құрылтаймен, Құрылтайдың жұмыс органдарымен және аппаратымен; Үкіметпен және Үкімет Аппаратымен; министрліктермен; Конституциялық Сотпен; Жоғарғы Сотпен; Жоғары Сот Кеңесімен, Президентке тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдармен; астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың әкімдерімен, мәслихаттарымен; саяси партиялармен және өзге де қоғамдық бірлестіктермен; бұқаралық ақпарат құралдарымен; жеке және заңды тұлғалармен байланысын тұрақты негізде қамтамасыз етеді;

19) Құрылтайдың ашық және жабық отырыстарына қатысуға құқылы;

20) Үкіметтің, орталық атқарушы органдардың, Президентке тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың және Президент жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың, Жоғары Сот Кеңесінің, Қазақстан Халық Кеңесінің Төралқасының отырыстары мен алқа жиналыстарына және Қазақстан Халық Кеңесінің сессияларына қатысуға құқылы;";

32-тармақта:

1) тармақшаның бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы астанасының, облыстарының және республикалық маңызы бар қалаларының әкімдеріне;";

4) және 5) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Қазақстан Республикасы заңдарының, Президент актілері мен тапсырмаларының орындалуы барысында анықталған жолсыздықтар мен кемшіліктерді жоюды талап етуге;

5) анықталған кемшіліктерді, Қазақстан Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасының Президенті актілерінің сақталмауы және оның тапсырмаларының орындалмауы фактілерін болдырмау жөнінде ұсынымдар әзірлеуге;";

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) Әкімшілік жүргізген тексерулердің нәтижелерін Қазақстан Республикасының Президентіне жүйелі түрде баяндауға құқылы."

36. "Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 954 Жарлығында:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Орталық мемлекеттік органдар мен астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі туралы";

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Орталық мемлекеттік органдар мен астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН**";

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Орталық мемлекеттік органдар мен астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі бекітілсін.

2. Өздеріне қатысты олардың қызметінің тиімділігіне бағалау жүргізілетін мынадай мемлекеттік органдар айқындалсын:

1) осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес орталық мемлекеттік органдар;

2) астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – жергілікті атқарушы органдар).";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесінде:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Орталық мемлекеттік органдар мен астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Орталық мемлекеттік органдар мен астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі (бұдан әрі – Жүйе) орталық мемлекеттік органдар мен астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – бағаланушы мемлекеттік органдар) қызметінің тиімділігін арттыру үшін әзірленді.";

7-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Вице-Президентінің, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің актілері мен тапсырмаларының орындалуы мәселелері бойынша бақылау нәтижелері;"

16-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Орталық мемлекеттік органдар мен астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігіне жыл сайынғы бағалау жүргізу жөніндегі жұмыстарды мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау жүйесін әдіснамалық дамытудың тәсілдерін айқындау, олардың тиімділігінің көрсеткіштерін айқындау, сондай-ақ ұлттық және ведомстволық статистиканың уақтылы және анық деректеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету бөлігінде үйлестіруді Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі жүзеге асырады.";

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Осы блок бойынша операциялық бағалауды:

1) Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы мемлекеттік органдардың даму жоспарларының, астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың даму жоспарларының мақсаттарына қол жеткізуі бойынша мемлекеттік органдардың тиімділігін бағалау бөлігінде;

2) бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бюджеттік бағдарламалардың көрсеткіштеріне қол жеткізуі бойынша мемлекеттік органдардың тиімділігін бағалау бөлігінде жүзеге асырады.";

73-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"73. Бағалау қорытындылары бойынша бағаланатын мемлекеттік органның операциялық бағалау блогы және (немесе) бірыңғай рейтинг бойынша рейтингте соңғы үш позицияның бірінде болғаны, сондай-ақ сеніп тапсырылған саладағы (қызмет саласындағы) ахуалдың үш жыл қатарынан нашарлағаны анықталған жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған құзыретіне байланысты тиісті мемлекеттік саяси қызметшінің және (немесе) орталық мемлекеттік органның аппарат басшысының, астана, облыс, республикалық маңызы бар қалалар әкімінің аппараты басшысының жауаптылығы мәселесін қарау туралы ұсыныс енгізеді.".

37. "Қазақстан Республикасы Президентінің жолдауын дайындау және іске асыру, актілерімен және тапсырмаларымен жұмыс істеу және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру, нормативтік құқықтық жарлықтарға мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 27 сәуірдегі № 976 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жолдауын дайындау және іске асыру, актілерімен және тапсырмаларымен жұмыс істеу

және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру, нормативтік құқықтық жарлықтарға мониторинг жүргізу қағидаларында:

4-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Президенттің тапсырмалары – өңірлік сапарлардың, халықаралық және қоғамдық маңызы бар іс-шаралардың, жұмыс кеңестерінің, Президенттің қатысуымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырыстарының, Президент мәлімдемелерінің (үндеулерінің), Президент басшылық жасайтын консультативтік-кеңесші органдар, Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі (бұдан әрі – Қауіпсіздік Кеңесі), Қазақстан Халық Кеңесі (сессияның және Төралқаның шешімдері) және өзге де органдар отырыстарының қорытындылары бойынша берілген тапсырмалар; Президенттің қызметтік құжаттар, жеке және заңды тұлғалардың жолданымдары бойынша тапсырмалары, сондай-ақ Президенттің жеке тапсырмалары, соның ішінде оның әлеуметтік желілердегі ресми аккаунттарында және Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің (бұдан әрі – Президент Әкімшілігі) ресми аккаунттарында және бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған тапсырмалары;"

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Президенттің жолдауы – Президенттің елдегі жағдай мен ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы Қазақстан халқына арналған үндеуі;"

18-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, Президенттің жарлықтарына, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ ратификацияланған халықаралық шарттарға сәйкестігі;"

24-тармақтың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қажет болған кезде Президент актісінің жобасына Қазақстан Республикасының Вице-Президенті электрондық түрде виза қояды.";

28-тармақта:

бірінші бөліктің 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) Президент басшылық жасайтын консультативтік-кеңесші органдардың, Қауіпсіздік Кеңесінің, Қазақстан Халық Кеңесінің (сессияның және Төралқаның) және өзге де органдардың отырыстарын ұйымдастыру кезінде жүзеге асырылады.";

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 5), 6) және 7) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың қорытындылары бойынша тапсырмалардың жобалары хаттама түрінде, ал Қазақстан Халық Кеңесі сессиясының және Қауіпсіздік Кеңесі отырыстарының қорытындылары бойынша – шешім түрінде ресімделеді, оған, әдетте, Президент қол қояды.";

42-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) өңірлік сапарлардың, халықаралық және қоғамдық маңызы бар іс-шаралардың, Президент мәлімдемелерінің (үндеулерінің), жұмыс кеңестерінің, Президенттің қатысуымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырыстарының, Президент басшылық жасайтын консультативтік-кеңесші органдар, Қауіпсіздік Кеңесі, Қазақстан Халық Кеңесі (сессия және Төралқа) және өзге де органдар отырыстарының қорытындылары бойынша берілген Президенттің тапсырмалары (не тапсырмаларының тармақтары);";

42-1-тармақта:

бірінші бөлікте:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді немесе жаңа кодексті немесе заңды қабылдауды талап ететін тапсырмалар;";

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Қауіпсіздік Кеңесінің, Қазақстан Халық Кеңесінің (сессия және Төралқа) шешімдерінде қамтылған тапсырмалар;";

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Барлық өзге тапсырмалар бақылауды бекітуге немесе Президенттің немесе Президент Әкімшілігі Басшысының, Қазақстан Республикасы Вице-Президентінің, Қауіпсіздік Кеңесі Хатшысының қарарының мазмұнына сәйкес Үкіметтің немесе орталық мемлекеттік немесе жергілікті атқарушы органның бақылауына қойылады.";

50-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"50. Президенттің актілері мен тапсырмаларын орындау осы актілерде және тапсырмаларда не олардың іске асырылуын бақылауды бекітуде көрсетілген мерзімдерде немесе Президентінің, Президент Әкімшілігі Басшысының, Қазақстан Республикасы Вице-Президентінің, Қауіпсіздік Кеңесі Хатшысының қарарларында көрсетілген мерзімдерде қамтамасыз етіледі.";

57-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Әзірлеушісі жергілікті атқарушы орган болып табылатын ұйымдастыру іс-шараларының жоспарын (жол картасын) астананың, тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың әкімі бекітеді.";

66-1-тармақтың, төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Тапсырмаларды уақтылы орындамау тәуекелдері және тапсырмаларды орындамаудың өзге де елеулі проблемалары болған кезде Президент Әкімшілігінің жауапты құрылымдық бөлімшелерінің басшылары – Президент Әкімшілігінің Басшысына, Қазақстан Республикасының Вице-Президентіне жеке берілген және Президентті жеке хабардар етуді талап етпейтін тапсырмалар бойынша – Қазақстан Республикасының Вице-Президентіне, Қауіпсіздік Кеңесінің шешімдерінде қамтылған тапсырмалар бойынша Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшысына хабарлайды және тиісті ұсыныстар енгізеді.";

66-3-тармақта:

бірінші бөліктің 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) заңнамалық түзетулерді немесе жаңа заңды қабылдау мәселелері бойынша – жауапты мемлекеттік органдардан осындай тапсырмалардың іске асырылу барысы туралы ақпаратты жұмыс тәртібімен сұрату, Қазақстан Республикасының Құрылтайындағы заң шығару процесінің жай-күйін мониторингтеу, сондай-ақ заңдардың нақты атауларын көрсетіп, заңдардың немесе заңнамалық түзетулердің жобаларын белгіленген тәртіппен Президент Әкімшілігімен алдын ала ресми келісе отырып, заң шығару процесінің ақпараттық жүйесін пайдалану арқылы;"

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Президент Әкімшілігінің жауапты құрылымдық бөлімшелерінің басшылары Қағидалардың осы тармағында көрсетілген тапсырмаларды уақтылы, сапалы, толық орындамау тәуекелдері және оларды орындамаудың өзге де елеулі проблемалары анықталған кезде – Президент Әкімшілігінің Басшысына, Қазақстан Республикасының Вице-Президентіне жеке берілген және Президентті жеке хабардар етуді талап етпейтін тапсырмалар бойынша – Қазақстан Республикасының Вице-Президентіне, Қауіпсіздік Кеңесінің шешімдерінде қамтылған тапсырмалар бойынша Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшысына хабарлайды және тиісті ұсыныстар енгізеді.";

71-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"71. Осы Қағидалардың 42-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген қызметтік және өзге де құжаттар бойынша Президенттің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісіне жеке берілген және Президентті жеке хабардар етуді талап етпейтін тапсырмаларының орындалу мерзімдерін ұзарту, орта мерзімді және ұзақ мерзімді бақылауға ауыстыру, жаңа орындау мерзімін белгілеу Қазақстан Республикасы Вице-Президентінің шешімімен жүзеге асырылуы мүмкін.";

76-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Халық Кеңесінің шешімдерінде қамтылған тапсырмаларды бақылаудан алуды Президент немесе Президент Әкімшілігінің Басшысы жүзеге асырады.";

76-1-тармақтың бесінші және алтыншы абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"егер тапсырмада аяқталу нысаны және (немесе) түпкілікті нәтижесі бойынша реттеу нысанасын көрсететін нақты атауы көрсетілген жеке заңды қабылдау көзделсе – мемлекеттік органның ресми есебі ұсынылмастан және Президент Әкімшілігінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің сараптамалық қорытындысы енгізілместен, Президенттің қол қою фактісі бойынша;

егер тапсырманың мазмұнында заңнамаға түзетулер қабылдау көзделсе – жауапты орындаушы мемлекеттік органның ресми есебі ұсынылмастан, Президент Әкімшілігінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қабылданған заңдардың нақты атауы және тапсырманы орындаудың қысқаша мазмұны көрсетілген сараптамалық қорытындысы негізінде;"

78-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"78. Осы Қағидалардың 42-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген қызметтік және өзге де құжаттар бойынша Президенттің Қазақстан Республикасының Вице-Президентіне жеке берілген және Президентті жеке хабардар етуді талап етпейтін тапсырмаларын бақылаудан алу Қазақстан Республикасы Вице-Президентінің шешімімен жүзеге асырылуы мүмкін."

38. "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының орындалуы туралы ақпаратты дайындау және оны Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына ұсыну , сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдар шешімдерінің жобаларын келісу және оларды іске асыру, Біріккен Ұлттар Ұйымы Адам құқықтары жөніндегі кеңесінің арнайы рәсімдерімен және адам құқықтары жөніндегі шарттық органдармен өзара іс-қимыл, Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен өтетін Қазақстан Республикасының халықаралық іс-шараларын дайындау, қол жеткізілген уағдаластықтарды орындау, халықаралық сот органдарымен өзара іс-қимыл және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының халықаралық қызметін үйлестіруді жүзеге асыру мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 12 тамыздағы № 1037 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының орындалуы туралы ақпаратты дайындау және оны Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына ұсыну, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдар шешімдерінің жобаларын келісу және оларды іске асыру, Біріккен Ұлттар Ұйымы Адам құқықтары жөніндегі кеңесінің арнайы рәсімдерімен және адам құқықтары жөніндегі шарттық органдармен өзара іс-қимыл, Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен өтетін Қазақстан Республикасының халықаралық іс-шараларын дайындау, қол жеткізілген уағдаластықтарды орындау, халықаралық сот органдарымен өзара іс-қимыл және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының халықаралық қызметін үйлестіруді жүзеге асыру қағидаларында:

15-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасы Президентінің, Вице-Президентінің қатысуымен – жоғары деңгейде;"

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Жоғары деңгейдегі іс-шаралардың мазмұндық бөлігін қамтамасыз ету мақсатында СІМ:

1) Президент Әкімшілігі жасайтын Қазақстан Республикасы Президентінің, Вице-Президентінің жұмыс кестесін ескере отырып, іс-шараларды өткізу мерзімін шетел тарапымен келісуді;

2) мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың берген ұсыныстарын ескере отырып, Қазақстан Республикасының Президентіне, Вице-Президентіне ақпараттық-талдау материалдарын дайындауды жүзеге асырады.";

21-тармақта:

16) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"16) Қазақстан Республикасы Президентінің, Вице-Президентінің шетелдерге сапары кезінде – баратын ел басшылығының атына алғысхаттардың жобаларын;"

19) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"19) электрондық жеткізгіште – алғаш рет кездесетін басшылардың суреттері және мүмкіндігінше Қазақстан Республикасы Президентінің, Вице-Президентінің кездесу өткізетін және баратын жерлерінің түрлі-түсті суреттерін қамтитын ақпараттық-талдау материалдары пакетін дайындауды қамтамасыз етеді.";

22, 23 және 24-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"22. СІМ жоғары деңгейдегі іс-шараны өткізуге дейін кемінде екі ай бұрын мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдарға қолда бар құжаттарды, ақпараттық-талдау материалдарын, алдағы іс-шараларға және Қазақстан Республикасының Президенті, Вице-Президенті тапсырмаларының жобасына ұсыныстарды беру туралы сұрату жібереді.

23. Мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдар сұрау салу келіп түскен кезден бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде немесе Президент Әкімшілігі белгілеген өзге де мерзімдерде алдағы іс-шараларға және Қазақстан Республикасының Президенті, Вице-Президенті тапсырмаларының жобасына қажетті ақпарат пен ұсыныстарды дайындауды және СІМ-ге ұсынуды қамтамасыз етеді.

СІМ-ге жолданатын Қазақстан Республикасы Президентінің, Вице-Президентінің келіссөздеріне арналған тезистердің жобасына мемлекеттік органның немесе ұйымның басшысы немесе басшының жетекшілік ететін орынбасары әр параққа бұрыштама қол қояды.

Сапасыз ақпарат ұсынылған жағдайда, СІМ ұсынылған ақпаратты мемлекеттік органға немесе ұйымға пысықтау үшін қайтаруға құқылы, олар үш жұмыс күні ішінде алдағы іс-шараларға және Қазақстан Республикасының Президенті, Вице-Президенті тапсырмаларының жобасына пысықталған ақпарат пен ұсыныстарды жібереді.

24. СІМ мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ұсыныстарын ескере отырып, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің қойылған қолымен іс-шара тұжырымдамасын Қазақстан Республикасы Президентінің, Вице-Президентінің атына Президент Әкімшілігіне іс-шараның өткізілуінен кемінде күнтізбелік отыз күн бұрын енгізеді. Бұл ретте тұжырымдаманы дайындау кезіне қарай жобалары Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарымен, Әділет министрлігімен, СІМ-мен және контрагенттермен келісілген, қол қою (жасасу) жоспарланған халықаралық шарттар тұжырымдамаға енгізіледі.";

26-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Президент Әкімшілігі ақпараттық-талдау материалдары пакетіне сараптама және қажеттілігіне қарай пысықтау жүргізіп, оны Қазақстан Республикасы Президентінің, Вице-Президентінің қарауына енгізеді.";

28-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"СІМ Қазақстан Республикасының Президенті, Вице-Президенті сұхбатының жазбаларын іс-шара өткізілгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде Президент Әкімшілігіне ұсынады.";

29-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"29. Жоғары деңгейдегі іс-шараға СІМ қатыспайтын жағдайларда, қол жеткізілген уағдаластықтарды тіркеуді Қазақстан Республикасы Президентінің сыртқы саяси қызметті қамтамасыз ететін көмекшісі немесе Қазақстан Республикасының Президенті, Вице-Президенті уәкілеттік берген өзге тұлға жүзеге асырады.";

29-1-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) ынтымақтастықтың негізгі бағыттары мен қол жеткізілген уағдаластықтарды көрсете отырып, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасарымен келісілген Қазақстан Республикасы Президентінің, Вице-Президентінің алғыс хатының жобасын ұсынады.";

30, 31, 32, 32-1, 33, 34 және 35-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Қол жеткізілген уағдаластықтар деп осы Қағидалардың 28 және 29-тармақтарына сәйкес тіркелген уағдаластықтар, сондай-ақ:

1) жоғары деңгейдегі іс-шаралар барысында қабылданған бірлескен мәлімдемелерде, декларацияларда, коммюникелер мен басқа да құжаттарда;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің, Вице-Президентінің тапсырмасы бойынша қол қойылған немесе қабылданған ведомствоаралық сипаттағы бірлескен құжаттарда;

3) жоғары деңгейдегі іс-шаралар нәтижелері бойынша хаттамаларда, меморандумдарда, ноталар мен хаттарда;

4) шетелдердің, халықаралық ұйымдардың, қаржы институттарының, шетелдік компаниялар мен фирмалардың басшыларына Қазақстан Республикасы Президентінің, Вице-Президентінің жеке жолдаулары мен хаттарында белгіленген ұсыныстар мен міндеттемелер (нормативтік құқықтық сипатта емес) болып табылады.

31. Қазақстан Республикасының Президенті, Вице-Президенті қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру мақсатында, қажеттігіне қарай Қазақстан Республикасының Үкіметіне, мемлекеттік органдарға және ұйымдарға тапсырмалар береді.

СІМ өз құзыреті шегінде Президенттің халықаралық мәселелер жөніндегі кеңесшісіне Қазақстан Республикасы Президентінің, Вице-Президентінің деңгейінде

тапсырманың жобасын дайындаудың орындылығы туралы негізделген ұсыныс енгізе алады.

Мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдар іс-шара аяқталғаннан кейін немесе шетелге сапар аяқталғаннан күнінен бастап екі жұмыс күні ішінде тапсырмалардың жобасына нақты ұсыныстарды СІМ-ге береді.

32. СІМ тіркелген уағдаластықтардың негізінде Қазақстан Республикасының Президенті, Вице-Президенті айқындаған тәртіппен Президенттің тапсырмаларының жобасын дайындауды жүзеге асырады, қарау және келісу үшін мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдарға жібереді.

Мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдар Қазақстан Республикасы Президентінің, Вице-Президентінің тапсырмалары жобасын қарау мен келісуді келіп түскен күнінен бастап екі жұмыс күні ішінде қамтамасыз етеді. Аталған мерзімде жазбаша жауап ұсынылмаған жағдайда тапсырмалар жобасы ескертулерсіз келісілді деп саналады.

СІМ Президент Әкімшілігіне мүдделі мемлекеттік органдармен келісілген, Премьер-Министр және Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі виза қойған Қазақстан Республикасының Президенті, Вице-Президенті тапсырмаларының жобасын іс-шара өткізілгеннен кейін немесе шетелге сапар аяқталған күнінен бастап жеті жұмыс күні ішінде қағаздағы және электрондық түрде ұсынады. Бұл ретте көрсетілген мерзімді ұзартуға жол берілмейді.

32-1. Президент Әкімшілігінің жауапты құрылымдық бөлімшесі тапсырмалардың жобасын үш жұмыс күні ішінде Президенттің халықаралық мәселелер жөніндегі кеңесшісімен, Президент Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасарымен және орынбасарларымен, мүдделі құрылымдық бөлімшелерге жетекшілік ететін Президенттің көмекшілерімен, Президент Кеңесінің бастығымен және Президенттің кеңесшілерімен, Мемлекеттік құқық бөлімімен және Жалпы бөліммен, сондай-ақ басқа да мүдделі құрылымдық бөлімшелермен электрондық түрде келіседі.

Тапсырмалардың жобасы Президент Әкімшілігінің Басшысына виза қоюға және Қазақстан Республикасы Президентінің, Вице-Президентінің қол қоюына қағаздағы және электрондық түрде енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті, Вице-Президенті тапсырмаларының қағаздағы түріндегі жобасына "Электрондық құжаттың көшірмесі дұрыс" деген мөртабанмен куәландырылған Президент Әкімшілігінде электрондық келісу парағының қағаздағы көшірмесі қоса беріледі.

Халықаралық іс-шара қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті, Вице-Президенті тапсырмаларының жобасы, қажет болған жағдайда Президент Әкімшілігі Басшысының шешімі бойынша пысықталады.

33. Мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдар Қазақстан Республикасы Президентінің, Вице-Президентінің тапсырмаларын орындау бойынша шаралар

қабылдайды және Президент Әкімшілігінде бекітілген бақылауды бекітудің негізінде әзірленген Үкімет Аппаратының Қазақстан Республикасының Президенті, Вице-Президенті тапсырмаларының орындалуын бақылауды бекітуінде белгіленген мерзімдерде СІМ-ге олардың іске асырылу барысы туралы есеп ұсынады.

СІМ Қазақстан Республикасына шетелдік инвестицияларды тарту саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын қазақстандық және шетелдік заңды тұлғалар арасындағы қол жеткізілген уағдаластықтардың орындалуын мониторингтеуді жүзеге асырады және әрбір тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5-күніне дейін мониторингтеудің нәтижелері туралы есепті Үкімет Аппаратына жібереді.

34. СІМ мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдар ұсынған, Қазақстан Республикасы Президентінің, Вице-Президентінің қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру үшін берілген тапсырмаларының орындалу барысы туралы есепті жинақтап-қорытып, талдайды және талдаудың нәтижелері бойынша Президент Әкімшілігінде бекітілген бақылауды бекітудің негізінде әзірленген Үкімет Аппаратының Қазақстан Республикасының Президенті, Вице-Президенті тапсырмаларының орындалуын бақылауды бекітуінде белгіленген мерзімдерде Үкімет Аппаратына жиынтық есепті жібереді.

35. Үкімет Аппараты жарты жылда бір рет, 15 маусымнан және 15 желтоқсаннан кешіктірмей, Президент Әкімшілігіне Қазақстан Республикасы Президентінің, Вице-Президентінің қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру үшін берілген тапсырмаларының орындалу барысы туралы жиынтық есеп ұсынады.";

41-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"41. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін халықаралық ұйымдарда білдіруге, қорғауға уәкілетті Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы халықаралық сот органдарына жүгіну туралы шешім қабылдаған жағдайда, өтінішті тиісті халықаралық сот органына жібергенге дейін 10 жұмыс күнінен кешіктірмей СІМ-ді, Сауда және интеграция министрлігін және Әділет министрлігін қабылданған шешім туралы хабардар етеді.";

44-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"44. Орталық мемлекеттік органдардың Дүниежүзілік сауда ұйымымен ресми хат алмасуын қоспағанда, орталық мемлекеттік органдар мен шетелдік мемлекеттік органдар, дипломатиялық өкілдіктер мен халықаралық ұйымдар арасындағы ресми хат алмасу, егер заңдарда, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерінде немесе күшіне енген Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында өзгеше көзделмесе, СІМ арқылы жүзеге асырылады.

Мәселелерді шетел тарапымен таяу арадағы бес күн ішінде пысықтау қажет болған жағдайда, жіберілген хаттар мен олардың мазмұны туралы кейіннен СІМ-ді хабардар ете отырып, орталық мемлекеттік органдардың шетелдік мемлекеттік органдарға,

дипломатиялық өкілдіктер мен халықаралық ұйымдарға хаттар жіберуіне жол беріледі.
".

39. "Өңірлерде сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылау органдарын жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 2 мамырдағы № 67 Жарлығында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қоса беріліп отырған астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың тексеру комиссиялары штат санының лимиттері бекітілсін.";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Облыстардың, астананың, республикалық маңызы бар қалалардың тексеру комиссиялары штат санының лимиттері осы өзгерістер мен толықтыруларға 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

40. "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының әскери киім нысаны мен айырым белгілері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 25 тамыздағы № 144 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының әскери киім нысаны мен айырым белгісі үлгілерінің сипаттамасы мен суретінде:

60-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"60. Жоғарғы Бас қолбасшының погонына погонның бойлық осьтік сызығында дәл ортасында – алтындатылған зер және алтын түстес жібек жіппен кестелеп тігілген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының бейнесі болады (диаметрі – 35 миллиметр). Погонның төменгі шетінен Мемлекеттік Елтаңбаның ортасына дейінгі аралық – 60 миллиметр.".

41. "Мемлекеттік рәміздер және Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін кейбір мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының, құқық қорғау органдарының, соттардың, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың ведомстволық және оларға теңестірілген өзге де наградаларының геральдикасы мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 30 қыркүйектегі № 155 Жарлығында:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 26-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін кейбір мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының, құқық қорғау органдарының, соттардың, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың ведомстволық және оларға теңестірілген өзге де

наградаларымен марапаттау (ведомстволық және оларға теңестірілген өзге де наградаларынан айыру) қағидаларында:

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"25. "Халықаралық ынтымақтастықты дамытуға қосқан үлесі үшін" медалімен шетелдік құқық қорғау және ұқсас функцияларды орындайтын өзге де органдармен адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау саласындағы тату көршілік қатынастарды нығайту бойынша халықаралық ынтымақтастықты дамытуда сіңірген еңбегі үшін Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери қызметшілері, судьялар, Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің және оның аумақтық бөлімшелерінің қызметкерлері, Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының, прокуратурасы мен ішкі істер органдарының қызметкерлері, сондай-ақ басқа да адамдар және шетел азаматтары наградталады.";

32-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"32. "Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі үлесі үшін" медалімен:

жеке адам мен қоғамның қауіпсіздігін конституциялық құрылысты, мемлекеттік Егемендікті, аумақтық тұтастықты, мемлекеттің экономикалық, ғылыми-техникалық және қорғаныс әлеуетін қорғауды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті қамтамасыз етуде жедел-қызметтік іс-қимылды шебер ұйымдастырғаны; Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігінің мүдделерін қорғауда барлау, қарсы барлау және әскери операцияны (оның ішінде тергеуді) табысты ұйымдастырғаны, өткізгені және іске асырғаны; үкіметтік байланыспен сенімді қамтамасыз еткені; күрделі арнайы техникалық іс-шараларды кәсіби өткізгені; республиканың қауіпсіздік органдары үшін жоғары білікті кадрларды даярлағаны және қайта даярлағаны; ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердегі жетістіктері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарының жедел-қызметтік жұмысын қамтамасыз еткені үшін Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілері;

Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі міндеттерді шешуге қосқан үлесі және оны іске асыруға жәрдемдескені үшін Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттердің азаматтары наградталады.";

38-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"38. "Абыройлы қызметі үшін" медалімен:

қызметтік міндеттерін үлгілі орындағаны, үлгілі тәртібі және күнтізбелік есептеуде 7 жыл қызмет өткергені үшін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің қызметкерлері мен әскери қызметшілері, сондай-ақ жеделқызметтік іс-әрекетте жоғары нәтижелерге қол жеткізгені үшін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі Бастығының шешімі бойынша күзетілетін адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге елеулі үлес қосқан, ерекше көзге түскен қызметкерлер мен әскери қызметшілер;

күзетілетін адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің дамуына елеулі үлес қосқан мемлекеттік және жекеше ұйымдардың басшылары мен қызметкерлері, соның ішінде шет мемлекеттердің азаматтары наградталады.";

44-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"44. "Бітімгершілік операцияларына қатысқаны үшін" медалімен ұзақ жылғы және жемісті еңбегі үшін, Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерлерде жүргізілетін бітімгершілік операцияларына қатысқан Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының әскери қызметшілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының басқа да адамдары және басқа да шетел азаматтары наградталады.";

48-2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"48-2. "Сайлау органдары жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін" медалімен:

Қазақстан Республикасының сайлау жүйесін дамытуға, сайлау мен жалпыхалықтық референдумдарды өткізуді ұйымдастыруға және дайындауға елеулі жеке үлес қосқан сайлау комиссияларының мүшелері, оның ішінде өкілеттіктері тоқтатылған сайлау комиссияларының мүшелері;

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы аппаратының, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының ведомстволық бағынысты ұйымдарының сайлау жүйесінде кемінде 5 жыл жұмыс істеген, кәсіптік қызметте жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген жұмыскерлері қызметтік міндеттерін үлгілі атқарғаны үшін;

Қазақстан Республикасының сайлау жүйесін дамытуға, сайлау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастыруға айтарлықтай үлес қосқан, сайлау туралы заңнаманы жетілдіру, сайлау процесіне қатысушыларды электоралдық оқыту жөніндегі қызметке белсенді түрде қатысқан саяси партиялардың және басқа да қоғамдық бірлестіктердің өкілдері, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері және өзге де адамдар. шетелдік азаматтар мен халықаралық ұйымдардың өкілдері марапатталады.";

67-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"67. "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің үздігі" төсбелгісімен жедел-қызметтік іс-әрекетте жоғары нәтижелерге қол жеткізгені үшін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі Бастығының шешімі бойынша күзетілетін адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге елеулі үлес қосқан, қызметтік міндеттерін атқару кезінде ерлік, батылдық және тапқырлық танытқан, ерекше көзге түскен қызметкерлер мен әскери қызметшілер марапатталады.";

90-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"90. "Монополияға қарсы қызметтің үздігі" төсбелгісімен монополияға қарсы органды басқарған Қазақстан Республикасының азаматтары, монополияға қарсы

органда кемінде 5 жыл жұмыс істеген, республикадағы монополияға қарсы қызметті дамытуға зор үлес қосқан монополияға қарсы органның қызметкерлері лауазымдық міндеттерін үлгілі орындағаны, мінсіз мемлекеттік қызметі, ерекше маңызды және күрделі тапсырмаларды орындағаны, жемісті еңбек қызметі және жұмыстағы басқа да жетістіктері үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының монополияға қарсы қызметінің жүйесін дамытуға үлес қосқан шетел азаматтары наградталады.";

жоғарыда аталған Жарлықпен құрылған Мемлекеттік рәміздер мен ведомстволық және оларға теңестірілген өзге де наградалар геральдикасы мәселелері жөніндегі республикалық комиссияның құрамында:

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі, төраға" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Вице-Президенті, төраға";

"Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы (келісім бойынша)" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Құрылтайының Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы (келісім бойынша)";

"Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы (келісім бойынша)" деген жол алып тасталсын;

"Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Қазақстан халқы Ассамблеясы хатшылығының меңгерушісі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Халық Кеңесі Хатшылығының Басшысы";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Мемлекеттік рәміздер мен ведомстволық және оларға теңестірілген өзге де наградалар геральдикасы мәселелері жөніндегі республикалық комиссия туралы ережеде:

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Комиссия шешімдері ұсынымдық сипатта болады және хаттамамен ресімделеді .".

42. "Қазақстан Республикасының прокуратура органдарының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 20 қазандағы № 166 Жарлығында:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 26-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**".

43. "Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Энергетикалық кеңес туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 14 наурыздағы № 285 Жарлығында:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 22-бабының 8) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасында энергетика саласының орнықтылығы және оны тиімді дамыту мәселелері бойынша ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асыру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**".

44. "Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органы қызметкері антының мәтінін және оны қабылдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 7 мамырдағы № 319 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органы қызметкерінің антында:

бірінші бөліктің бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мен, Қазақстан Республикасының азаматы _____
(Т.А.Ә.)

Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органына қызметке кіре отырып, қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенімді, Қазақстан Республикасының Егемендігі мен ұлттық қауіпсіздігін қорғау ісіндегі өзімнің жоғары жауапкершілігімді сезіне отырып:

Қазақстан Республикасының біртұтас халқы мен Президентіне адал болуға;"

45. "Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Кадр саясаты жөніндегі ұлттық комиссия және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың кадр комиссиялары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 7 наурыздағы № 520 Жарлығында:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Кадр саясаты жөніндегі ұлттық комиссия және астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың кадр комиссиялары туралы";

2-тармақта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың кадр комиссиясы туралы үлгілік ереже (бұдан әрі – Үлгілік ереже);";

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың кадр комиссиясының үлгілік лауазымдық құрамы (бұдан әрі – Үлгілік құрам) бекітілсін.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың әкімдері астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың кадр комиссияларын құрсын, олардың ережесі мен құрамын осы Жарлықпен бекітілген Үлгілік ережеге және Үлгілік құрамға сәйкес бекітсін.";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Кадр саясаты жөніндегі ұлттық комиссия туралы ережеде:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Ұлттық комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін және осы Ережені басшылыққа алады.";

3-тармақта:

2-2) тармақшаның екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2-2) мыналардың:

өз өкілеттіктерін кемінде алты ай орындап жүрген қызметтегі судьялардың, Құрылтай депутаттарының, тұрақты негізде жұмыс істейтін мәслихат депутаттарының, мемлекеттік саяси қызметшілердің, халықаралық қызметшілердің;"

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың кадр комиссияларының қызметін үйлестіру;"

4-тармақта:

2-2) тармақшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"өз өкілеттіктерін кемінде алты ай орындап жүрген қызметтегі судьялардың, Құрылтай депутаттарының, тұрақты негізде жұмыс істейтін мәслихат депутаттарының, мемлекеттік саяси қызметшілердің, халықаралық қызметшілердің;"

3) және 4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Ұлттық комиссияның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік органдардан және өзге де ұйымдардан, оның ішінде астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың кадр комиссияларынан ақпарат сұрату және алу;

4) Ұлттық комиссияның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша отырыстарда мемлекеттік органдардың, ұйымдардың басшыларын және өкілдерін, оның ішінде астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың кадр комиссияларының төрағаларын тыңдау;"

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) мемлекеттік органдардың басшыларына және астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың кадр комиссияларының төрағаларына шешімдерді жіберу;"

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Кадр саясаты жөніндегі ұлттық комиссияның лауазымдық құрамында:

"Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Төрағасының орынбасары" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Құрылтайы Төрағасының орынбасары";

"Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі Төрағасының орынбасары" деген жол алып тасталсын;

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың кадр комиссиясы туралы үлгілік ережеде:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың кадр комиссиясы туралы үлгілік ереже";

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың кадр комиссиясы (бұдан әрі – комиссия) "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын және кадр саясатын іске асыру мақсатында құрылады.

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін және осы Ережені басшылыққа алады.";

3-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың өңірлік кадр резервін (бұдан әрі – өңірлік резерв) қалыптастыру бойынша жұмысты жалпы үйлестіру;"

4-тармақтың 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"10) мемлекеттік қызмет саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша әрбір нақты іріктеу үшін астанадағы, облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды және мемлекеттік басқару жүйесін дамыту басымдықтарын ескере отырып, іріктеу кезеңдерін өткізу мерзімдерін, өңірлік резервке алынатын кандидаттардың санын, салалық бағыттарды бекіту;"

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың кадр комиссиясының үлгілік лауазымдық құрамында:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың кадр комиссиясының үлгілік лауазымдық құрамы";

"Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімі, комиссия төрағасы" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың әкімі, комиссия төрағасы";

"Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімі аппаратының басшысы" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың әкімі аппаратының басшысы";

"Облыс, республикалық маңызы бар қала, астана мәслихатының төрағасы" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана, облыс, республикалық маңызы бар қала мәслихатының төрағасы";

"Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясының төрағасы" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың тексеру комиссиясының төрағасы".

46. "Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарындағы кадр саясатының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 537 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарындағы кадр саясаты мәселелері жөніндегі комиссия туралы ережеде:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің актілері мен осы Ережені басшылыққа алады."

47. "Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының президенттік кадр резервін қалыптастыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 28 тамыздағы № 624 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының президенттік кадр резервін қалыптастыру қағидаларында:

5-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі (бұдан әрі – Мемлекеттік күзет қызметі) қызметкерлерінің Президенттік кадр резервін бекітуді Мемлекеттік күзет қызметі Бастығының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы жүзеге асырады."

48. "Мәслихаттың үлгі регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 3 желтоқсандағы № 704 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Мәслихаттың үлгі регламентінде:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мәслихат (жергілікті өкілді орган) астананың, облыстың және республикалық маңызы бар қаланың немесе ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) халқы сайлайтын, халықтың еркін білдіретін және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны іске асыруға қажетті шараларды айқындайтын, олардың жүзеге асырылуын бақылайтын сайланбалы орган болып табылады. Мәслихаттың заңды тұлға құқықтары болмайды.";

14-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Мәслихаттың қарауына жататын мәселелер бойынша астана, облыстар және республикалық маңызы бар қалалар мәслихатының сессиясына аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) мәслихаттарының төрағалары, Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттары, астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың), тиісті аумақтың әкімдері, жұмысы туралы ақпарат сессияда қаралатын ұйымдардың басшылары мен өзге де лауазымды адамдары шақырылады. Сессияларға мәслихат төрағасының шақыруы бойынша бұқаралық ақпарат құралдары, мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктер өкілдерінің қатысуына жол беріледі.";

20-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мәслихаттың төрағасы қарауға қабылданған шешімдердің жобаларын барлық қажетті материалдармен қоса қарау және ұсыныстар дайындау үшін тұрақты комиссияларға жолдайды. Бір мезгілде астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың мәслихаттары деңгейіндегі тұрақты комиссиялардың біріне мәслихат актісінің жобасы бойынша қорытынды, сессияға қосымша баяндама дайындау, қосымша ақпарат жинау мен талдауды жүргізу тапсырылуы мүмкін.";

29-тармақтың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Президенті республикалық бюджет туралы заңға қол қойғаннан кейін екі апта мерзімнен кешіктірмей, тиісті мәслихаттың сессиясында астананың бюджеті, облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың бюджеті бекітіледі. Облыстық мәслихаттың облыстық бюджетті бекіту туралы шешіміне қол қойылғаннан кейін екі апта мерзімнен кешіктірмей, тиісті мәслихат аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетті бекітеді. Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетті бекіту туралы шешіміне қол қойылған күннен бастап қаржы жылының соңына дейін ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәслихаты аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің бюджеттерін бекітеді.";

37-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"37. Астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың тексеру комиссияларының бюджеттің атқарылуы туралы есептерін мәслихат жыл сайын қарайды.";

39-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"39. Астана, облыс, республикалық маңызы бар қала мәслихатының есебін мәслихат төрағасы не оны алмастыратын адам, не тұрақты комиссиялардың төрағалары басқаратын депутаттар тобы жылына бір реттен сиретпей есеп беру кездесулерінде тұрғындарға ұсынады.";

4-параграфтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-параграф. Астана, облыс, республикалық маңызы бар қала мәслихатының тұрақты комиссиясының қызметін тұрақты негізде жүзеге асыратын төрағасы";

57-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"57. Астана, облыс, республикалық маңызы бар қала мәслихатының тұрақты комиссиясының төрағасы (бұдан әрі – тұрақты комиссияның тұрақты негізде жұмыс істейтін төрағасы) тұрақты негізде жұмыс істейтін лауазымды адам болып табылады.

Тұрақты комиссияның тұрақты негізде жұмыс істейтін төрағасы осы Регламенттің 54-тармағына сәйкес сайланады.

Астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың мәслихаты сессияда тұрақты комиссияның тұрақты негізде жұмыс істейтін төрағалары басқаратын екіден аспайтын тұрақты комиссияны айқындайды.";

60-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"60. Астана, облыс және республикалық маңызы бар қала мәслихатының төрағасы болмаған кезде оның өкілеттіктерін тұрақты комиссиялардың бірінің тұрақты негізде жұмыс істейтін төрағасы уақытша жүзеге асырады, ол мәслихат сессиясында кезекті шақырылымның бүкіл мерзіміне айқындалады.

Астана, облыс және республикалық маңызы бар қала мәслихаты төрағасының өкілеттіктерін уақытша жүзеге асырған кезде, егер мәселені қарауға өзі төрағасы болып табылатын тұрақты комиссия жауапты болған жағдайда, тұрақты комиссияның тұрақты негізде жұмыс істейтін төрағасының шешуші дауыс құқығы болмайды.

Тұрақты комиссиялардың бірінің тұрақты негізде жұмыс істейтін төрағасы болмаған кезде оның өкілеттіктерін басқа тұрақты комиссияның тұрақты негізде жұмыс істейтін төрағасы немесе мәслихат төрағасының шешімі бойынша мәслихаттың осы тұрақты комиссиясының мүшесі болып табылатын депутат уақытша жүзеге асырады."

49. "Қазақстан Республикасының дипломатиялық және қызметтік паспорттарын ресімдеу, беру, ауыстыру, тапсыру, алып қою, есепке алу, сақтау және жою қағидаларын және Қазақстан Республикасының дипломатиялық және қызметтік паспорттары берілетін Қазақстан Республикасының лауазымды адамдарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 13 қаңтардағы № 722 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының дипломатиялық және қызметтік паспорттарын ресімдеу, беру, ауыстыру, тапсыру, алып қою, есепке алу, сақтау және жою қағидаларында:

9-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) 3,5 x 4,5 мөлшеріндегі түрлі-түсті екі фотосурет. Фотосурет Қазақстан Республикасы азаматының құжатты ресімдеу сәтіндегі жасына сәйкес болуы, жарық фонда тікелей алдынан түсірілген болуы тиіс, әрі адамның беті фотосуреттің жалпы ауданының 70-80 %-ға жуығын алуы тиіс. Компьютерлік сканерлеу, модельдеу немесе ксерокөшірме әдісімен дайындалған суреттерді пайдалануға жол берілмейді;"

9-тармақтың 5) тармақшасында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Қазақстан Республикасының азаматтары шетелдік сапардан оралғаннан кейін, паспорт иесі бір ай мерзімде Қазақстан Республикасынан тыс жерге қайта шықпайтын болса, ол он күн мерзімде Министрліктің мұрағатына тапсырылуы тиіс. Паспортты тапсыру негізсіз кідірілген жағдайда Министрлік оны жарамсыз деп таниды."

көрсетілген қағидаларға 1-қосымшаның 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Қазақстан Республикасы азаматының жеке басты куәландыратын құжатының көшірмесі."

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының дипломатиялық және қызметтік паспорттары берілетін Қазақстан Республикасы лауазымды адамдарының тізбесінде:

Қазақстан Республикасының дипломатиялық паспорты берілетін адамдардың тізбесінде:

мынадай мазмұндағы 2-2-тармақпен толықтырылсын:

"2-2. Қазақстан Республикасының Вице-Президенті.";

4, 5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қазақстан Республикасы Құрылтайының Төрағасы.

5. Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы.

6. Қазақстан Халық Кеңесінің Төрағасы.";

7-тармақ алып тасталсын;

18-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18-1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің Бастығы және оның орынбасарлары.";

20 және 21-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қаланың әкімдері.

21. Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттары."

50. "Қазақстан Республикасының Президенті жанынан Ұлттық инвесторлар кеңесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 9 сәуірдегі № 791 Жарлығында:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Конституциясының 46-бабының 21) тармақшасына сәйкес мемлекет пен кәсіпкерлердің өзара іс-қимыл жасауын жандандыру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**"

51. "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 4 мамырдағы № 814 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі туралы ережеде:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мемлекеттік күзет қызметі өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Мемлекеттік күзет қызметі Бастығының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Қазақстан Республикасының Президенті Мемлекеттік күзет қызметі Бастығының ұсынуы бойынша Мемлекеттік күзет қызметінің құрылымы мен штат санының лимитін бекітеді.

Мемлекеттік күзет қызметінің Бастығы осы мақсатқа бөлінген қаражат шегінде Мемлекеттік күзет қызметі жұмыскерлерінің санын белгілейді.";

12-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер Мемлекеттік күзет қызметіне заңдармен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.";

13-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасы Президентінің және басқа да күзетілетін адамдардың өміріне, денсаулығына, құқығына, бостандығына, ар-намысына, қадір-қасиетіне және меншігіне қарсы бағытталған құқық бұзушылықты анықтау, алдын алу және жолын кесу;"

16-тармақта:

1) тармақшада:

жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"күзетілетін адамдардың өміріне, денсаулығына, құқығына, бостандығына, ар-намысына, қадір-қасиетіне және меншігіне қол сұғатын құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін мән-жайларды жою туралы ұсыныстар және (немесе) нұсқамалар енгізу;"

он үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік күзет қызметінің қызметкерлерін және (немесе) әскери қызметшілерін, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарға жіберу;"

жиырма үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік күзет қызметінің Бастығы айқындаған тәртіппен қызметтік иттерді пайдалану;"

он жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік күзет қызметінің Бастығы айқындайтын тәртіппен арнаулы мақсаттағы автомобильдерге еріп жүруді және шабуыл жасау қаупін және (немесе)

олардың қозғалысына кедергілерді жою бойынша тактикалық іс-әрекеттерді, оның ішінде соқтығысу арқылы қорғауды жүзеге асыру;"

қырықыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген, коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып, басқа ұйымдардан жедел-іздігіру қызметінің міндеттерін шешу үшін маңызы бар ақпаратты өтеусіз алу және пайдалану;"

2) тармақшада:

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Президентінің, басқа да күзетілетін адамдардың өміріне, денсаулығына, құқығына, бостандығына, ар-намысына, қадір-қасиетіне және меншігіне қол сұғатын құқық бұзушылықтың алдын алу және жолын кесу, олардың ықтимал жасалуына ықпал ететін мән-жайларды анықтау және өз құқықтары шегінде оларды жою бойынша шаралар қолдану;"

бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"күзетілетін адамдардың өміріне, денсаулығына, құқығына, бостандығына, ар-намысы, қадір-қасиеті мен меншігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарды анықтау мен іздестіруде құқық қорғау органдарына жәрдем көрсету;"

он жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысының негіздерін, мемлекеттік Егемендігін және Тәуелсіздігін, аумақтық тұтастығын, экономикалық, ғылыми-техникалық және қорғаныс әлеуетін қорғау жөнінде қажетті шаралар қолдану;"

17-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Мемлекеттік күзет қызметінің Бастығы айқындайтын тәртіппен күзетілетін объектілердің күзеті мен қорғанысын жүзеге асырады, күзетілетін адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жауынгерлік кезекшілікті атқаруды ұйымдастырады;"

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) Мемлекеттік күзет қызметінің Бастығы айқындайтын тәртіппен жұмылдыру, жауынгерлік және жедел әзірлігін қамтамасыз ету бойынша, оның ішінде оқуларды, жаттығулар мен эксперименттерді өткізу арқылы іс-шараларды ұйымдастырады және өткізеді;"

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Мемлекеттік күзет қызметі Бастығының, Мемлекеттік күзет қызметі Алқасының мәртебесі, өкілеттілігі"

18, 19 және 20-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Мемлекеттік күзет қызметіне басшылықты Бастық жүзеге асырады, ол Қазақстан Республикасы Президентінің жеке басының қауіпсіздігіне, Мемлекеттік күзет қызметіне жүктелген міндеттердің орындалуына және өзінің өкілеттілігін жүзеге асыруға дербес жауапты болады.

19. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті Мемлекеттік күзет қызметінің Бастығын лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

20. Мемлекеттік күзет қызметі Бастығының орынбасарлары болады, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті оларды Мемлекеттік күзет қызметі Бастығының ұсынуы бойынша лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.";

21-тармақта:

бірінші бөлікте:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Мемлекеттік күзет қызметі Бастығының өкілеттілігі:";

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) күзет іс-шараларын өткізу жөніндегі республикалық жедел штабқа басшылық етеді. Күзет іс-шараларын келтіру жөніндегі республикалық жедел штабтың құрамына кіретін мемлекеттік органдардың немесе олардың аумақтық органдарының өкілдері қатарынан астананың, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың жедел штабының басшыларын айқындайды;"

37) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"37) күзетілетін адамдардың өміріне, денсаулығына, құқығына, бостандығына, ар-намысына, қадір-қасиетіне және меншігіне қол сұғатын құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін мән-жайларды жою туралы нұсқамалар енгізу тәртібін айқындайды;"

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік күзет қызметінің Бастығы болмаған кезеңде оның өкілеттігін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес оны алмастыратын адам орындайды.";

22 және 23-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Мемлекеттік күзет қызметінің Бастығы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өз орынбасарларының өкілеттіктерін айқындайды.

23. Мемлекеттік күзет қызметінің Бастығына тікелей бағынатын және есеп беретін Мемлекеттік күзет қызметінің аппараты ведомство мен құрылымдық бөлімшелердің қызметін үйлестіруді және бақылауды жүзеге асырады, Мемлекеттік күзет қызметінің жұмысын ақпараттық-талдамалық, құқықтық, құжаттамалық қамтамасыз етуді ұйымдастырады.

Мемлекеттік күзет қызметінің аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Мемлекеттік күзет қызметінің Бастығы лауазымға тағайындайтын және лауазымнан босататын Аппарат басшысы басқарады.";

24-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Алқаның шешімдері Мемлекеттік күзет қызметі Бастығының бұйрығымен жарияланады. Алқаның міндеттері, өкілеттіктері, қызметінің тәртібі мен дербес құрамы Мемлекеттік күзет қызметінің Бастығы бекітетін ережемен регламенттеледі."

52. "Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан "Жасыл экономикаға" көшу жөніндегі кеңес құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 мамырдағы № 823 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы "Жасыл экономикаға" көшу жөніндегі кеңес туралы ережеде:

6-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Қазақстан Республикасы заңдарының және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын "Жасыл экономикаға" көшу жөніндегі тұжырымдаманың басымдықтары мен қағидаттарына сәйкес қарау;"

53. "Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 14 қарашадағы № 954 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Үкіметтік байланыс қызметі туралы ережеде:

12-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер Қызметке Қазақстан Республикасының заңдарымен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджетке жіберіледі."

54. "Қазақстан Республикасының әл-Фараби атындағы ғылым мен техника, А. Байтұрсынұлы атындағы гуманитарлық ғылымдар және Абай атындағы әдебиет пен өнер саласындағы мемлекеттік сыйлықтары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 21 қаңтардағы № 993 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының әл-Фараби атындағы ғылым мен техника, А. Байтұрсынұлы атындағы гуманитарлық ғылымдар және Абай атындағы әдебиет пен өнер саласындағы мемлекеттік сыйлықтары туралы ережеде:

2-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Абай атындағы әдебиет пен өнер саласындағы мемлекеттік сыйлық Қазақстан Республикасының азаматтарына және шетел азаматтарына Қазақстан мәдениетінің дамуына ерекше бағалы үлес деп танылған әдебиет пен өнер саласындағы аса үздік туындылары үшін беріледі.";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының әл-Фараби атындағы ғылым мен техника және А.Байтұрсынұлы атындағы гуманитарлық ғылымдар саласындағы мемлекеттік сыйлықтарын беру жөніндегі комиссия туралы ережеде:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Комиссияның құрамын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді. Комиссияны Қазақстан Республикасының Вице-Президенті басқарады.";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Абай атындағы әдебиет пен өнер саласындағы мемлекеттік сыйлығын беру жөніндегі комиссия туралы ережеде:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасының Президенті Комиссия құрамын бекітеді, ол әдебиет және өнер саласындағы мәдениет қайраткерлері қатарынан, сондай-ақ мемлекеттік органдар өкілдерінен қалыптастырылады. Қазақстан Республикасының Вице-Президенті Комиссияны басқарады.";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының әл-Фараби атындағы ғылым мен техника және А. Байтұрсынұлы атындағы гуманитарлық ғылымдар саласындағы мемлекеттік сыйлықтарын беру жөніндегі комиссияның құрамында:

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі, төраға" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Вице-Президенті, төраға";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Абай атындағы әдебиет пен өнер саласындағы мемлекеттік сыйлығын беру жөніндегі комиссияның құрамында:

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі, төраға" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Вице-Президенті, төраға".

55. "Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 150 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімінде:

"Мемлекеттік саяси лауазымдар" деген 1-тарауда:

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Вице-Президенті";

"Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдері, олардың бірінші орынбасарлары, орынбасарлары және аппараттарының басшылары" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың әкімдері, олардың бірінші орынбасарлары, орынбасарлары және аппараттарының басшылары";

"Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппараты Басшысының бірінші орынбасары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының Парламентіндегі өкілі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппараты Басшысының бірінші орынбасары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының Құрылтайындағы өкілі";

"Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты және Мәжілісі аппараттарының басшылары және олардың орынбасарлары" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Құрылтайы Аппаратының Басшысы және оның орынбасарлары";

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Қазақстан Халық Кеңесі Хатшылығының Басшысы және оның орынбасарлары";

"Мемлекеттік әкімшілік лауазымдар" деген 2-тарауда:

"Б" корпусы" деген бөлімде:

В санаттарының тобында:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Құрылтайының аппараты, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты, Қазақстан Халық Кеңесінің Хатшылығы, Қазақстан Республикасының Сот әкімшілігі, Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының Аппараты, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот Кеңесінің аппараты, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының аппараты, Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі, Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі, Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы, Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі, Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі және оның ведомствосы, Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық";

В-3 санатында:

"Қазақстан Республикасының Парламенті Палатасы Төрағасының көмекшісі, кеңесшісі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Құрылтайы Төрағасының көмекшісі, кеңесшісі";

"Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталары аппараттарының сектор меңгерушісі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Құрылтайы аппаратының сектор меңгерушісі";

В-4 санатында:

"Қазақстан Республикасының Парламенті Палатасы Төрағасы орынбасарының көмекшісі" және "Қазақстан Республикасының Парламенті Палатасы аппараты басшысының көмекшісі" деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Құрылтайы Төрағасы орынбасарының көмекшісі" және "Қазақстан Республикасының Құрылтайы аппараты басшысының көмекшісі";

В-5 санатында:

"Қазақстан Республикасының Парламенті депутатының көмекшісі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Құрылтайы депутатының көмекшісі";

Д санаттарының тобында:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар әкімдерінің аппараттары, астана, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мәслихаттарының аппараттары, астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың тексеру комиссияларының аппараттары";

Д-2 санатында:

"Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссиялары аппаратының басшысы" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың тексеру комиссиялары аппаратының басшысы";

"Облыс, республикалық маңызы бар қала және астана әкімінің әскери қауіпсіздік және қорғаныс мәселелері жөніндегі көмекшісі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана, облыс, республикалық маңызы бар қала әкімінің әскери қауіпсіздік және қорғаныс мәселелері жөніндегі көмекшісі";

Д-3 санатында:

"Облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің көмекшісі, кеңесшісі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана, облыс, республикалық маңызы бар қала әкімінің көмекшісі, кеңесшісі";

"Аумақтық бөлімшелері немесе ведомстволарының аумақтық бөлімшелері, шет елдегі мекемелері бар орталық мемлекеттік органдарда, сондай-ақ облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және Астана әкімдерінің аппараттарында енгізіледі" деген ескерту мынадай редакцияда жазылсын:

"Аумақтық бөлімшелері немесе ведомстволарының аумақтық бөлімшелері, шет елдегі мекемелері бар орталық мемлекеттік органдарда, сондай-ақ астана, облыстар және республикалық маңызы бар қалалар әкімдерінің аппараттарында енгізіледі.";

"Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын облыстық атқарушы органдар, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың атқарушы органдары, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың Қазақстан халқы Ассамблеясының аппараттары (хатшылықтары)" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын астананың, республикалық маңызы бар қалалардың атқарушы органдары, облыстық атқарушы органдар, Қазақстан Халық Кеңесі хатшылығы";

D-O-2 санатында:

"Қазақстан халқы Ассамблеясы Хатшылығының меңгерушісі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Халық Кеңесі Хатшылығының меңгерушісі".

56. "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын арнайы біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 151 Жарлығында:

"А" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын арнайы біліктілік талаптарында:

14-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) кемінде жеті жыл жұмыс өтілі, оның ішінде Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімінде айқындалған мемлекеттік саяси лауазымдарда не "А" корпусының лауазымдарында, не Қазақстан Республикасының Құрылтайы депутатының мәртебесінде, не А-2, В-2, С-2, С-О-1 санаттарынан төмен емес лауазымдарда, не орталық мемлекеттік органдардың департамент басшыларының орынбасарларынан төмен емес лауазымдарда, не орталық мемлекеттік органдардың және олардың ведомстволарының астанадағы, облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы аумақтық органдары мен бөлімшелерінің басшыларынан төмен емес лауазымдарда кемінде бір жыл мемлекеттік қызмет өтілі;"

15-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) кемінде бес жыл жұмыс өтілі, оның ішінде Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімінде айқындалған мемлекеттік саяси лауазымдарда не "А" корпусының лауазымдарында, не Қазақстан Республикасының Құрылтайы депутатының мәртебесінде, не А-2, В-2, С-2, С-О-2, D-2, D-O-1 санаттарынан төмен емес лауазымдарда, не орталық мемлекеттік органдардың департамент басшыларының орынбасарларынан төмен емес лауазымдарда, не орталық мемлекеттік органдардың және олардың ведомстволарының астанадағы, облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы аумақтық органдары мен бөлімшелері басшыларының орынбасарларынан төмен емес лауазымдарда кемінде бір жыл мемлекеттік қызмет өтілі;"

57. "Мемлекеттік қызмет өткерудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 152 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Ротация жүргізу қағидалары мен мерзімдері, ротацияға жататын мемлекеттік қызметшілердің санаттары мен лауазымдарында:

7-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыру, астананы, облыстарды, республикалық маңызы бар қалаларды, облыстардың әкімшілік орталығы болып табылатын қалаларды, облыстық маңызы бар қалаларды, облыстардың аудандары мен қалалардағы аудандарды дамыту;"

10-тармақтың екінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік органның персоналды басқару қызметі уәкілетті адамға (органға) астананың, не тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың әкіміне:"

11-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Мемлекеттік қызметшінің ротациясы жоспарланған мемлекеттік органның бірінші басшысы не мемлекеттік қызметшінің ротациясы жоспарланған астананың, тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың әкімі осы Қағидалардың 14-тармағында көрсетілген мемлекеттік саяси қызметшінің ротация мерзімі басталғанға дейін он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін немесе осы Қағидалардың 16-тармағында көрсетілген "А" корпусы қызметшісінің өкілеттілік мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмейтін мерзімде Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне мемлекеттік саяси қызметшінің немесе "А" корпусы қызметшісінің ротациясы туралы ұсыныс енгізеді."

18-тармақтың төртінші бөлігінің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) А санаттарының тобына және Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппаратының В санаттарының тобына, содай-ақ Қазақстан Республикасының Құрылтайы аппаратының В-1 және В-2 санаттарына қатысты – уәкілетті адамның;"

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Мемлекеттік қызметшілердің өзара келісімі бойынша олардың арасында ротация жүргізуге жол берілетін "Б" корпусы мемлекеттік лауазымдарының тізбесінде:

D-2 жолы мынадай редакцияда жазылсын:

"

D-2	Астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың тексеру комиссияларының аппарат басшысы
	Әкім аппараты басшысының орынбасары
	Мәслихат аппараты басшысының орынбасары

".

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану қағидаларында:

4-тармақта:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Құрылтай аппаратының мемлекеттік саяси қызметшілеріне – Құрылтай бюросы Құрылтай Төрағасының ұсыныстары бойынша қолданады,";

мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) Қазақстан Халық Кеңесі Хатшылығының мемлекеттік саяси қызметшілеріне – Қазақстан Халық Кеңесінің Төрағасы,";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Астана, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар әкімдерінің бірінші орынбасарларын және орынбасарларын қоспағанда, Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын мемлекеттік саяси қызметшілер және олардың орынбасарлары жол берген қызметтік әдеп нормаларының бұзылуын, оның ішінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтарды Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссия) қарауы мүмкін.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссия қызметтік тергеп-тексеру жүргізу туралы ұсынымдар, сондай-ақ лауазымды адамдардың атқаратын лауазымынан босатуға дейінгі тәртіптік жауаптылығы туралы ұсыныстар енгізуге құқылы.

Қызметтік әдеп нормаларын бұзғаны, оның ішінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтары үшін астана, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар әкімдерінің бірінші орынбасарларының, орынбасарларының және аппараттары басшыларының, облыстардың әкімшілік орталығы болып табылатын қалалар, облыстық маңызы бар қалалар, облыстардың аудандары және қалалардағы аудандар әкімдерінің тәртіптік жауаптылығын мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның Әдеп жөніндегі комиссиясы (бұдан әрі – Әдеп жөніндегі комиссия) қарайды, ол қызметтік тергеп-тексеру жүргізу туралы ұсынымдар, сондай-ақ лауазымды адамдардың атқаратын лауазымынан босатуға дейінгі тәртіптік жауаптылығы туралы ұсыныстар енгізуге құқылы.

Әдеп жөніндегі комиссия туралы ережені мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган бекітеді.";

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Қызметтік әдеп нормаларын бұзуға жол берген немесе мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтар жасаған орталық атқарушы органдар комитеттері төрағаларын қоспағанда, "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің тәртіптік жауаптылығын Қазақстан Республикасының Президенті

жанындағы Кадр саясаты жөніндегі ұлттық комиссия (бұдан әрі – Ұлттық комиссия) не оның тапсырмасы бойынша астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың кадр комиссиясы (бұдан әрі – Өңірлік кадрлық комиссия) қарайды.";

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Қызметтік әдеп нормаларын бұзуға жол берген, оның ішінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтар жасаған С-О-1, С-О-2, С-Р-1, С-Р-2, D-1, D-2, D-О-1, D-О-2, D-Р-1, D-Р-2, Е-1, Е-2, Е-Р-1, Е-Р-2 санаттарындағы мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің, сондай-ақ астана, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар әкімдерінің аппараттарында дербес лауазымдағы әдеп жөніндегі уәкілдердің тәртіптік жауаптылығын мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның астанадағы, облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы әдеп жөніндегі кеңестері (бұдан әрі – Әдеп жөніндегі кеңес) қарайды.";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген "Б" корпусының бос немесе уақытша бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына конкурс өткізілместен, ауысу тәртібімен орналасу қағидаларында:

2-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Құрылтайы аппаратының және Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына, сондай-ақ осы мемлекеттік органдардан басқа мемлекеттік органдарға;"

1-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1-1) мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Құрылтайы аппаратының және Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының мемлекеттік саяси лауазымдарынан "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына;"

58. "Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінде:

1-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік қызмет қоғам мүдделеріне адалдық танытуға және Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі этносаралық және конфессияаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге, мемлекеттік тіл мен басқа тілдерге, Қазақстан халқының дәстүрлері мен ғұрыптарына құрметпен қарауға міндеттейді.";

2-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Әдеп жөніндегі уәкіл дербес лауазымы аумақтық бөлімшелері не ведомстволарының аумақтық бөлімшелері, шет елдегі мекемелері бар орталық мемлекеттік органдарда (құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігін қоспағанда), сондай-ақ астана, облыстар және республикалық маңызы бар қалалар әкімдерінің аппараттарында енгізіледі.";

6-тармақтың 4) және 5) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"4) азаматтармен қарым-қатынаста әдептілік таныту, дәрежелік, ар-намысын, қадір-қасиетін кемсіту, әдепсіздік және бейәдеп мінез-құлық фактілеріне жол бермеу, өздерінің әрекеттерімен және мінез-құлқымен олардың тарапынан сынға себепкер болмау;

5) іскерлік әдеп пен ресми мінез-құлық қағидаларын сақтау, азаматтардың көз алдында өздері өкілі болып табылатын мемлекеттік органдардың абыройы мен беделіне айқын нұқсан келтіретін әрекеттер жасауға жол бермеу;"

8-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) әріптестеріне қатысты негізсіз айыптауларға, дәрежелік, ар-намысын, қадір-қасиетін кемсіту, әдепсіздік және бейәдеп мінез-құлық фактілеріне жол бермеуге;"

59. "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы әдеп жөніндегі кеңестері туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 156 Жарлығында:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің астанадағы, облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы әдеп жөніндегі кеңестері туралы ережені бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің астанадағы, облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы әдеп жөніндегі кеңестері туралы ережесі бекітілсін.";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы әдеп жөніндегі кеңестері туралы ережеде:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің астанадағы, облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы әдеп жөніндегі кеңестері туралы ереже";

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Ереже Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің астанадағы, облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы әдеп жөніндегі кеңестерінің мәртебесін, өкілеттіктерін және қызметін ұйымдастыруды айқындайды.";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) астанадағы, облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы әдеп жөніндегі кеңестері (бұдан әрі – Әдеп жөніндегі кеңес) Агенттіктің алқалы органдары болып табылады.";

6-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) қызметтік әдеп нормаларын бұзуға жол берген, оның ішінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтар жасаған С-О-1, С-О-2, С-Р-1, С-Р-2, D-1, D-2, D-О-1, D-О-2, D-Р-1, D-Р-2, Е-1, Е-2, Е-Р-1, Е-Р-2 санаттарындағы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге, сондай-ақ астана, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар әкімдерінің аппараттарында дербес лауазымдағы әдеп жөніндегі уәкілдерге (бұдан әрі – қызметшілер) қатысты тәртіптік істерді қарау.";

7-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, өзге де әкімшілік-аумақтық бірліктердің әкімдеріне, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдар мен орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің басшыларына қызмет тәртібін нығайту, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және қызметтік әдеп нормаларын бұзушылықтардың профилактикасына бағытталған іс-шараларды іске асыру жөнінде ұсынымдар мен ұсыныстар енгізуге;"

12-тармақтың 1) тармақшасында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

60. "Мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың жалпы стандарттарын бекіту және "Мемлекеттік қаржылық бақылау стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 7 сәуірдегі № 788 Жарлығының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 11 қаңтардағы № 167 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың жалпы стандарттарында:

46-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"46. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан Республикасының Құрылтайына, Қазақстан Республикасының Үкіметіне, мемлекеттік органдардың басшыларына, астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) мәслихаттары мен әкімдеріне Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес өз

өкілеттіктерін іске асыру және күтілетін нәтижелерге қол жеткізу туралы толыққанды, анық ақпарат ұсынады."

61. "Қазақстан Республикасының Консулдық жарғысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 25 сәуірдегі № 240 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Консулдық жарғысында:

47-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерде тұрақты тұратын адамдарды Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселесі бойынша қабылдаған шешімі туралы хабардар етеді.";

48-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"48. Консул:

1) шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасының визаларын береді, олардың күшін жояды, қалпына келтіреді, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімдерін ұзартады және қысқартады не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының визаларын беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды;

2) шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың келуіне визалар беру есебінің бірыңғай дерекқорын қалыптастырады, мәліметтердің жүйелі түрде жаңартылуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдарымен уақтылы ақпарат алмасуды жүзеге асырады;

3) Қазақстан Республикасына өз еркімен қоныс аударуға ниет білдірген этникалық қазақтарға келу, оның ішінде қандастарды қабылдаудың өңірлік квоталары шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге келу шарттары, қабылдау шарттары мен әлеуметтік қолдау шаралары туралы ақпарат береді;

4) Қазақстан Республикасына келу туралы өтініштер берген көшіп келушілердің, оның ішінде этностық қазақтардың құжаттарын қабылдайды, тіркейді, оларды халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органға жібереді, Қазақстан Республикасына тұрақты тұру үшін келуге арналған визаларды ресімдейді.";

51-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтық хал актілері жазбалары органдарында тіркелген азаматтық хал актілері жазбаларын қалпына келтіру және жою жөнінде шаралар қабылдайды.";

52, 53, 54 және 55-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"52. Консул Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балаларды Қазақстан Республикасының бала құқықтары туралы заңнамасына сәйкес асырап алуға ниет білдірген шетел азаматтарының есебін жүргізеді.

53. Министрлік Қазақстан Республикасының бала құқықтары туралы заңнамасына сәйкес шетел азаматтарына асырап алуға берілген, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балаларды есепке қоюды жүзеге асырады.

Шетел азаматтарына асырап алуға берілген, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балаларды Министрлікте есепке қою және Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінің балаларды бақылауды жүзеге асыру тәртібі Министрдің бұйрығымен бекітіледі.

54. Консул шетел азаматтарына асырап алуға берілген балаларды бақылауды консулдық округ шегінде жүзеге асырады.

55. Консул консулдық округ аумағында тұрақты тұратын шетел азаматтары болып табылатын асырап алушылардың асырап алған балалардың өмір сүру, оқу, тәрбие жағдайы және денсаулығы туралы есеп беруін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды.";

63-тармақта:

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) Қазақстан Республикасы азаматының тірі екендігі фактісін куәландырады,";

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) Қазақстан Республикасы азаматының белгілі бір жерде болу фактісін куәландырады,";

64-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"64. Қазақстан Республикасының заңдарында консул жасайтын өзге де нотариаттық іс-әрекеттер көзделуі мүмкін.";

66-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"66. Консул өзінің консулдық округінде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарына, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға олардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге қатысты құжаттарды талап етіп алдыруға жәрдем көрсетеді.";

69-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"69. Қазақстан Республикасының Президентін, Қазақстан Республикасының Құрылтайы депутаттарын сайлау және жалпыхалықтық референдум өткізу кезінде Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемесінің үй-жайында сайлау учаскесі құрылған жағдайда дипломатиялық өкілдік және (немесе) консулдық мекеме бұл туралы консулдық округтің билік органдарын ресми хабардар етеді.";

72-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Консул Қазақстан Республикасына баруға рұқсат алған адамдарға Қазақстан Республикасына барған кезде екпелер туралы халықаралық сертификат ұсыну қажеттігі туралы хабардар етеді.";

74-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"74. Консул Қазақстан Республикасына баруға рұқсат алған адамдарға Қазақстан Республикасына барған кезде малға, шикізатқа және жануарлардан алынатын өнімдерге ветеринариялық сертификаттар ұсыну қажеттігі және Қазақстан Республикасына тұқымды, тірі өсімдіктерді, екпе материалды, жаңа піскен жемістер мен көкөністерді әкелу қағидалары туралы хабардар етеді.";

83-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) осы Қазақстан Республикасының азаматын шақырған адамның немесе ұйымның оның осы мемлекетте болуына байланысты шығыстарын өтеу міндеттемелерінің бар-жоғын анықтайды және олардың орындалуына жәрдемдеседі;"

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) осы Қазақстан Республикасы азаматының өзінің отбасы мүшелерімен, туыстарымен немесе өзге адамдармен байланыс орнатуына жәрдем көрсетеді;"

90-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"90. Қамаққа алынған, түрмеге қамалған, күзетке алынған не ұсталған Қазақстан Республикасының азаматының мұндай шаралардың қабылдануына қарсы жазбаша қарсылығы болған кезде, консул аталған Қазақстан Республикасы азаматының атынан кез келген шараларды қабылдаудан тартынады."

62. "Мемлекеттік саяси қызметшілердің жұмысын бағалауды жүргізетін уәкілетті адамдардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 4 шілдедегі № 295 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Мемлекеттік саяси қызметшілердің жұмысын бағалауды жүргізетін уәкілетті адамдардың тізбесінде:

"

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі	Қазақстан Республикасының Президенті
---	--------------------------------------

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Қазақстан Республикасының Вице-президенті	Қазақстан Республикасының Президенті
---	--------------------------------------

".

;

"

Қазақстан Республикасы Парламентінің Палаталары тағайындайтын Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының мүшелері	Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы
---	---

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының мүшелері	Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы
---	---

".

;

"

Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана әкімдерінің бірінші орынбасарлары, орынбасарлары және аппараттарының басшылары	облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдері
---	--

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Астана, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар әкімдерінің бірінші орынбасарлары, орынбасарлары және аппараттарының басшылары	астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың әкімдері
---	--

".

,

"

Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты аппаратының басшысы	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы
---	--

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Қазақстан Республикасы Құрылтайы аппаратының басшысы	Қазақстан Республикасы Құрылтайының Төрағасы
--	--

".

,

"

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі аппаратының басшысы	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы
---	--

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Қазақстан Халық Кеңесі Хатшылығының Басшысы	Қазақстан Халық Кеңесінің Төрағасы
---	------------------------------------

".

,

"

Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты аппараты басшысының орынбасарлары	Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты аппараты басшысының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы
---	--

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Қазақстан Республикасы Құрылтайының аппараты басшысының орынбасарлары	Қазақстан Республикасы Құрылтайының аппараты басшысының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасы Құрылтайының Төрағасы
---	--

".

,

"

	Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі аппараты басшысының ұсынысы бойынша
--	---

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі аппараты басшысының орынбасарлары	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы
---	--

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Қазақстан Халық Кеңесінің Хатшылығы басшысының орынбасарлары	Қазақстан Халық Кеңесінің Хатшылығы басшысының ұсынысы бойынша Қазақстан Халық Кеңесінің Төрағасы
--	---

".

63. "Республикалық бюджеттің жобасына оның шығыстарының негізгі бағыттары бойынша алдын ала бағалау жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 9 желтоқсандағы № 388 Жарлығында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Бюджет жобасын бағалау жоспарлы кезеңге арналған республикалық бюджет жобасы (бұдан әрі – бюджет жобасы) көрсеткіштерінің негізділігіне, бюджет жобасын әзірлеу үшін нормативтік құқықтық және әдістемелік базаның бар-жоғы мен жеткілікті болуына талдау жүргізуді, сондай-ақ Жоғары аудиторлық палата әзірлеген ұсынымдары бар бюджет жобасын бағалау нәтижелерін (бұдан әрі – бағалау бойынша қорытынды) жасауды және оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне және Қазақстан Республикасының Құрылтайына ұсынуды көздейді.";

9-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) бағалау бойынша негізделген және анық қорытындының Қазақстан Республикасының Үкіметіне және Қазақстан Республикасының Құрылтайына уақтылы ұсынылуын;"

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Республикалық бюджеттің жобасын алдын ала бағалаудың нәтижелері Қазақстан Республикасының Үкіметіне және Қазақстан Республикасының Құрылтайына Қазақстан Республикасының Үкіметі республикалық бюджеттің жобасын Жоғары аудиторлық палатаға енгізген күннен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде ұсынылады.".

64. "Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұлттық комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 17 сәуірдегі № 462 Жарлығында:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру, елдің одан әрі қарышты мәдени-гуманитарлық дамуын қамтамасыз ету мақсатында және Қазақстан Республикасы Конституциясының 46-бабының 21) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұлттық комиссияның құрамында:

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі, төраға" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Вице-Президенті, төраға";

"Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі Төрағасының орынбасары (келісім бойынша)" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Құрылтайы Төрағасының орынбасары (келісім бойынша)";

"Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің төрағасы (келісім бойынша)" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Құрылтайының Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің төрағасы (келісім бойынша)";

"Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі (келісім бойынша)" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Құрылтайының Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі (келісім бойынша)";

"Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Қазақстан халқы Ассамблеясы хатшылығының меңгерушісі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Халық Кеңесі Хатшылығының басшысы";

"Қазақстан халқы Ассамблеясы ғылыми-сараптамалық кеңесінің мүшесі (келісім бойынша)" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Халық Кеңесі ғылыми-сараптамалық кеңесінің мүшесі (келісім бойынша)".

65. "Дінаралық диалогқа қосқан үлесі үшін Астана халықаралық сыйлығы мен Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезінің құрмет медалі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 2 маусымдағы № 489 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Дінаралық диалогқа қосқан үлесі үшін Астана халықаралық сыйлығы туралы ережеде:

6-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

66. "Мемлекеттік қызметшілердің, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының және Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты судьяларының ант беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 532 Жарлығында:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік қызметшілердің, Қазақстан Республикасының Құрылтайы депутаттарының және Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты судьяларының ант беру қағидаларын бекіту туралы";

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Құрылтайы және оның депутаттарының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 44-бабының 1-тармағына, "Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 7-бабына, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 2) тармақшасына және 21-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік қызметшілердің, Қазақстан Республикасының Құрылтайы депутаттарының және Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты судьяларының ант беру қағидалары бекітілсін.";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Мемлекеттік қызметшілердің, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының және Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты судьяларының ант беру қағидаларында:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік қызметшілердің, Қазақстан Республикасының Құрылтайы депутаттарының және Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты судьяларының ант беру қағидалары";

1, 2, 3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Мемлекеттік қызметшілердің, Қазақстан Республикасының Құрылтайы депутаттарының және Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты судьяларының ант беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының Құрылтайы және оның депутаттарының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 44-бабының 1-тармағына, "Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 7-бабына, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 2) тармақшасына және 21-бабына сәйкес мемлекеттік қызметшілердің, Қазақстан Республикасының Құрылтайы депутаттарының және Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты судьяларының ант беру тәртібін айқындайды.

2. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі және Қазақстан Республикасы Үкіметінің өзге де мүшелері; Қазақстан Республикасының Вице-Президенті; Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің Басшысы, оның бірінші орынбасары мен орынбасарлары; Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының Төрағасы; Қазақстан Республикасының Президенті Кеңесінің бастығы; Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшілері мен кеңесшілері; Қазақстан Республикасы Жоғары Сот

Кеңесінің Төрағасы; Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың басшылары; астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың әкімдері мемлекеттік лауазымдарына алғаш рет тағайындалатын адамдарды қоспағанда, мемлекеттік қызметшілер бір рет ант береді.

3. Егер Қазақстан Республикасының Президенті өзгеше белгілемесе, осы тармақта көзделген жағдайларды қоспағанда, ант қабылдаған мемлекеттік саяси қызметші оны тиісті мемлекеттік органның ұжымына лауазымды адам таныстырған кезде ант береді.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, Қазақстан Республикасы Вице-Президентінің, Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігі Басшысының, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі, Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы төрағаларының, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы төрағаларының, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер, Қазақстан Республикасының Қорғаныс, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлерінің антын Қазақстан Республикасының Президенті өзі қабылдайды.

Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттары Қазақстан Республикасы Құрылтайының отырыстарында ант береді.

Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьялары Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының отырысында ант береді.

Қазақстан Республикасы Президентінің қалауы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір мүшелері мен Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін өзге мемлекеттік органдардың басшылары, сондай-ақ Құрылтай депутаттары Қазақстан Республикасының Президентіне ол айқындайтын тәртіпте ант бере алады. Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтайдың бірінші сессиясын шақырғанда ол оның депутаттарының Қазақстан халқына беретін антын қабылдайды.

Мәслихат немесе оның келісімі бойынша тағайындалатын лауазымды адамдар тиісті мәслихаттың отырысында ант береді.

4. Қазақстан Республикасының Құрылтайы аппаратының басшысы мен оның орынбасарлары ант беретін лауазымды адамды Қазақстан Республикасы Құрылтайының бюросы айқындайды.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаты антының мәтіні "Қазақстан Республикасының Құрылтайы және оның депутаттарының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында белгіленеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшесі антының мәтіні "Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында белгіленеді.

Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты судьясы антының мәтіні "Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында белгіленеді.

Қазақстан Республикасының Құрылтайы депутатының, Қазақстан Республикасының Үкіметі мүшесінің, Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты судьясының, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес лауазымды адамның, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес өзге де мемлекеттік қызметшінің тиісінше ресімделген және мемлекеттік тілде немесе орыс тілінде басылған антының мәтіні ант беруші адамның таңдауы бойынша осы тілдердің бірінде айтылады."

67. "Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 554 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының әскери доктринасында:

10-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) мемлекеттегі жағдайды тұрақсыздандыруға, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылыс негіздерін күшпен өзгертуге, аумақтық тұтастығын бұзуға бағытталған құрылымды бұзатын күштердің әрекеті;"

68. "Қазақстан Республикасының прокуратура органдарының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 13 қазандағы № 563 Жарлығында:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 20-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына және "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 44-бабының 4-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН**:";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы туралы ережеде:

1-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бас прокуратура, оған бағынысты ведомстволар, білім беру ұйымы, әскери прокуратураның және көлік прокуратурасының органдары, облыстардың прокуратуралары және оларға теңестірілген (астананың және республикалық маңызы бар қалалардың) прокуратуралар, аудандық және оларға теңестірілген (қалалық, ауданаралық, сондай-ақ мамандандырылған) прокуратуралар прокуратура органдарының бірыңғай орталықтандырылған жүйесін құрайды.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Бас прокуратураның өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан Бас прокуратураның кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуіне тыйым салынады.

Егер Бас прокуратураға заңдармен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, онда алынған кірістер мемлекеттік бюджетке жіберіледі.";

19-тармақта:

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) Қазақстан Республикасы Президентінің келісуімен білім беру ұйымының басшысын, Бас әскери прокурорды, Бас көлік прокурорын, облыстардың прокурорларын және оларға теңестірілген (астананың және республикалық маңызы бар қалалардың) прокурорларды лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;"

19) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"19) Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен прокуратура органдарының құрылымы мен штат санының шегінде әскери прокуратураның және көлік прокуратурасының органдарын, облыстардың прокуратураларын және оларға теңестірілген (астананың және республикалық маңызы бар қалалардың) прокуратураларды, аудандық және оларға теңестірілген (қалалық, ауданаралық, сондай-ақ мамандандырылған) прокуратураларды, прокуратура органдарының мекемелерін құрады, қайта ұйымдастырады және таратады.

Қазақстан Республикасының Президентіне Бас прокуратураның ведомстволарын және Бас прокуратураның жанындағы білім беру ұйымын құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы ұсыну енгізеді;"

22) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"22) Қазақстан Республикасы Конституциясының 73-бабының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотына жүгінеді;"

37) тармақшада:

алтыншы және жетінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"ведомстволардың, білім беру ұйымының, әскери прокуратура және көлік прокуратурасы органдарының, облыстар прокуратураларының және оларға теңестірілген (астананың және республикалық маңызы бар қалалардың) прокуратуралардың, аудандық және оларға теңестірілген (қалалық, ауданаралық, сондай-ақ мамандандырылған) прокуратуралардың құрылымдық бөлімшелерінің, сондай-ақ прокуратура органдарының жүйесіне кіретін мемлекеттік мекемелер мен өзге де ведомстволық бағынысты ұйымдардың құрылымдары мен штаттарын;

Бас әскери прокуратураның және Бас көлік прокуратурасының, облыстар прокуратураларының және оларға теңестірілген (астана және республикалық маңызы бар қалалар) прокуратураларының жанынан құрылатын үйлестіру кеңестері туралы ережелерді;"

69. "Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан Қазақстан Республикасында цифрландыруды енгізу мәселелері жөніндегі комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 10 қаңтардағы № 621 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасында цифрландыруды енгізу мәселелері жөніндегі комиссия туралы ережеде:

9-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) өзіне жүктелген міндеттерді орындауға қажетті ақпаратты, құжаттар мен материалдарды орталық және облыстардың (астананың, республикалық маңызы бар қалалардың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарынан сұратады және алады;"

70. "Ұлттық валюта – Қазақстан теңгесі банкноттары мен монеталары дизайнының тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 12 желтоқсандағы № 804 Жарлығында:

тақырыбында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

1-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Ұлттық валюта – Қазақстан теңгесі банкноттары мен монеталары дизайнының тұжырымдамада:

тақырыбында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

1-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

2-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

3-тармақтың 1) тармақшасында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

71. "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 22 шілдедегі № 74 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі туралы ережеде:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Агенттіктің астанада, облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда аумақтық органдары болады.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Агенттікке кәсіпкерлік субъектілерімен Агенттіктің өкілеттіліктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Агенттікке заңдармен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.";

15-тармақтың 44-15) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"44-15) мемлекеттік басқару жүйесін дамыту саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп астана, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар әкімдерінің орынбасарлары мен аппарат басшылары үшін міндеттер (функционалдық қызмет бағыттары) бөлінісін әзірлеу және бекіту;"

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Астанадағы, облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы Әдеп жөніндегі кеңестер Агенттіктің алқалы органдары болып табылады, олар туралы ережені Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді."

72. "Президенттік жастар кадр резервінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 27 тамыздағы № 141 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Жастар кадр резерві жөніндегі ұлттық комиссия туралы ережеде:

3-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) іріктеу жүргізілмей, астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың өңірлік кадр резервтеріне (бұдан әрі – өңірлік резервтер) алынуға жататын кандидаттарды айқындау болып табылады.";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Президенттік жастар кадр резервін қалыптастыру қағидаларында:

13-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) іріктеу жүргізілмей, астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың өңірлік кадр резервтеріне алынуға жататын кандидаттардың тізімін бекітеді.

Қажет болған жағдайда Ұлттық комиссия кандидаттармен әңгімелесу өткізеді.

Іріктеу жүргізілмей, астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың өңірлік кадр резервтеріне алынуға жататын кандидаттардың тізіміне Сарапшылық комиссия ұсынған кандидаттарды Ұлттық комиссияның отырысында қарау сатысында іріктеуге қатысқан, бірақ Резервке енгізілмеген кандидаттар енгізіледі."

73. "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 18 қыркүйектегі № 163 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Сыртқы барлау қызметі туралы ережеде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Сыртқы барлау қызметі (бұдан әрі – Қызмет) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің (бұдан әрі – ҰҚК) Қазақстан Республикасының Президентін, Құрылтайын және Үкіметін,

мемлекеттік органдары мен мемлекеттік ұйымдарын саяси, қаржылық-экономикалық, әскери-саяси, ғылыми-техникалық, гуманитарлық, экологиялық және Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін қозғайтын өзге де салаларда шешімдер қабылдау үшін барлау ақпаратымен қамтамасыз ету мақсатында барлау қызметін жүзеге асыратын және үйлестіретін ведомствосы болып табылады.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Қызметке кәсіпкерлік субъектілерімен Қызметтің өкілеттіктері болып табылатын міндеттемелерді орындау тұрғысынан шарттық қатынастар жасауға тыйым салынады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында Қызметке кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кіріс мемлекеттік бюджетке жіберіледі.";

13-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасының Президентін, Құрылтайын және Үкіметін, мемлекеттік органдары мен мемлекеттік ұйымдарын саяси, қаржылық-экономикалық, әскери-саяси, ғылыми-техникалық, гуманитарлық, экологиялық және Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін қозғайтын өзге де салаларда шешімдер қабылдау үшін қажетті барлау ақпаратымен және талдамалық бағалаумен қамтамасыз ету;"

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) Шет мемлекеттердің арнаулы қызметтері, өзге де шетелдік ұйымдар, террористік және экстремистік ұйымдар, қылмыстық топтар мен жекелеген адамдар тарапынан барлау ақпаратын алу және ұлттық мүдделер мен ұлттық қауіпсіздікке, конституциялық құрылыс негіздеріне, Егемендік пен Тәуелсіздікке, Қазақстан Республикасының аумақтық тұтастығына және ұлттық қауіпсіздікке нақты және әлеуетті нұқсан келтіруге жол бермеуге бағытталған шараларды іске асыру;"

15-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасының Президентіне, Құрылтайына, Үкіметіне, мемлекеттік органдары мен мемлекеттік ұйымдарына барлау ақпаратын ұсыну;"

74. Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 11 қарашадағы № 203 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі туралы ережеде:

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Агенттікке кәсіпкерлік субъектілерімен Агенттік өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Агенттікке заңдармен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кірістер, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі";

14-тармақта:

3) тармақшаның бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының, банк холдингтерінің, сақтандыру холдингтерінің басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру не келісім беруден бас тарту, келісімді кері қайтарып алу, сондай-ақ:";

102) тармақшаның бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"102) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының тарату комиссияларының қызметін бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ мыналарды";

18-тармақтың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) Қазақстан Республикасының заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің актілері, Агенттіктің нормативтік құқықтық актілері, Агенттік Басқармасының қаулылары негізінде және (немесе) оларды орындау үшін Агенттік қызметінің мәселелері бойынша бұйрықтар мен өкімдер шығарады, Агенттік Басқармасының қаулыларына қол қояды;".

75. "Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылығы жөніндегі кеңес туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 18 желтоқсандағы № 220 Жарлығында:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Конституциясы 46-бабының 21) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мәселелері бойынша ведомствоаралық үйлестіруді қамтамасыз ету мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**".

76. "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 13 наурыздағы № 282 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Авиация қызметі туралы ережеде:

12-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер Авиация қызметіне Қазақстан Республикасының заңдарымен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кіріс мемлекеттік бюджетке жіберледі.";

77. "Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 5 қазандағы № 427 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі туралы ережеде:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Агенттіктің ведомствосы бар: Ұлттық статистика бюросы және оның астанадағы, облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы аумақтық бөлімшелері.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Агенттікке кәсіпкерлік субъектілерімен Агенттіктің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Агенттікке Қазақстан Республикасының заңдарымен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.";

14-тармақта:

1) тармақшада:

тоғызыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жариялауға қойылатын талаптарды сақтай отырып, бастапқы, әкімшілік және дербес деректерді қоса алғанда, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың дерекқорларына қолжетімділік алу;"

жиырма тоғызыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.";

15-тармақта:

1-2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1-2) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бекітетін Қазақстан Республикасының Ұлттық даму жоспарын, мемлекеттік органдардың, астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың даму жоспарларын әзірлеу, іске асыру, мониторинг жүргізу және түзету әдістемесін келісу;"

14-6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"14-6) астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарымен келісу бойынша жыл сайынғы негізде ағымдағы және болашақ кезеңдерде кәсіптердің өзектілігін ескере отырып, еңбек нарығының кәсіптік біліктілікті танудағы қажеттілігін кәсіптік біліктілікті тану саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен қалыптастыру;"

16) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"16) Қазақстан Республикасы Президентінің жолдауларын іске асыру мақсатында қабылданатын жалпыұлттық іс-шаралар жоспарларын әзірлеуге және мониторингтеуге қатысу;"

53) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"53) Қазақстан Республикасы Құрылтайы комитеттерінің, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі бөлімдерінің, Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының және өзге де мемлекеттік органдардың сұрау салуы бойынша ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде көзделмеген статистикалық ақпаратты ұсыну;"

78. "Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 5 қазандағы № 428 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі туралы ережеде:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Агенттіктің астанада, облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда аумақтық бөлімшелері болады.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Агенттікке кәсіпкерлік субъектілерімен Агенттіктің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Агенттікке Қазақстан Республикасының заңдарымен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.";

14-тармақтың 1) тармақшасында:

жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын мәліметтерді жариялауға қойылатын талаптарды сақтай отырып, мемлекеттік органдардан, өзге ұйымдардың лауазымды адамдары мен жеке тұлғалардан Агенттікке жүктелген функцияларды жүзеге асыруға қажетті ақпаратты сұрату және алу;"

он екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.";

15-тармақтың 23) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"23) банктік құпияны, сақтандыру құпиясын және бағалы қағаздар нарығындағы коммерциялық құпияны қоспағанда, мемлекеттік органдардан, оның ішінде мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органнан, мемлекеттік кірістер органдарынан, нарық субъектілерінен, сондай-ақ лауазымды адамдардан және өзге де жеке және заңды тұлғалардан Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген

өкілеттіктерді жүзеге асыруға қажетті ақпаратты, оның ішінде коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сұрату және алу;"

79. "Жекелеген мемлекеттік саяси лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы № 485 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Жекелеген мемлекеттік саяси лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Жекелеген мемлекеттік саяси лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптары (бұдан әрі – біліктілік талаптары) "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппараты Басшысының бірінші орынбасары, Үкіметтің Қазақстан Республикасының Құрылтайындағы өкілі, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты Басшысының орынбасарлары, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар (Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігін, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігін, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарды қоспағанда) басшыларының бірінші орынбасарлары мен орынбасарлары, Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайтын министрлердің бірінші орынбасарлары мен орынбасарлары, астана, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар әкімдерінің бірінші орынбасарлары, орынбасарлары және аппараттарының басшылары, сондай-ақ облыстардың әкімшілік орталығы болып табылатын қалалардың, облыстық маңызы бар қалалардың, облыстар аудандарының және қалалардағы аудандардың әкімдері мемлекеттік саяси лауазымдарына (бұдан әрі – мемлекеттік саяси лауазымдар) орналасу үшін әзірленді және осы мемлекеттік саяси лауазымдарға орналасуға үміткер азаматтарға (бұдан әрі – кандидат) қойылады.";

3-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар әкімдерінің, сондай-ақ облыстардың әкімшілік орталығы болып табылатын қалалардың әкімдерінің бірінші орынбасарлары, орынбасарлары және аппараттарының басшыларын мемлекеттік саяси лауазымдарына орналасуға арналған білімі бойынша талаптар міндеттерді (қызметтің функционалдық бағыттарын) бөлумен айқындалады.";

6-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппараты Басшысының бірінші орынбасары, Үкіметтің Қазақстан Республикасының Құрылтайындағы өкілі, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты Басшысының орынбасарлары, Қазақстан

Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар (Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігін, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігін, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарды қоспағанда) басшыларының бірінші орынбасарлары мен орынбасарлары, Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайтын министрлердің бірінші орынбасарлары мен орынбасарлары мемлекеттік саяси лауазымдарына орналасу үшін:";

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) кемінде жеті жыл жұмыс өтілі, оның ішінде Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімінде айқындалған мемлекеттік саяси лауазымдарда не "А" корпусының лауазымдарында, не Қазақстан Республикасының Құрылтайы депутатының мәртебесінде кемінде бір жыл жұмыс өтілі болған жағдайда, тиісті жетекшілік ететін саладағы бағытта кемінде төрт жыл жұмыс өтілі;"

7-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Астана, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар әкімдерінің бірінші орынбасарлары, орынбасарлары және аппараттарының басшылары, сондай-ақ облыстардың әкімшілік орталығы болып табылатын қалалардың әкімдері мемлекеттік саяси лауазымдарына орналасу үшін:"

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) кемінде алты жыл жұмыс өтілі, оның ішінде Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімінде айқындалған мемлекеттік саяси лауазымдарда не "А" корпусының лауазымдарында, не Қазақстан Республикасының Құрылтайы депутатының мәртебесінде кемінде бір жыл жұмыс өтілі болған жағдайда, тиісті жетекшілік ететін бағыттағы салада кемінде үш жыл жұмыс өтілі;"

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) не кемінде алты жыл жұмыс өтілі, оның ішінде Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімінде айқындалған "Б" корпусының А-1, В-2, С-2, D-2, С-О-2, D-О-2 санаттарынан, не орталық мемлекеттік органдардың департамент басшыларының орынбасарларынан, не орталық мемлекеттік органдардың және олардың ведомстволарының астанадағы, облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы аумақтық органдары мен бөлімшелері басшыларының орынбасарларынан төмен емес басшы лауазымдарда, не астана, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар әкімдері аппараттарының құрылымдық бөлімшелері басшыларының лауазымдарында кемінде бір жыл жұмыс өтілі болған жағдайда, тиісті жетекшілік ететін бағытқа сәйкес келетін салада кемінде үш жыл жұмыс өтілі;"

8-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) кемінде бес жыл жұмыс өтілі, оның ішінде Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімінде айқындалған мемлекеттік саяси лауазымдарда не "А" корпусының лауазымдарында не Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаты мәртебесінде, тұрақты негізде жұмыс істейтін астана, облыс, республикалық маңызы бар қала, облыстың ауданы мәслихатының депутаты мәртебесінде кемінде алты ай болған жағдайда, мемлекеттік қызметте кемінде екі жыл жұмыс өтілі;" .

80. "Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 20 ақпандағы № 515 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі туралы ережеде:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Агенттіктің астанада, облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда аумақтық органдары және мамандандырылған мемлекеттік мекемесі, сондай-ақ қарамағындағы ұйымдары бар;" ;

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Агенттікке кәсіпкерлік субъектілерімен агенттіктің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Агенттікке заңдармен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі."

81. "Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 9 ақпандағы № 808 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген "Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесінде:

34-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"34. Мекеменің заңдарға сәйкес заңды және жеке тұлғалардан гранттар, демеушілік және қайырымдылық көмек түрінде қаражат алуға құқығы бар."

82. "Облыс аумағында орналасқан мәслихаттар немесе республикалық маңызы бар қалалар және астана мәслихаттары депутаттарының облыс, республикалық маңызы бар қала және астана әкімін лауазымға тағайындауға келісім беруі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 8 маусымдағы № 912 Жарлығында:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыс аумағында орналасқан мәслихаттар немесе астана және республикалық маңызы бар қалалар мәслихаттары депутаттарының астана, облыс және республикалық

маңызы бар қала әкімін лауазымға тағайындауға келісім беруі қағидаларын бекіту туралы";

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Конституциясының 89-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**"

;

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Облыс аумағында орналасқан мәслихаттар немесе республикалық маңызы бар қалалар және астана мәслихаттары депутаттарының облыс, республикалық маңызы бар қала және астана әкімін лауазымға тағайындауға келісім беруі қағидаларында:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыс аумағында орналасқан мәслихаттар немесе астана және республикалық маңызы бар қалалар мәслихаттары депутаттарының астана, облыс және республикалық маңызы бар қала әкімін лауазымға тағайындауға келісім беруі қағидалары";

1, 2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Облыс аумағында орналасқан мәслихаттар немесе астана және республикалық маңызы бар қалалар мәслихаттары депутаттарының астана, облыс және республикалық маңызы бар қала әкімін лауазымға тағайындауға келісім беруі қағидалары Қазақстан Республикасы Конституциясының 89-бабын іске асыру үшін әзірленді және облыс аумағында орналасқан мәслихаттар немесе астана және республикалық маңызы бар қалалар мәслихаттары депутаттарының астана, облыс және республикалық маңызы бар қала әкіміне кандидатты лауазымға тағайындауға келісім беру тәртібін айқындайды.

2. Астана, облыс және республикалық маңызы бар қала әкімі лауазымына тағайындауға келісім облыс аумағында орналасқан мәслихаттар немесе астана және республикалық маңызы бар қалалар мәслихаттары депутаттарының жиналысында беріледі.

3. Қазақстан Республикасының Президенті ұсыну негізінде астана, облыс және республикалық маңызы бар қала әкімі лауазымына кемінде екі кандидат ұсынады.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы негізінде астана, облыс және республикалық маңызы бар қала мәслихатының төрағасына астана, облыс және республикалық маңызы бар қала әкімін тағайындауға келісім беру үшін облыс аумағында орналасқан мәслихаттар немесе астана және республикалық маңызы бар қалалар мәслихаттары депутаттарының жиналысын (бұдан әрі – жиналыс) өткізу қажеттігі туралы хабарлама жібереді.";

7-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) астана, облыс және республикалық маңызы бар қала мәслихаты төрағасының қысқаша кіріспе сөзі;"

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының, не Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, не Қазақстан Республикасының Президенті уәкілеттік берген өзге де лауазымды адамның Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуын жария етуі және астана, облыс және республикалық маңызы бар қала әкімінің лауазымына кандидатураларды ұсыну;"

9 және 10-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Облыс аумағында орналасқан мәслихаттар депутаттарының жиналысына облыс және тиісті облыстың аудандары (облыстық маңызы бар қалалар) мәслихаттарының депутаттары қатысады. Жиналысты облыс мәслихатының төрағасы басқарады.

Астана және республикалық маңызы бар қала мәслихаты депутаттарының жиналысына тиісті мәслихаттардың депутаттары қатысады. Жиналысты тиісті мәслихаттың төрағасы басқарады.

Егер жиналысқа облыс аумағында орналасқан мәслихаттар немесе астана және республикалық маңызы бар қала мәслихаты депутаттарының жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, оның құқықтық күші болады. Әрбір жиналыстың алдында қатысатын депутаттарды тіркеу жүргізіледі, оның нәтижелерін мәслихат төрағасы отырыс басталар алдында жариялайды.

10. Жиналысты астана, облыс және республикалық маңызы бар қала мәслихатының аппараты ұйымдастырады және техникалық мүмкіндіктер ескеріле отырып, интернет-ресурстарда онлайн-трансляция ұйымдастырылып, өткізіледі.";

11-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана, облыс және республикалық маңызы бар қала әкімі лауазымына кандидатты келісу үшін қатысып отырған депутаттардың жалпы санының көпшілігінің шешімі бойынша ашық не жасырын дауыс беру өткізіледі.";

13-тармақта:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Дауыс беруді өткізу үшін депутаттардың қажетті саны болмаған кезде, астана, облыс және республикалық маңызы бар қала мәслихатының төрағасы кворумды қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдайды.";

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Барлық мәселелер бойынша дауыс беру нәтижелерін астана, облыс және республикалық маңызы бар қала мәслихатының төрағасы дауыс беруге қатысқандардың, "жақтап", "қарсы" дауыс бергендердің санын және дауыс беру қорытындысын көрсете отырып, жариялайды. Деректер депутаттар жиналысының хаттамасына енгізіледі.";

15-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жасырын дауыс беру үшін құпиялылықты сақтау бойынша талаптар ұстана отырып, арнайы бөлінген орынға астана, облыс және республикалық маңызы бар қала мәслихатының мөрі басылған жәшік орнатылады.";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Санақ комиссиясы дауыс беру нәтижелері бойынша хаттама жасайды, оған санақ комиссиясының барлық мүшелері қол қояды және ол астана, облыс және республикалық маңызы бар қала мәслихатының төрағасына беріледі.";

17-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қайта дауыс беру осы Қағидаларда көзделген тәртіппен астана, облыс және республикалық маңызы бар қала мәслихатының төрағасы айқындаған мерзімдерде өткізіледі.";

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Жиналыс астана, облыс және республикалық маңызы бар қала мәслихатының төрағасы дауыс беру нәтижелерін жариялағаннан кейін жабылады. Астана, облыс және республикалық маңызы бар қала мәслихатының төрағасы және санақ комиссиясының төрағасы қол қойған жиналыстың хаттамасы жиналыстың өткізілуін куәландыратын құжат болып табылады, ол бір күн ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жіберіледі.".

83. "Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы № 5 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы туралы ережеде:

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Жоғары аудиторлық палатаның кәсіпкерлік субъектілерімен Жоғары аудиторлық палатаның өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынасқа түсуіне тыйым салынады.

Егер Жоғары аудиторлық палатаға Қазақстан Республикасының заңдарымен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.";

13-тармақта:

1) тармақшаның жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу бойынша астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың мәслихаттарына тексеру комиссиясының төрағасын тағайындауға (босатуға) ұсыну енгізу;"

2) тармақшаның үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"тоқсан сайын Қазақстан Республикасының Президентіне және Құрылтайына Жоғары аудиторлық палатаның жұмысы туралы ақпарат,

сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары жұмысының көрсеткіштері туралы жыл сайынғы ақпарат, Қазақстан Республикасының Құрылтайына – өзінің мазмұны бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті есебіне қорытынды болып табылатын, есепті қаржы жылындағы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жыл сайынғы есеп ұсыну;"

14-тармақтың 6) тармақшасының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"мемлекеттік аудиттің қорытындылары бойынша қабылданатын құжаттардың нысандарын, Жоғары аудиторлық палата мен астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың тексеру комиссияларының (бұдан әрі – тексеру комиссиялары) тиісті құжаттарда пайдаланылатын логотиптерін де қамтитын сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларын;"

17-тармақтың 13) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"13) Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Құрылтайының, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі басқармасының және Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдары алқаларының отырыстарына, Қазақстан Республикасы Құрылтайының тұрақты комитеттерінің кез келген, ашық, сондай-ақ жабық отырыстарына қатысуға және сөз сөйлеуге құқылы;"

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Қазақстан Республикасының Құрылтайы Жоғары аудиторлық палата Төрағасының есебін жылына екі рет тыңдайды.";

20-тармақтың 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"10) Қазақстан Республикасы Құрылтайының тұрақты комитеттерінің кез келген, ашық, сондай-ақ жабық отырыстарына қатысуға және сөз сөйлеуге құқылы;"

84. "Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары, азаматтық қорғау органдары және мемлекеттік фельдъегерлік қызметі қызметкерлерінің әдеп кодексін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 2 қаңтардағы № 81 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары, азаматтық қорғау органдары және мемлекеттік фельдъегерлік қызметі қызметкерлерінің әдеп кодексінде:

2-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Кодекс құқық қорғау қызметінің беделін, Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекетке деген сенімін нығайтуға, құқық қорғау қызметінде өзара қарым-қатынастардың жоғары мәдениетін және парасаттылық атмосферасын қалыптастыруға, қызметкерлердің мінез-құлқының бірыңғай адамгершілік-моральдық негізін қамтамасыз етуге, қызметкерлердің өз лауазымдық міндеттерін орындауының тиімділігін арттыруға ықпал етуге арналған, сондай-ақ қызметкерлердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған.";

7-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі этносаралық және конфессияаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге;"

8-тармақтың 13) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"13) моральдық-психологиялық төзімді, ұстамды болуға, субординацияны сақтауға, әріптестерімен ізеттілік қарым-қатынаста болуға, жеке тұлғалармен қарым-қатынаста сыпайылық пен зейінділік танытуға;"

85. "Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 19 қаңтардағы № 106 Жарлығында :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Астанадағы, облыстардағы және республикалық маңызы бар қалалардағы аумақтық бөлімшелердің – мемлекеттік мекемелердің (соттар әкімшілерінің) атауы осы Жарлыққа 1-қосымшаға сәйкес өзгертілсін.";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Сот әкімшілігі туралы ережеде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының Сот әкімшілігі (бұдан әрі – Сот әкімшілігі) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, астанада, облыстарда және республикалық маңызы бар қалаларда аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – департаменттер) бар жергілікті және басқа да соттардың қызметін ұйымдастырушылық-құқықтық, ақпараттық-талдамалық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын сот әкімшілігі саласындағы Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы болып табылады.";

13-тармақтың 1) тармақшасының оныншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"астанадағы, облыстардағы және республикалық маңызы бар қалалардағы аумақтық бөлімшелерде тексеру жүргізу;"

14-тармақтың отыз екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"соттардың инфрақұрылымын дамыту, соттардың, Сот әкімшілігінің және астанадағы, облыстардағы және республикалық маңызы бар қалалардағы аумақтық бөлімшелердің ғимараттары мен үй-жайларының құрылысын, оларды жөндеуді және техникалық жарақтандыруды ұйымдастыру;"

86. "Қазақстан Республикасының Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмыскерлікке қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесі туралы ережені бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 30 мамырдағы № 238 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмыскерлікке қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесі туралы ережеде:

1-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Үйлестіру кеңесі Бас прокуратураның, бас әскери және көлік прокуратураларының, облыстар прокуратураларының және оларға теңестірілген (астана және республикалық маңызы бар қалалар) прокуратуралардың жанында құрылатын консультативтік-кеңесші орган болып табылады.";

3-тармақтың 4) және 5) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"4) қылмыскерлікке және басқа да құқық бұзушылықтарға қарсы күреске бағытталған заңнаманы қолданудың бірыңғай практикасын қалыптастыру. Заңдылықпен құқықтық тәртіпті нығайтуға бағытталған заңнаманы жетілдіру туралы ұсыныстарды тұжырымдау және Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан Республикасының Құрылтайына және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізу;

5) тексеру жүргізу және құқық бұзушылықтар мен қылмыскерлікке қарсы іс-қимылды ұйымдастыруда жергілікті мемлекеттік органдарға практикалық көмек көрсету үшін өңірлеріне бірлесіп сапар жасау;"

8-тармақтың жетінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Хатшылыққа бас әскери және көлік прокуратураларының, облыстар прокуратураларының және оларға теңестірілген (астана және республикалық маңызы бар қалалар) прокуратуралардың жанындағы үйлестіру кеңестерінің қызметін бақылау жүктеледі.";

13-тармақтың бірінші және екінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Осы Ереже бас әскери және көлік прокуратураларының, облыстар прокуратураларының және оларға теңестірілген (астана және республикалық маңызы бар қалалар) прокуратуралардың жанындағы тұрақты жұмыс істейтін үйлестіру кеңестері туралы ережелерді дайындау кезінде үлгілік құжат болып табылады.

Облыстар прокуратураларының және оларға теңестірілген (астана және республикалық маңызы бар қалалар) прокуратуралардың жанындағы үйлестіру кеңестерінің отырыстарына оларға қатысты мәселелерді қарау кезінде өңірлердің және гарнизондардың әскери прокурорларын, сондай-ақ өңірлік көлік прокурорларын тартуға жол беріледі."

87. "Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың өңірлік кадр резервін қалыптастыру және одан тағайындау қағидаларын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Кадр саясаты жөніндегі ұлттық комиссия және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың кадр комиссиялары туралы" 2013 жылғы 7 наурыздағы №

520 және "Президенттік жастар кадр резервінің кейбір мәселелері туралы" 2019 жылғы 27 тамыздағы № 141 жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 15 маусымдағы № 255 Жарлығында:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың өңірлік кадр резервін қалыптастыру және одан тағайындау қағидаларын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Кадр саясаты жөніндегі ұлттық комиссия және астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың кадр комиссиялары туралы" 2013 жылғы 7 наурыздағы № 520 және "Президенттік жастар кадр резервінің кейбір мәселелері туралы" 2019 жылғы 27 тамыздағы № 141 жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың өңірлік кадр резервін қалыптастыру және одан тағайындау қағидалары бекітілсін.";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың өңірлік кадр резервін қалыптастыру және одан тағайындау қағидаларында:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың өңірлік кадр резервін қалыптастыру және одан тағайындау қағидалары";

1, 2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың өңірлік кадр резервін қалыптастыру және одан тағайындау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 3-2-тармағына сәйкес әзірленді және астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың өңірлік кадр резервін (бұдан әрі – өңірлік резерв) қалыптастырудың және одан тағайындаудың тәртібін айқындайды.

2. Іріктеуді Астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың кадр комиссиясы (бұдан әрі – комиссия) жүзеге асырады.

Өңірлік резерв астанада, әрбір облыста және республикалық маңызы бар қалада қалыптастырылады.

3. Әрбір нақты іріктеу үшін астанадағы, облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды және мемлекеттік басқару жүйесін дамыту басымдықтарын ескере отырып, іріктеу кезеңдерін өткізу мерзімдерін, өңірлік резервке алынатын кандидаттардың санын, салалық бағыттарды комиссия мемлекеттік қызмет саласындағы уәкілетті органмен (бұдан әрі – уәкілетті орган) келісім бойынша айқындайды.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Өңірлік резервке іріктеуді жүргізу туралы хабарландыру уәкілетті органның, оның аумақтық бөлімшелерінің, астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың әкімдері аппараттарының интернет-ресурстарында, сондай-ақ астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың бұқаралық ақпарат құралдарында, интернет-ресурстарда және әлеуметтік желілерде өңірлік резервке іріктеуге қатысуға кандидаттардың құжаттарын қабылдау басталардан 15 бес жұмыс күні бұрын жарияланады.

Хабарландыру өңірлік резервке іріктеу тәртібі, құжаттарды қабылдау мерзімдері туралы ақпаратты қамтиды.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Астананың бюджетінен, облыстық бюджеттен, республикалық маңызы бар қаланың бюджеттерінен қаржыландырылатын астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың атқарушы органы басшысының бос лауазымына конкурстық іріктеу өткізілместен, өңірлік резервтен тағайындау үшін осы мемлекеттік лауазымға азаматтарды тағайындау құқығы бар лауазымды адам (орган) не ол уәкілеттік берген адам уәкілеті органға өңірлік резервке алынған адамның өтінішін және қызметтік тізімін қоса бере отырып, ұсыну енгізеді."

88. "Ел экономикасына инвестициялар тарту жөніндегі жұмыстың тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 4 желтоқсандағы № 404 Жарлығында:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Конституциясының 46-бабының 22) тармақшасына сәйкес отандық және шетелдік инвесторлар іске асыратын инвестициялық жобаларды тиімді және пәрменді түрде қолдау жөніндегі қызметті үйлестіру мен бақылау деңгейін арттыру есебінен оларды іске асыру арқылы экономикалық өсудің жоғары қарқынын және ұлттық экономиканы нақты эртарлапандыруды қамтамасыз ету мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**";

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасы Конституциясының 60-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайтын заң күші бар уақытша нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу;"

89. "Қазақстан Республикасы Атом энергиясы жөніндегі агенттігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 28 сәуірдегі № 861 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі туралы ережеде:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Агенттік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне және өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Агенттіктің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан Агенттікке кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қарым-қатынастарға түсуіне тыйым салынады.

"Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, Агенттікке Қазақстан Республикасының заңдарымен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кірістер мемлекеттік бюджетке жіберіледі.";

14-тармақта:

1) тармақшада:

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"мемлекеттік органдардан, өзге де ұйымдардың лауазымды адамдарынан және жеке тұлғалардан Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып, Агенттікке жүктелген функцияларды жүзеге асыруға қажетті ақпаратты сұрату және алу;"

он үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде, Қазақстан Республикасының өзге де заңға тәуелді актілерінде көзделген өзге де құқықтарды пайдалану;"

2) тармақшаның алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде, Қазақстан Республикасының өзге де заңға тәуелді актілерінде көзделген өзге де міндеттерді орындау.";

15-тармақтың 186) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"186) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде, өзге де заңға тәуелді актілерде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.".

90. "Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген қаражаттың жұмсалуды мониторингтеу жөніндегі комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 19 мамырдағы № 879 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген қаражаттың жұмсалуды мониторингтеу жөніндегі комиссияның ережесі және жұмыс тәртібінде:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін, сондай-ақ осы Ережені және жұмыс тәртібін басшылыққа алады.";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген қаражаттың жұмсалуды мониторингтеу жөніндегі комиссияның құрамында:

"Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы (келісім бойынша)" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Құрылтайының Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы (келісім бойынша)";

"Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы (келісім бойынша)" деген жол алып тасталсын.

91. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 19 мамырдағы № 880 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларда (бұдан әрі – Өзгерістер мен толықтырулар):

2-тармақта:

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Республикалық және астана, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар бюджеттерінің жобаларына олардың шығыстарының негізгі бағыттары бойынша алдын ала бағалау жүргізу қағидаларын бекіту туралы";";

оныншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Астана, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар бюджеттерінің жобаларына олардың шығыстарының негізгі бағыттары бойынша алдын ала бағалау жүргізу қағидалары бекітілсін.;"

қырық бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларға қосымшаға сәйкес Астана, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар бюджеттерінің жобаларына олардың шығыстарының негізгі бағыттары бойынша алдын ала бағалау жүргізу қағидаларымен толықтырылсын.";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерінің жобаларына олардың шығыстарының негізгі бағыттары бойынша алдын ала бағалау жүргізу қағидаларында:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар бюджеттерінің жобаларына олардың шығыстарының негізгі бағыттары бойынша алдын ала бағалау жүргізу қағидалары";

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Астана, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар бюджеттерінің жобаларына олардың шығыстарының негізгі бағыттары бойынша алдын ала бағалау жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне және "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың тексеру комиссиясының (бұдан әрі – тексеру комиссиясы) астана, облыс, республикалық маңызы бар қала бюджетінің жобасын оның шығыстарының негізгі бағыттары бойынша алдын ала бағалау (бұдан әрі – бюджет жобасын бағалау) жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Бюджет жобасын бағалау жоспарлы кезеңге арналған астана, облыс, республикалық маңызы бар қала бюджеті жобасы (бұдан әрі – бюджет жобасы) көрсеткіштерінің негізділігіне, бюджет жобасын әзірлеу үшін нормативтік құқықтық және әдістемелік базаның бар-жоғы мен жеткілікті болуына талдау жүргізуді, сондай-ақ тексеру комиссиясы әзірлеген ұсынымдары бар бюджет жобасын бағалау нәтижелерін (бұдан әрі – бағалау бойынша қорытынды) жасауды және астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органына және тиісті мәслихатқа ұсынуды көздейді.";

7-тармақта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың орта мерзімді кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы;"

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"12) астананы, облысты, республикалық маңызы бар қаланы дамыту жоспарларының жобаларын (астананы, облысты, республикалық маңызы бар қаланы дамыту жоспарларына өзгерістер мен толықтыруларды) және бюджеттік бағдарламалардың жобаларын қарау нәтижелері бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның қорытындысы;"

9-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органына және тиісті мәслихатқа бағалау бойынша негізделген және дәйекті қорытындыны уақтылы ұсынуды;"

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Бюджет жобасын бағалау жоспарланатын шығыстардың астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтарына; шығыстардың, соның ішінде жоғары тұрған бюджеттен жалпы сипаттағы трансферттер

түрінде берілетін қаржыландыру көлемі ескеріле отырып қалыптастырылатын шығыстардың басым бағыттарына; Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын бағалау нәтижелеріне; жергілікті атқарушы органдардың есепті қаржы жылы астана, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар бюджеттерінің атқарылуы туралы есебіне тексеру комиссиялары берген тұжырымдар мен ұсынымдарға сәйкестігі тұрғысынан жүргізіледі.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Тексеру комиссиясы әлеуметтік-экономикалық дамудың кешенді жоспарлары мен астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың даму жоспарлары көрсеткіштерінің экономикалық және бюджеттік жоспарлау көрсеткіштерімен өзара байланысын, қол жеткізілген нәтижелердің Қазақстан Республикасы Президентінің жолдауларының ережелеріне және Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына сәйкестігін қамтамасыз етуді:

1) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары жүргізген мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау нәтижелері;

2) мемлекеттік жоспарлау және бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың ақпараты бойынша жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есептер, астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың даму жоспарларын бағалау негізінде бағалайды.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган заңнамада белгіленген мерзімде астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың әлеуметтік-экономикалық даму болжамының жобасын тексеру комиссиясына бір мезгілде ұсына отырып, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне жібереді.";

15-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің жоспарлы кезеңге арналған шығыстарын астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың бюджет комиссиясының (бұдан әрі – бюджет комиссиясы) мүшелеріне жіберу кезінде оны бюджет комиссиясының қарауының жоспар-кестесін (бұдан әрі – кесте);";

18-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Қазақстан Республикасы Президентінің және (немесе) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, астана, облыс, республикалық маңызы бар қала әкімінің аса маңызды және жедел іске асыруды талап ететін міндеттерді іске асыруға бағытталған тапсырмаларын жолдайды.";

20-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Тексеру комиссиясы бюджет жобасына бағалау жүргізу кезінде бюджет жобасы шығыстарының жалпыұлттық басымдықтарға, жергілікті бюджет шығыстарының басым бағыттарына, ең төмен стандарттарға, елді мекендер үшін өңірлік стандарттар жүйесіне, астананың, облыстың, республикалық маңызы бар

қаланың даму жоспарларын бағалау нәтижелеріне, тексеру комиссиясының есепті қаржы жылындағы жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есебіне берген тұжырымдары мен ұсынымдарына сәйкестігіне назар аударады.";

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Астана, облыс, республикалық маңызы бар қала бюджетінің жобасын алдын ала бағалау нәтижелері жергілікті бюджет жобасы тексеру комиссиясына енгізілген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органына және тиісті мәслихатқа ұсынылады.";

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган тексеру комиссиясына астана, облыс, республикалық маңызы бар қала бюджеті бекітілгеннен кейін отыз жұмыс күні ішінде астана, облыс, республикалық маңызы бар қала бюджетінің жобасын бағалау бойынша қорытындыда көрсетілген ұсынымдарды орындау жөнінде қабылданған шаралар туралы ақпарат жібереді.".

92. "Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңестің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 4 шілдедегі № 932 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңестің құрамында (лауазым бойынша):

"Қазақстан Республикасының Президенті, төраға

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің төрағасы (келісім бойынша)
Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының төрағасы

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі" деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Президенті, төраға

Қазақстан Республикасының Вице-Президенті

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Құрылтайының Төрағасы (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының төрағасы

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңес туралы ережеде:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін, осы Ережені және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады."

93. "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 14 шілдедегі № 944 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметі туралы ережеде:

12-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер Қызметке Қазақстан Республикасының заңдарымен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, аталған қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджетке жіберіледі."

94. "Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдары мен азаматтық қорғау органдарының ротацияға жататын басшылық лауазымдарының тізбесін және оларды ауыстыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 31 қазандағы № 1070 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдары мен азаматтық қорғау органдарының ротацияға жататын басшылық лауазымдарының тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы" деген бөлімде:

реттік нөмірлері 17, 18 және 19-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Облыстың прокуроры және оған теңестірілген (астананың және республикалық маңызы бар қалалардың) прокурор;

18. Облыс прокурорының және оған теңестірілген (астананың және республикалық маңызы бар қалалардың) прокурордың бірінші орынбасары;

19. Облыс прокурорының және оған теңестірілген (астананың және республикалық маңызы бар қалалардың) прокурордың орынбасары;"

"Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі" деген бөлімде:

реттік нөмірлері 5, 6, 7, 8, 9 және 10-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Астананың, облыстың және республикалық маңызы бар қаланың көліктегі полиция департаментінің бастығы;

6 Астананың, облыстың және республикалық маңызы бар қаланың көліктегі полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары;

7. Астананың, облыстың және республикалық маңызы бар қаланың көліктегі полиция департаменті бастығының орынбасары;

8. Астананың, облыстың және республикалық маңызы бар қаланың көліктегі полиция департаментінің қалалық, аудандық, желілік полиция басқармасының (бөлімінің) бастығы;

9. Астананың, облыстың және республикалық маңызы бар қаланың қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің бастығы;

10. Астананың, облыстың және республикалық маңызы бар қаланың қылмыстық-атқару жүйесі департаменті бастығының орынбасары;"

"Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі" деген бөлімде: реттік нөмірлері 5, 6 және 7-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Астананың, облыстың және республикалық маңызы бар қаланың төтенше жағдайлар департаменті бастығының бірінші орынбасары;

6. Астананың, облыстың және республикалық маңызы бар қаланың төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары;

7. Астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың төтенше жағдайлар департаментінің қалалық, аудандық (қаладағы аудандық) төтенше жағдайлар басқармасының бастығы."

95. "Инвесторлардың құқықтарын қорғау және активтерді қайтару саласында мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 17 желтоқсандағы № 1125 Жарлығында:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Конституциясының 46-бабының 6) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 20-бабы 2-тармағының 1) және 3) тармақшаларына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Инвесторлардың құқықтарын қорғау комитеті туралы ережеде:

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Егер Комитетке Қазақстан Республикасының заңдарымен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджетке жіберіледі.";

14-тармақта:

1) тармақшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жүктелген функциялар мен міндеттер шегінде астанадағы, облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы инвестициялық прокурорлардың қызметін ұйымдастыру және үйлестіру;"

2) тармақшаның оныншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Комитет қызметкерлерінің және астанадағы, облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы инвестициялық прокурорлардың мінез-құлық әдебі нормаларын сақтауын қамтамасыз ету;"

15-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) астанадағы, облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы инвестициялық прокурорлардың қызметін ұйымдастыру;"

96. "Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарына автомобиль көлігімен қызмет көрсету тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 16 қаңтардағы № 2775 өкімінде:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарына автомобиль көлігімен қызмет көрсету тәртібі туралы";

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Құрылтайы және оның депутаттарының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 51-бабының 6-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарына автомобиль көлігімен қызмет көрсету тәртібі туралы ереже бекітілсін (қоса беріледі).";

жоғарыда аталған өкіммен бекітілген Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарына автомобиль көлігімен қызмет көрсету тәртібі туралы ереже осы Өзгерістер мен толықтыруға 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

97. "Қазақстан Республикасы Президентінің Арнаулы стипендиясын тағайындау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 12 қарашадағы № 4140 өкімінде:

жоғарыда аталған өкіммен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің Арнаулы стипендиясын тағайындау тәртібі туралы ережеде:

2-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Арнаулы стипендия оқудың барлық кезеңінде жоғары нәтижелерге жеткен, ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысатын, оқу орнының қоғамдық өміріне белсене атсалысатын Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының күндізгі бөлімдерінің соңғы курсында оқитын студенттерге тағайындалады."

98. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтауға ұсынудың және оларды тапсырудың тәртібі туралы нұсқаулықты, Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары құжаттарының үлгілерін және Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары белгілерінің сипаттамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 8 қарашадағы № 90 өкімінде:

жоғарыда аталған өкіммен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтауға ұсынудың және оларды тапсырудың тәртібі туралы нұсқаулықта:

2-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Өзге мемлекеттік наградалармен наградтау жөнінде Қазақстан Республикасының Президентіне Қазақстан Республикасының Құрылтайы, Үкіметі, министрліктер, агенттіктер, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдар, шығармашылық одақтар мен басқа да ұйымдар ұсыныстар береді.";

4-тармақтың сегізінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Награда қағазы (№ 2 нысан) ана мен балалардың жеке құжаттарының негізінде толтырылады, ал хабарсыз кеткен немесе "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" Заңның 28-бабында көрсетілген жағдайларда қаза тапқан балаларға тиісті органдардың анықтамалары немесе басқа да растайтын құжаттары ұсынылады. Егер көп балалы ананың баласы шет мемлекеттің азаматы болып табылса, награда қағазына оның құжаттарды жинау кезінде түсірілген 3x4 көлемді түрлі-түсті фотосуреті, ал ол 18 жасқа толған кезде шетел азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың толық түрлі-түсті көшірмесі де қоса беріледі.";

6-тармақта:

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың тексеру комиссияларының төрағаларына – Жоғары аудиторлық палатаның Төрағасы;"

бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"орталық мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін органдардың бірінші басшыларына, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері мен мәслихаттарының төрағаларына Қазақстан Республикасының Құрылтайы мен Үкіметі ұсынымдар енгізеді .";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерде тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарын, сондай-ақ шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарды наградтау туралы ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі не Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен келісу бойынша басқа да министрліктер, мемлекеттік комитеттер, өзге де орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар береді.";

12-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Президентінің тапсыруы бойынша мемлекеттік наградаларды сондай-ақ:

- Қазақстан Республикасының Вице-Президенті;

- облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері, министрлер, Қазақстан Республикасының елшілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті осыған уәкілеттік берген тапсыра алады."

99. "Қазақстан Республикасы Президентінің жанында Құқықтық саясат жөніндегі кеңес құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 19 ақпандағы № 303 өкімінде:

жоғарыда аталған өкіммен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Құқықтық саясат жөніндегі кеңестің құрамында:

"Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы (келісім бойынша)" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Құрылтайының Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы (келісім бойынша)";

"Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің төрағасы (келісім бойынша)" деген жол алып тасталсын;

жоғарыда аталған өкіммен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Құқықтық саясат жөніндегі кеңес туралы ережеде:

2-бөлімнің 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) заңнаманы жетілдіру, мемлекеттік органдардың заңдарды және өзге де нормативтік құқықтық актілерді орындауын бақылау жөнінде ұсыныстар әзірлеу және енгізу, неғұрлым маңызды заң жобаларының тұжырымдамасын айқындау;"

3-бөлімнің 2) тармақшасының үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"мемлекеттік органдардың заңдарды және өзге де нормативтік құқықтық актілерді орындауына бақылауды күшейту;"

100. "Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы сыйлықтарын беру, гранттарын тапсыру және Алғысын жариялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 наурыздағы № 190 өкімінде:

жоғарыда аталған өкіммен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы сыйлығы лауреатының дипломы мен төсбелгісінің, гранты иегері куәлігінің және Алғысының сипаттамаларында:

3-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Диплом мәтіні "Alina Pure 9005" (күрең қызыл) қағазынан әзірленген паспартумен жиектеледі, оның жоғарғы бөлігінің орта тұсында алтынмен зерленген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы орналасады. Диплом мәтіні мемлекеттік тілде қызыл-күрең бояумен цифрлық тәсілде төмендегідей редакцияда басылады:"

7-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Куәліктің мәтіні "Alina Pure 9006" (қаракөк) қағазынан әзірленген паспартумен жиектеледі, оның жоғарғы бөлігінің орта тұсында алтынмен зерленген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы орналасады. Куәліктің мәтіні мемлекеттік тілде қаракөк бояумен цифрлық тәсілде төмендегідей редакцияда басылады:";

10-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Алғыс мәтіні "Alina Pure 9004" (қою жасыл) қағазынан әзірленген паспартумен жиектеледі, оның жоғарғы бөлігінің орта тұсында алтынмен зерленген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы орналасады. Алғыс мәтіні мемлекеттік тілде қою жасыл бояумен цифрлық тәсілде төмендегідей редакцияда басылады:".

101. "Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі жанындағы Мемлекеттік органдардың арнайы мақсаттағы бөлімшелерінің үйлестіру кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 9 маусымдағы № 98 өкімінде:

жоғарыда аталған өкіммен бекітілген Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі жанындағы Мемлекеттік органдардың арнайы мақсаттағы бөлімшелері үйлестіру кеңесінің лауазымдық құрамында:

"Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі бастығының арнайы мақсаттағы бөлімшеге жетекшілік ететін орынбасары;" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі Бастығының арнайы мақсаттағы бөлімшеге жетекшілік ететін орынбасары;".

102. "Қазақстан Республикасының Президенті, оның Әкімшілігі және Қазақстан Республикасының Үкіметі жұмысының регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 29 шілдедегі № 155 өкімінде:

2-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) мыналардың:

Қазақстан Республикасы Құрылтайының отырыстарына – егер Қазақстан Республикасы Құрылтайының Регламентінде өзгеше көзделмесе, орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың бірінші басшыларының;

Қазақстан Республикасының Құрылтайы комитеттерінің отырыстарына – мемлекеттік органдардың бірінші басшылары орынбасарларының, қажет болған жағдайда – мемлекеттік органдардың қаралатын мәселелер құзыретіне жататын өзге де басшы лауазымды адамдарының;

Қазақстан Республикасы Құрылтайының жұмыс топтарына – орталық мемлекеттік органдардың құрылымдық бөлімшелері басшыларының, жергілікті атқарушы органдардың басқармалары басшыларының, қажет болған жағдайда – мемлекеттік органдардың қаралатын мәселелер құзыретіне жататын өзге де басшы лауазымды адамдарының қатысуын қамтамасыз етсін.";

жоғарыда аталған өкіммен бекітілген Қазақстан Республикасының Президенті, оның Әкімшілігі және Қазақстан Республикасының Үкіметі жұмысының регламентінде :

"сейсенбі" деген жолдың 3-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"- Президенттің Қазақстан Республикасы Құрылтайының спикерлері мен депутаттарын қабылдауы;

- Үкімет отырысы";

Қазақстан Республикасының Президенті, оның Әкімшілігі және Қазақстан Республикасының Үкіметі жұмысының регламентіне ескертпенің

1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Құрылтайдың отырыстары сәрсенбі күндері (оның жұмыс регламентіне сәйкес) өтеді;"

103. "Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің жанындағы Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 26 қаңтардағы № 277 өкімінде:

жоғарыда аталған өкіммен бекітілген Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің жанындағы Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобы туралы ережеде:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. ВАЖТ өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін және осы Ережені басшылыққа алады."

Қазақстан Республикасы Президентінің
кейбір актілеріне енгізілетін өзгерістер

мен толықтыруларға

1-ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2011 жылғы 2 мамырдағы

№ 67 Жарлығымен

БЕКІТІЛГЕН

Астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың тексеру комиссиялары штат санының лимиттері

Астана, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар	Штат санының лимиттері (оның ішінде тексеру комиссиясының төрағасы және төрт мүшесі)
Астана қаласы	38

Абай	31
Ақмола	45
Ақтөбе	39
Алматы	35
Атырау	30
Шығыс Қазақстан	35
Жамбыл	39
Жетісу	29
Батыс Қазақстан	31
Қарағанды	37
Қостанай	46
Қызылорда	33
Маңғыстау	22
Павлодар	35
Солтүстік Қазақстан	39
Түркістан	51
Ұлытау	22
Алматы қаласы	38
Шымкент қаласы	31
ЖИЫНЫ:	699

Қазақстан Республикасы
Президентінің кейбір актілеріне
енгізілетін өзгерістер мен
толықтыруларға
2-ҚОСЫМША
Қазақстан Республикасы
Президентінің
1996 жылғы 16 қаңтардағы
№ 2775 өкімімен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарына автомобиль көлігімен қызмет көрсету тәртібі туралы ЕРЕЖЕ

1. Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарына автомобиль көлігімен қызмет көрсетуді "Қазақстан Республикасы Парламенті Шаруашылық басқармасының Автошаруашылығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны жүзеге асырады.

2. Осы Ереженің 3-тармағында көрсетілген лауазымды адамдарды қоспағанда, Құрылтай депутаттарына кезекші жеңіл автомобильдермен және автобустармен қызмет көрсетіледі.

3. Құрылтайдың Төрағасы мен оның орынбасарларына, сондай-ақ тұрақты комитеттер төрағаларына дербес бекітілген автомашиналармен қызмет көрсетіледі.

4. Автомашиналар қызмет бабында жүріп-тұру үшін және Қазақстан Республикасы астанасының шегінде ғана беріледі.

5. Осы Ереженің 2-тармағында аталған Құрылтай депутаттарына айына 75 сағат мөлшерінде автокөлікті пайдалану лимиті белгіленеді.

6. Қызмет бабында жүріп-тұру үшін кезекші автомашиналар жұмыс күндері 8-ден 20 сағатқа дейін, ал 20 сағаттан кейін, оның ішінде демалыс күндері әуежайға (аэровокзалға), теміржол немесе автомобиль вокзалдарына (станцияларына) бару үшін ғана пайдаланылады.

7. Демалыс пен мереке күндері және қызмет бабынан тыс жүріп-тұру үшін автокөлік белгіленген тарифтер бойынша ақы төлеу арқылы бөлінеді.

8. Құрылтай Төрағасын, оның орынбасарлары мен тұрақты комитеттер төрағаларын қоспағанда, Құрылтай депутаттарын жұмыс және тұрғылықты орындарына жеткізу үшін жеңіл автомобильдер мен автобустар бөлінеді.

9. Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы автокөлік құралдарының санын, жеңіл автомобильдер мен автобустардың қозғалыс маршруттарын, автокөлікті пайдаланғаны үшін ақылы қызмет көрсету тарифтерін белгілейді және оның мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады.